

Ғаббас  
Төғжанұлы

# АБДАЙ

**Ғаббас Тоғжанұлы**



# **АБАЙ**

Алматы, 2020

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5 Каз.)

ISBN 978-601-7629-24-3

*Баспаға Сулейман Демирел университетінің  
ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Латын әріпінен қазақша кирилл әріпіне түсірген және  
компьютерде тергендер: Гүлнұр Ерғалиева, Томирис Арапбай,  
Ұлбану Кемелхан

Кітапты редакциялап алғы сөзін жазған және баспаға әзірлеген  
ф.ғ.к., доцент Жолдасбек Мәмбетов

**Т 50 Тоғжанұлы Ғ. Абай. Монография.** Кітап ғалымдарға,  
докторанттар мен магистранттарға арналған. – Алматы: Шабыт,  
2020. – 168 бет

Қазақтың жиырмасыншы ғасыр басындағы көрнекті  
сыншысы, ғалым Ғаббас Тоғжановтың 1935 жылы жарық көрген  
«Абай» атты монографиясы – ұлы ойшыл-ақын Абай Құнанбаев  
шығармашылығына арналған алғашқы толымды еңбек. Он  
бөлімнен тұратын монографиялық зерттеуде Абайдың ақындық  
өнеріне әр қырынан талдаулар жасалған. Бірақ кеңес дәуіріндегі  
саяси жағдайларға байланысты бұл монографияны оқуға тыйым  
салынған. Зерттеу еңбек тәуелсіздік алғанымызға отыз жылға  
таяу уақыт өтсе де әлі күнге шейін кирилл харпіне түсіріліп,  
қайта басылған емес. Абайдың 175 жылдық мерейтойына  
орай ғ.Тоғжановтың «Абай» монографиясы Сулеймен Демирел  
университеті ғылыми Кеңесінің қолдауымен қазіргі қолданыстағы  
әліпбиге көшіріліп жарыққа шығып отыр.

Кітап ғалымдарға, докторанттар мен магистранттарға арналған.

821.512.122.0 ӘОЖ

83.3(5 Каз.) КБЖ

ISBN 978-601-7629-24-3

© «Шабыт» баспасы, 2020

## **Алғы сез**

Адам тағдыры сияқты әр кітаптың да өз тағдыры болады екен. Сонау көк түріктер заманындағы тасқа қашалған тарихи дастандарымыз бен орта ғасырдағы әлем таныған ойшылдарымыздың да талай еңбектері араға бірнеше ғасырлар салып өз ұрпақтарымен табысқанына көп уақыт өте қойған жоқ. Ол түгілі алаш қайраткерлерінің рухани мұраларымен де қайта қауышқанымыз кеше ғана сияқты. Осының өзі әр шығарманың өз тағдыры болатынын растай түсетіндей.

Жиырмасыншы ғасыр басында өмір сүрген жалынды публицист, әдебиеттанушы ғалым Фаббас Тоғжанұлының «Абай» монографиясы да талай жылдар бойы мұрағаттардың терең түкпірінде жатты. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұйыған ұлттық дәстүрді бұзып коммунистер сзып берген жаңаша ойлау жүйесіне көшу, өткеннің бәрін мансұқ етіп, барлық ой қорытындысын тек тап тілегіне әкеп тіреу сол кездегі барша зиялды қауым үшін оңай болған жоқ. Ол тұста әркім өз пікірі үшін ғана емес, таразы басында өз өмірінің тұрғанын да бар жан-тәндерімен сезінгені айдан анық. Сондықтан да сол жанталас кезеңде бай ортадан шыққан Абай туралы жақсы пікір айтуда, оның шығармашылығына талдау жасаудың қындығын бүгінгі ұрпақ жете түсіне бермеуі мүмкін.

Фаббас Тоғжанұлының «Абай» монографиясы 1935 жылы жарыққа шықты. Бұл кезең қазақ әдебиетінің әр саласын пролетарлық сипатта өркендетудің жолдарын қарастырып, қым-қиғаш айтыс-тартыстың өрістеп тұрған тұсы болатын. Бұған дейін Абай Құнанбайұлы шығармашылығы туралы зерттеу-сын мақалалар жарық көргенімен, ұлы ақынның мұрасын монографиялық

денгейде зерттеген көлемді еңбек болмаған еді. F.Тоғжанов алғаш рет аталған монографиясында ұлы ақынның шығармаларын он тарауға бөліп қарастырган.

«Абайдың заманы» деген тарауда зерттеуші өзінің аталған еңбекті жазу барысындағы ұстанымын айқын анғартады. «Қандай ақынды болмасын тексергенде өскен ортасы, араласқан әлеуметі, қоғамы, алған тәрбиесі, көрген шаруашылығы, өндіріс қатынастары, өкімет құрылышы – осының бәрі де ақынның өмірі, өнері – өлеңімен байланысып жатқанын білу керек, соны қалың жүртшылықта анықтау керек», – деген талап қояды да, Абай шығармашылығын талдауға кіріспес бұрын ақын өмір сүрген заманың құрылымдық сипатын, XIX ғасырдағы қазақ даласындағы таптық қоғамның ерекшеліктерін, ата-бабаларының кім болғанын, әкесінің кім болғанын, оның баласын тәрбиелеудегі мақсатын барынша жан-жақты түсіндіруге тырысады. Ұлы ақынның қандай шығармасын талдаса да тек қана таптық тұрғыдан бағалауға күш салады. Бұл зерттеушінің біржактылығын, кез келген мәселеге коммунистік ұстанымдаған жауап беруге дағдыланғанын айғақтайды.

Солай бола тұрса да, зерттеушінің Абайдың ақындық шеберлігі, оның қазақ поэзиясына әкелген жаңалықтары туралы бұрын-сонды айттылмаған тың пікірлері бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Абайдың қазақ поэзиясына форма жағынан жаңалық әкелгенін, оның он алты түрін атап көрсетеді. Ол жаңалықтарды қайdan алды, кімдерден үйренді, қалай жетілдірді деген мәселелерге де нақты мысалдар келтіре отырып дәйекті жауап береді.

Ұлы ақын шығармаларының көркемдік денгейі туралы айтқан ойларының да ғылыми маңызы, шығарманы эстетикалық тұрғыдан сауатты талдауы зерттеушінің талғам-талантын, зерттеу нысанын жақсы

игергенін айғақтайды. Сөзіміз жалаң болмас үшін бұған мысал келтіре кеткенді жөн көрдік.

«Абай тілі – образды тіл. Абай образды тілімен әдемі әйелді суреттесін, жоқ, жақсы атты суреттесін, не болмаса, кеш-қонды, жазды, жайлауды, қысқан қысты, суытқан күзді суреттесін – бәрінде де Абайдың образды тілге байлығы, Абай ақындығының күштілігі, таусылмайтын бұлақ сықылды сөздің де, образдың да құйылышп, төгіліп ағытылышп жатқанын көресің. Абай тілінің артықша бір қасиеті – аз сөзben көп мағына беруі», – дейді, немесе:

*«Желсіз түнде жарық ай,*

*Сәулесі суда дірілден...*

Осы да өте бай образ ғой. Бір сөйлемде жел, түн, ай, су, сәуле, осылардың құбылышы, перне-суреттері – бәрі түгел айтылышп отырған жоқ па?

Осының бәрі, әрине, Абайдың тіл байлығы, ақындығының күштілігі арқасында ғана болыш отыр. Күшеншек ақын бір ауыз сөзді 10-20 ауызға айналдырып, мылжындалап, езіп отыраш еді. Абайда бұл жоқ. Абай тереңнен алады, қысқасынан қайырады, тауып айтады. Сондықтан біз Абайды көркем тілдің ұстасы дейміз. Өз заманында ақындығымен, образды әдемі тілімен қазақ әдебиетіне Абай жаңалық кіргізген, үлгі жасаған ақын дейміз», – деп толғанады. Бұл шығармашылық өнерді жете танып, таразылай алатын сыншылық қасиеті жоғары талант иесінің пікірі екенін аңғартатын айшықты ойлар.

ХХ ғасыр басындағы ғылыми еңбектердің жазылу сипаты, талдау, ой қорыту дәстүрі қазіргі кездегіден өзгерек болған. Пайдаланған әдебиеттерін де кез келген жерге тықпалай бермейді. Оның есесіне зерттеушінің өз ойы, өз пікірі көбірек көрініс береді. Зерттеу нысаны болған ақын шығармашылығын шықкан ортасына, таптық және партиялық көзқарасына қарай бағалаудың

сол кезең үшін ең басты мәселе болғанына аталған монографияны оқи отырып көз жеткізесіз.

Жалпы Ғаббас Тоғжановтың жеке басында да әр алуан қайшылықтар баршылық. Оның мәні мен маңызын түсіну үшін автордың өмірбаянын мұрағаттарда сақталған деректермен салыстыра отырып терендей зерттеу керек деген ойға қаласыз. Оның сол кезде жазған сындарында «орыс пролетариатының жолбасшылық рөлінің көрінуі» деген біржақты пікірі жиі көрініс береді. Ғаббастың өзі де қазақтың белгілі биі, байдың тұқымы бола тұра Абайды байшылдық көзқарастан арыла алмаған деген тұжырым жасайды. Мұндай кереғар пікірлер аталған монографияда көптеп кездеседі. Ол саясат ығына жығылудан туған ой ма, әлде шынайы өзінің көзқарасы ма оған да автордың өмір жолын толық біліп алмай тұрып баға бере қою қиын.

Бұл монография несімен құнды десек, XX ғасырдың отызыншы жылдары жазылған Абай шығармашылығы туралы, егер қателеспесек, қазақ әдебиеттану ғылымы саласындағы тұнғыш монографиялық зерттеу еңбек. Монография авторы F. Тоғжанов өз мамандығы экономист бола тұра және саяси көзқарасындағы қайшылықтарға қарамастан әдеби шығарманы талдаудағы терең білімділігімен, өнер табиғатын нәзік түсінетін алғырылығымен, әр өлеңнің мазмұны мен пішінін, идеялық мұратын дұрыс тани білетін ерекше қабілет-қарымымен есте қалады. Сондықтан да бұл кітап болашакта абайтанумен айналысадын, әдебиет тарихы мен әдеби сын тарихын зерттеушілерге қажетті дереккөз бола алады деген ойдамыз.

*Филология гылымдарының  
кандидаты, доцент  
Жолдасбек Мәмбетов*

## **Абайды әлі толық білгеніміз жоқ.**

Қазақтың ескі әдебиет мұрасынан өзге ақындарға қарағанда көбірек, толығырақ тексерілген ақын – Абай.

Абай жайында төңкерістен бұрын орыс, қазақ тілдерінде қазақ ұлтшылдарының көсемдері Әлихан Бекейхан ұлы, Ахмет Байтұрсын ұлы, Міржақып Дулат ұлының мақалалары шықты. Төңкерістен кейін Семейде, «Абай» журналы шыға бастады, сонда Жүсілбек, Екеу дегендердің Абай жөнінде сын мақалалары басылды. Совет тұсында 1922-23 жылдарда «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттерінде Абай жайында Сәбит, Ғабдырахман, Сәғдилардың сын мақалалары басылды. Бертін келе Мұстамбайұлы Ыдырыс пен Сәбит, Илияс араларында Абай жайында үлкен айтыс болды. 1933 жылдың аяғында Абай жайында толық өлең, мақала жинақтарымен бірге Әуезұлы Мұхтардың, Жансүгірұлы Илиястың үлкен мақалалары шықты. Қазақ әдебиетіндегі сынның аздығын ескергенде, өзге қазақ ақындарына бірер мақаладан артық дербес сындардың болмағандығын еске алғанда, Абайдың сыннан алған үлесі өзгеге қарағанда көп. Сан жағынан қарағанда Абай жайында қазақ тілінде бірсызыра сын мақалалар жазылды. Алайда әңгіме мақалалардың санында емес, сапасында ғой. Сапа жағынан қарағанда Абайға берілген сындар әрине толық емес. Абай жинағына жазған мақаласында Илияс: «Абай әлі тексерілген жоқ, Абай туралы әлі толық материал жиналған жоқ. Абай әлі түгел жинальшы, түгел басылыш таралған жоқ. Сондықтан әлі күнге дейін Абайға жазылған толық сын жоқ. Абай туралы мәселелер әлі күнге дақпыртпен алыпқаштымен, әркім өз ойынша созылаумен келеді. Сондықтан Абайдың анық кім екендігі, анық қай таптың

акыны екендігі, қандай тарихи орны, әдеби қызметі бар бұл күнге дейін жалпақ көпшілікке әлі тұман, қаранғы...» деп жазады. Ілиястың осы пікіріне біз де қосыламыз. Абай жөніндегі даулы мәселелер Ілияс мақаласында да толық анықталған жоқ. Рас, Абайға бұрынғы жазылған мақалаларға қарағанда Ілияс сыйны толығырақ сыйн. Фылыми сыйн. Бұрынғы сыйншылар Абайды түгел алмаушы еді. Ілияс өз әлінше Абайды түгел алышп, жан-жағынан бірдей қарастырып сыйнауға тырысқан. Бұл Ілиястың сыйншылдық міндеттін ұққандығы, өзге сыйншылардан артықтығы. Көп даулы мәселелерге Ілияс Маркс, Ленин жолына сүйеніп ашық жауап, дұрыс жауап берген. Бірақ, Ілияс мақаласының осындағы көп жақсы жағы бола тұрса да, үлкен-үлкен кемшіліктері де жоқ емес. Эрине бірер мақаламен Абай сыйқылды 60 жыл өмірі бар, 20 жылдай жазған өлең, мақалалары бар үлкен ақынды түгел тексеру, толық марксшылдық сыйн беру өте қыын, мүмкін де емес шығар. Абайды толық сыйнау үшін бірер мақала емес, әлде неше кітаптар жазу керек. Біз өзгеден гөрі толық жазылды деген Ілияс мақаласында да үлкен-үлкен кемшіліктер бар дегенде, Ілияс Абайды толық сыйнамады, Абай жөніндегі сөздің, пікірдің бәрін ашып бермеді деп кінә қоймаймыз. Бұл кемшілікті жою бірер кісінің қолынан келе бермейді. Әсіресе, мақала көлемінде түгел орындауға болмайды. Абай туралы қолыма қалам алышп отырсам, мен де Абайдың «іші-тысын» түгел актарам, Абай жайындағы сөздің бәрін айтышп, бәрін ашып берем деп отырғам жоқ. Ілияс мақаласында кемшіліктер бар дегенде – Абай жайындағы өзінің қозғап отырған кейбір негізді мәселелеріндегі қате ұғыныстары, теріс пікірлерінің барлығын айтамыз. Кейбір даулы мәселелерді сөз қыла тұрып, не аяқсыз тастап, не күнгірт, екі ұшты қып шешетіндігін айтамыз. Дәл осы арада Ілияс мақаласына

әдейілеп сын жазайык деп отырғанымыз жоқ. Ілиястың теріс пікірлерін кейін реті келген жерде атап айта жатармыз. Әзірге тек, біз сын көп жазылса да Абайдың «басы, өлеңі» әлі дауда жүргенін ескерту үшін ғана Илияс мақаласын сөз қылыш жатырмыз.

Қазақта бір мәтел бар – «Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады» дейді. Осы рас сөз екен! Абай туралы соңғы жылдарда (1922-1933 жылдар арасында) болған айтыстар бір сыныра көлденең бөгде мәселелерді де дауға салды. Абайды тексеру ретінде Абайдың өлеңдері жайында болған айтыс пікір қайшылықтары былай тұрсын, қазақтың тарихы, шаруашылығы, қазақ арасындағы тап тартысы сықылды Абай заманындағы жалпы мәселелерде де түрлі, бір-біріне қайшы, қарсы пікірлер туды. Бұл бір реттен жақсы-да. Қандай ақынды болмасын тексергенде өскен ортасы, араласқан әлеуметі, қоғамы, алған тәрбиесі, көрген шаруашылығы, өндіріс қатынастары, өкімет құрылсы – осының бәрі де ақынның өмірі, өнері – өлеңімен байланысып жатқанын білу керек, соны қалың жүртшылыққа анықтау керек. Абайды біздің сыншыларымыз, әсіресе коммунист сыншыларымыз осылай алып тексерсе – бұл өскендіктің белгісі. Бірақ, екінші жақтан, Абай жөнінде сөз қозғалып, жалпы шаруашылық, тарих мәселелерінің үлкен айтысқа түсіп кетуі, даулы мәселелерге айналуы, әлі жүртшылығымыздың жастығын, жаңада ғана талпынып аяқтана бастағанын көрсетеді. Шынында да бізде әлі қазақ тарихының, шаруашылығының көп мәселелері түйік, қараңғы жатыр. Қазақтың тарихы әлі жазылған жоқ. Маркс-Ленин жүйесімен тексерілген қазақтың өткен замандарындағы шаруашылығының, тап күресінің түрлі кезеңдері және ашылған жоқ.

Осындағы жалпы қазақ түрмисі тарихына байланысты мәселелер жайында анықталып

сұрыпталған партия пікірлері болмаған соң, әдебиет сыншыларымыз амалсыздан тарихшы болады, экономист болады. Ақынның өлеңін сынай отырып, қазақтың бүтін тарихын, шаруашылығын, жалпы тұрмысын тексеріп, соны тарихқа әрқайсысы өз бетімен жол салуға кіріседі. Бұл бүгінгі сыннымыздың амалсыздан болып отырған кемшілік. Маркс жүйесімен жазылған қазақтың тарихы болса, өткен замандарда қазақтың басынан кешірген түрлі тарихи кезеңдеріне, қоғам, шаруашылық тұрмысына марксшіл экономист, тарихшыларымыздың тексеруінен, сыннынан өткен белгілі сараланған, анықталған негізді дайын пікірлер болса, әдебиет сыншыларымыздың бұл жағынан көп женілдік болар еді. Әдебиет сыншыларымыз партия жүртшылығымен мақұлданған дайын пікірлерден пайдаланып, тарихшылық, экономистік міндеттерден едәуір женілденген болар еді. Бұл хәлге әлі жете алмай отырмыз. Қазақ әдебиетшілеріне маман тарихшыларымыздың, экономистеріміздің көмегі жоқтың қасында болып отыр. Осыдан барып әдебиетшілеріміз өздері тарихшы, өздері экономист болып отыр. Бұл оңай жүк емес, әсіресе әдебиетпен ғана шұғылданған адамдарға онай емес. Әрі ақын, әрі сыншы, әрі тарихшы, әрі экономист, әрі философ болу ілүде біреудің ғана қолынан келетін жұмыс. Мұндай универсалдыққа өте көп білім керек. Мұндай адамдар жүрттан озып, үздік шыққан тоқығаны, білгені, көргені көп, асқан талантты көсемдерден ғана шығады. Бүгінгі біздің қазақ жағдайында, қазақ еңбекшілерінің шын мағынада енді ғана нағыз мәдениет көліне сұңғып жатқан кезінде, әлі ескіліктің надандықтың сарқыны, салқыны жойылмай жатқан кезде бәріне жетік, бәрін де білген универсалдар бола қоймайды. Әулиелікке біз сенбейміз. Қандай талант, қандай ақылды адам болса

да білімсіз ештеңе айта алмайды. Осы күнгі білім - ұшан теңіз. Қазіргі білімді тексеріп білу үшін көп еңбек керек, көп оқып, көп үйрену керек. Шынды айтқанның айыбы жоқ. Бізде әлі білім аз.

Білімді іздең үйренуші, көп оқып, көп талғаушы аз. Ескі заманмен салыстырғанда әрине білімдеріміз көп. Бұл даусыз. Қазақтың арғы аныны заманын қоя тұрып, бергі ұлтшыл оқығандар көбейген тұсын алсақта, қазіргі күнмен салыстыруға болмайды. Ол заманға қарағанда көп ілгері кеттік. Расын айтқанда, көп білеміз деп жүрген ұлтшылдардың өзі қазақ тұрмысындағы надандықтың бір үлгісі еді. Қазақ ұлтшылдарының жазған саяси, ғылыми, әдеби мақала, кітаптарымен жақын таныссаң, надандық иісі аңқып тұрады, көбісінің әлі қотан басынан шыға алмағаны «бесенеден» білініп тұрады. Өзгені қойып осы Абай туралы жазған ұлтшылдардың мақалаларын алыңыз. Надандық белгісі осы мақалаларында да ап-ашық көрініп түр. Бәрі де Абайды ауылдағы қара қазақша мақтайды. Ғылыми сын ешқайсысында да жоқ. Абайға сын жазған анау-мынау ұлтшылдар емес ұлтшылдардың көсемдері, ең білімді дегендері (Ахмет, Әлихан, Міржақыптар).

Өткен заман бізге үлгі емес. Сол сықылды қазақ ұлтшылдары да бізге бүгін өлшеу бола алмайды. Бізге өрнек үлгі Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин сықылды пролетариат көсемдері. Біз осылардан үйренеміз. Осылардың школасындағы адамдардың (пролетариат енбеншілдердің) туында жазылған ұлы ұранның бірі - «Адам баласының білімін түгел білеміз, түгел менгеріп пайдаланамыз!» - деген ұран. Көсеміміз Сталиннің: «Коммунистер техниканы өзі менгеріп, білулері керек!» - деген ұраны да осы сарынды ұран. Осы ұранды орындауға қазақ коммунистері де міндettі.

Біз көбіміз, бәріміз десек те өтірікші бола қойман – қазір универсалмыз. Көп білгендіктен универсал емеспіз, көп міндет жүктелгендіктен амалсыздан универсалмыз. Қазақ тұрмысында жүртшылық алдына түспей білінбей қаранғы, түйік жатқан мәселелер көп. Соларды ашқың келеді, түсінгің келеді. Сөзден сөз туады, ойға ой жалғасады. Бір мәселеден екінші, үшінші мәселе туады. Әдебиет сыны тарихты білуді керек қылады. Тарих қазақтың экономикасын, ескі әдебиетін білуді тілейді. Қазақта мұның бәрі де бұрын тұман, күнгірт жатқан мәселелер. Енді бүгін бірін қозғаймын деген қазақ коммунисті бәрін қозғауға міндетті болады. Мұның аяғы барып лажсыздан кейде шала универсалдыққа апарып соғады.

Осылайша универсалдықтың кесірі болар, кейде кейбір жолдастардың универсалдығы көріне сауатсыздыққа айналады. Шала білімнің арқасында кейде өзге мәдениеті жоғары елдерде әлдеқашан анықталған, екінің бірі білетін әліп-би болған мәселелер бізде даулы мәселе болып, таласқа түсіп жатады. Кейде көп талас көріне қазақтың тұрмысын, тарихын, экономикасын, әдебиетін білмегендіктен туып жатады. Басқа елдердің тарихында осындай болып еді, қазақта да болған шығар деп құр кеудемен де соғатындар жоқ емес, осындайлар біздің әдебиет, тарих жайындағы өткен жылдардағы айтыстарымызда тіпті көп болды. Осы шалалықтан Абай айтысы да құр емес. Абай айтысында талас болып жүрген жалпы экономика, тарих мәселелері қандай? Абайдың өзіне көшпестен бұрын, алдымен осы мәселелерді ашып алайық. Өйткені Абайдың заманын, сол кездегі қазақтың шаруа-әлеумет құрылышын, таптар арасын дұрыс үқпасақ, Абайдың өлеңін де, өзін де ұғуға болмайды. Абай - тұрмыс «құлы», өз заманының баласы.

## **Абайдың заманы**

Абай 1845 жылы туып, 1904 жылы өлді. Өлең жазып, ақындығын көрсеткен жылдары 19 ғасырдың аяқ жағы. Абай заманы деп сөз қылғанда біз осы 19 ғасырдың екінші жартысындағы қазақ тұрмысын (экономикасы, әлеумет құрылышын) тексеріп білуіміз керек. Алдымен Абай тұсындағы қазақтың экономикасы қандай еді, қазақ шаруашылығында қандай өндіріс қатынасы басым еді - міне осыны ашып алу керек. Бұл мәселе жөнінде біздің коммунистер арасында қорытқан, көппен мақұлданған бір пікір жоқ, Абайды тексергенде де, басқа мәселелер жайынан сөз болғанда да бұл жөнінде айтыс болып жүр. Эркім өзінше теория шығарып жүр. Осы күнге дейін Абай тұсындағы қазақ экономикасы, жалпы тұрмысы жайындағы жазылған, айтылған пікірлерді сұрыптай келгенде негізінде екі қате пікір бар. Біз осы пікірлермен окушыларды таныстырып өтуді мақұл көрдік.

Бір пікір: «19-ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласына капитализм орнады, бұдан бұрынғы үстем болып келген ру тұрмысының іргесі сөгіледі, ру ішіне жік түседі.»

Бұл пікір жаңа пікір емес. Төңкерістен бұрынғы қазақ экономикасын, тарихын зерттеген орыстың ескі мамандары шенеуніктерінің де көбі осы пікірді айтқан болатын. Енді сол пікірді аз-маз жаңалаған болып, біздің кейбір коммунистеріміз де қолдап жүр. Коммунистерден бұл пікірді жақтаушылардан әзірге бізге (жазғандарынан) белгілілері: Рысқұлұлы Тұрар («Қазақстан» деген кітабында) Жансүгірұлы Ілияс (Абайға жазған мақаласы), Қабылұлы Ілияс тағы басқалар, Тұрардың пікірі туралы мен «Қазақтың ескі ауылды» деген кітабымда толық жаздым. Бұл мақаламды

тағы жазудың керегі жоқ деп білемін. Бұл арада мен тек екі Ілиястың пікіріне ғана тоқтамақтын. Қабылұлы Ілияс жолдас Абай заманындағы қазақ тұрмысын тексергенде мынадай пікірге ойысады: «Абай заманында қазақ ауылында ру тұрмысы ыдырап - бұзылып, оның орнына тауарлы капиталды қатынастардың өркендеген кезі еді...»

Мақаласының тағы бір жерінде: «Қазақ даласын орыс патшасы өзіне қаратқаннан кейін, азды-көпті (до некоторой степени) қазақтағы ру тұрмысының негіздері ыдырай бастады. Ру ішінде тап жігі басталды».

Осы пікірді 1933 жылы шыққан «Абай» жинағында Жансүгірұлы Ілияс жолдас та қостап отыр. Бұл Ілияс былай жазады.

«Сүйтіп жазушылыққа кірген өзгеріспен бірге әлеумет құрылышына да өзгеріс кіре бастайды. Ол өзгеріс сауда капиталына шейін жігін жазбай, тұмсығы қайтпай келген ру үстемдігінің ыдырай бастауы болды. Рудың тігісі сөгіле бастайды.

Бұрын рудың жуандығымен, атасының беделімен, қол бастайтын батырымен үстемдік ұстап келгендер, енді қырда үнемі үстем бола бермейді. Ендігі үстемдікті, билікті жоғарыда айтқандай малды кісі, ақшалы кісі алғыр келеді. («Абай» жинағы. 1933 жыл басылған. 13 бетте)

Ілиястың бұл сөздерінен Абай заманы туралы қандай қортындылар туады?

Бірінші қорытынды, 19-ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ ауылында ру тұрмысы үстем болған, ру жігі сөгілмеді деген қорытынды. Алдымен осы қорытынды дұрыс па? Біздіңше дұрыс емес. Қазақта ру тұрмысының тігісі сөгілгені әлде қашан орыс патшасына бағынбастан бұрын болған. Алғаш қазақ хандығы болғанда-ақ (15-ғасырда) ру тұрмысы ыдыраған болатын. Хандық

құрылған жерде ру үстемдігі болмайды, мүмкін де емес. Кей бір жолдастар «ру заманы еді, рушылдық үстем болды, ру жігі сөгілмен еді» деген сөздердің айтқанда, көбінесе осы сөздердің ғылыми мәніне көніл бөлмейді. Ауылдағы жабайы қазақтың «пәленнің руы биледі», «пәлен руы күшті болды» деген сөздері тәрізді қылып, абыламай соға береді.

Маркс-Энгельстердің ұғымында ру тұрмысы қандай тұрмыс? Бұл негізінде тапсыз тұрмыс - адам баласының бай, кедейге бөлінбеген, мал мұліктің ру, обшийнаның ортақ пайдасында болған, жеке меншіктің (үйдің, малдың кожасы) жоқ кезінде болған тұрмыс. Ру тұрмысы жайында Маркс-Энгельстің жазғандары көп. Бұл арада олардың айтқанының бәрін келтіріп отыруға еш бір мүмкіндік жоқ. Сондықтан біз Энгельстен қысқаша бір ғана цитат келтірмекпіз. Ру тұрмысы туралы бір кітабынде Энгельс былай дейді.

«Ру тұрмысында шаруашылық ортада болады, жұмысты бірігіп істейді, тек тамақты ғана бөледі. Мұқтаж адам, кедей адамдар болмайды. Ру ішінде, коммунна шаруасында кәрілерге, ауруларға, соғыста жараланғандарға айрықша қарасады. Ру тұрмысында бәрі тен, бірінен бірінің артық-кемдігі болмайды. Ру тұрмысы деген міне осындей адам баласының балалық шағы, жабайы кезіндегі қызықты тұрмыс! Солдат, жандарм, полиция, дворян, шенеунік, пропект, сот, абақты - міне осылардың бір де бірі жоқ, бәрі де өз ретімен шығып жатады».

19-ғасырда қазақта осындей ру тұрмысы барма еді?

...Тіпті, 19-шы ғасыр тұрсын, 17-18 ғасырларда да қазақта осы Энгельс айтқандай ру тұрмысы болып па еді?

Біз білген қазақ тұрмысында бұл кездерде де мұндай ру тұрмысы болған жоқ. Мүмкін де емес. Хандық

құрылған жерде, хан, сұлтан билеген елде ру тұрмысы үстем болуы мүмкін емес. Шынында, қазақ даласында орыс патшасына бағынбастан бұрынғы үстем болған тұрмыс-феодализм тұрмысы еді. Қазактағы үстем тап - феодал табы. Хан, сұлтан, би, батырлар - осылардың бәрі қазақтың феодалдары еді. Қазақтың байлығы мал, жер осылардың қолында болушы еді, сондықтан билік, үкімет те - осылардың қолында еді. Бұлардың әр қайсысында, меншіктенген құлы, қоңсы кедейлері болушы еді. Бұлар тегін жұмыс қылуши еді. 19 ғасырдың орта шеніне дейін қазақта құлдық та болды. Құлдар, төренің төлеңгіттері базарда сатылуши еді. Міне, мұндай тұрмысты ру тұрмысы деп ешкім айта алмайды.

19 ғасырда қазақта рушылдық тұрмыстың сарқыны, қалдығы бар ма еді? Әрине, бар еді. Бірақ, бұл ру қалдықтарының бәрі де феодализм тұрмысына сіңіскен, қазақ феодалдарының тап құралы болған қалдықтарғана еді.

Ілиястардың жоғарғы сөздерінен шығатын екінші бір қорытынды, 19 ғасырда қазақ даласында капитализм үстемдік алады, қазақ елінің «төбесі де, төресі де өзгереді» (Ж. ұлы Ілияс). Біздіңше бұл пікір де дұрыс емес. Егер де бұлардың бұл пікірі дұрыс болса, бірінші коминтерін, Ленин, Сталиндердің қазақ сықылды бұрынғы Ресей қол астындағы «бұратана» аталған халықтар жайында айтылған сөздері өтірік болып шығады. Бұлардың пролетариат үстемдігі тұсында, бұрынғы «бұратана болған күн шығыс елдері капитализм дәуіріне соқпай социализм дәуіріне жетеді», - деген сөзі қазаққа арналмаған болады.

Екінші, - 19 ғасырда-ақ қазақ даласында капитализм бәрін менгеріп, үстемдік алса, төңкерістен бергі біздің қазақ ауылында феодалдық - рушылдық халықтары

күшті деп жер бөлісін жұргізгеніміз, ірі байлардың (феодалдығы күшті деген) малын кәнпескелегеніміз де - әлде қалай орынсыз сөз, орынсыз іс болып қалады ғой.

Шынында, қазақ тұрмысында қалай еді?

Капитализм үстемдік алды дегенде, қазақ шаруасында капиталистылдық өндіріс қатынасы (производственные отношения) үстем болды, бұрынғы феодал шаруасына қас шаруа системасы жоғалып, оның орнына капиталстылдық системасы орнады деп ұғамыз. Басқаша ұғынуға болмайды.

Қазақта феодализм үстем болғанда, байдың жұмысын маңайындағы қонсы кедейлері істеуіні еді. Кейбір кедейлер айыбы үшін не байға беретін алымы үшін байдың есігінде жүруші еді. Енді бір кедейлер байдың «ағайынымын» деп шынында байдың әмірінен қорқып, байсыз күні болмағандықтан жұмысын тегін істеуші еді. Байдан өсімге ақша алатын кедейлер де аз болмаушы еді. Қыс болса, бай малын кедейлерге үлестіріп тегін күттіруші еді. Бай, кедейлерге сауын беріп, ат майын беріп те, өз дегенін жүргізуші еді. Қысқасы, бай кедейлерді нағыз феодализм шаруашылығының заңымен пайдаланып, еңбегін жеуші еді. Қатта, қара басына да қожалық қылушки еді. Сондықтан бұл заманды феодализм үстемдігі жүрген заман деуші еді. Капитализм үстем болғанда мұның бәрі өзгереді. Феодал орнына капитализм туады. Капиталист барлық шаруасын базарға бағындырады. Мал жинаса да, егін салса да, ақша жинаса да бәрін базарға салады. Феодалдар бектігіне өндірістен тыс аталық праваларына сүйеніп, кедейлерді төлеңгіт, қонсы шаруаларды тегін, немесе, тай-торпақ, жынжүрқа беріп қана жұмыс қылдырса, капиталистерге аталық права жок, бұларда ақша жалдау правасы бар. Жалшыны бұлар базар арқылы ақшаға жалдайды.

Капитализм орнағанда жұмысшының енбегі де базарға түседі, тауарға айналады. Міне бұл капитализм істемдігі жүрген заманда болушы еді.

19 ғасырда қазақ даласының барлығында да осындай хәл болды ма? Қазақ байлары феодалдық әдістен құтыла алыш па еді? Қазақ шаруасында байдан өсім алу, байға қоңсы болу, айыбы үшін, не істеген қарызы үшін, не байдың бір «ауыз сөзі үшін» он жылдан байдың есігінде тегін жүретін кедейлер аз ба еді? 19-ғасыр тұрсын, 20 ғасырда да, тіпті төңкерістен бері де қазақ арасында мұндай екінің бірінде кездеспеуші ме еді? Біркелкі егін салған орыспен аралас, отырықшылыққа беталған қазақ аудандарында болмаса, өзге қазақ аудандарының бәрінде де (қазақ аудандарының көпшілігінде) қазақ байлары жалшыларын «ескі әдетпен» жалдамаушы ма еді? Көбінесе қазақ байларының жұмысын әсіресе, көшпелі аудандарды (19 ғасырда қазақтың жүзден 90-ы көшпелі болатын) маңайындағы қоңсылары, не қарыздар кедейлері, не тағы осы сықылды байға жалыныштылар тегін іstemейтін бе еді? Онан соң, қазақтың көшпелі аудандарында бәрін базар тұптуғел биледі деу де дұрыс емес. Шет аудандарда қазақ шаруашылығының натуралдық түрі де жойылмаған болатын. Қазақ шаруасы базардан керек-жарагын шет пүшпақтап қана алатын. Қазақ байы да шаруасын ескі, феодалдық әдіспен басқаратын. Жансүгір ұлы Ілияс мақаласында «қазақ арасына сауда капиталы кіріп өзгеріс жасайды...» дегенді әр жерде айта береді. Бұл сөз де даулы сөз. Тарихтан белгілі, сауда капиталы барлық жағдайда да шаруашылыққа, өндіріс қатнасына өзгеріс жасай бермейді. Көп елдерде көпке дейін сауда капиталы сауда-саттықта ғана болып, өндіріс қатнасына араласпаған, қайта ескі өндіріс қатынасын (мәселен феодалдық өндіріс қатынасын) пайдаланған,

соған сүйеніп қалың бұқараны сүліктей сорған. 19 ғасырда қазақтың аудандарының көбінде сауда капиталы осындай болды. Қазақ шаруашылығының ескі феодалдық системасын бұзбай, қайта соны күштейте - нығайта отырып өркендейді. Мәселен, қазақтың көшпелі аудандарындағы үлкен сауда жүргізген байларын алыңыз. Бәрі де өз шаруасын «ата жолымен» ескі феодалдық системамен басқарды. Қоңы кедейлері, тегін жалышылары, ұры жігіттері, өсім алу, айып салу осылардың бәрін де пайдаланды. Сонымен қабат базармен араласып, үлкен сауда да жүргізді. Мұндай сауда капиталының кең жайылғанымен қазақ арасында капитализм үстем бола қалмайды. Капитал өндіріске кірсе, капиталшылық система өндірісте (шаруашылықта) үстем жалпылама системаға айналса, сонда ғана қазақ даласында капитализм үстемдік алды дей аламыз. 19 ғасырда қазақ даласында мұндай хәл болған жоқ. Капитализм кіре бастаған еді, тамырын, қанатын жая бастаған еді. Қазақтың бұрынғы феодалдық системасындағы бай шаруасы біртебірте капиталшылық системасын да қолдана бастап еді. Бірақ, мұның бәрі тек капиталшылық тұрмысқа бет алыс еді. Ескі шаруашылықтың (феодализм) капитализммен сыйайласып, жана ғана өзгере бастауы еді. Мулдем феодалдық системадан қол үзіп, капиталшылыққа көшкен, капиталшылық системаны ғана қолданған қазақ байлары 19 ғасырда тіпті жоқтың қасында еді. Болса некен саяқ еді. Кейбір жолдастар қазақ даласында (ауылында) капитализм өркенеді дегенде, қазақта капитализм мен феодализмнің күресі болды деген мағынада айтады. Абай туралы жазған мақаласында, жана «19-ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітабында Сәбит те қазақта екі түрлі бай табы бар

дейді. Бірі - қазақтың феодалдары, екіншісі - қазақтың капиталистері.

Сәбиттің ойынша, қазақтың біраз феодалдары «өзінің өліп бара жатқан табынан бөлініп, жаңа өркендер келе жатқан капиталистер қатарына қосылды. Жаңа тап құрылуымен қатар, ескі феодал табы кері кетті, таптық белгісін жоюға бет алды «( 20-ғасырдағы қазақ әдебиеті: 1- бөлім 30-бет). Абай туралы жазған мақаласында Ілияс та (Жансүтірұлы) «ол күнде қазақта еңбек жеуші тап екеу еді, екіншісі жаңа туып келе жатқан жас саудалы, ақшалы байы, жаңа байы еді» -дейді. Абай тұсындағы қазақ байын байытып екі тапқа бөлу дұрыс емес. Өйткені қазақта мұндай бір-бірінен бөлектеніп, екі тап болған қазақ байлары болған жоқ. Қазақ байы бір-ак тап - феодалдықтан буржуалдыққа бет алған тап. Қазақ даласына капитализм кірмей тұрғанда қазақ байы кәдімгі феодал. Бертін келе капитализм өркендей бастаған кезде, қазақтың ескі байы заман ыңғайы мен өзгере бастайды, капитализммен сыйайласады, буржуалдық салтына түсे бастайды. Қазақ даласы орыс патшасының отары болды. Мұндай отар елдерде, билеп төстеген отаршылар бір жағынан капитализмді азды-көпті орнатуға кіріссе, екінші жағынан ұstemдік құрып келе жатқан феодализмнің салтын да қолдайды. Қазақ даласын билегенде орыс патшасы да қазақтың феодалдарына-байына қарсы болған жоқ, қайта бар жұмысын осыларға сүйеніп істеді. Бұрынғы феодал - байды құртқан жоқ, қайта жаңа дем берді. Ескі феодал - байды заман ыңғайына қарай феодал-буржуага айналдырды. Қазақтың ескі байлары феодалдары, Сәбит, Ілияс жолдастар айтқандай өліп, құрып таусылған жоқ, көпшілігі капитализммен бірге жасады, ауыз жаласты. Капитализм жолына түскен орыстың помещигі, немістің үйінкері сықылды болып қана

өзгергенде феодалдық салтын (шаруашылығын да, ел билеуін де, санасын да) сақтай отырып, қолдай отырып өзгерді. Мұндай өзгерісті, капитализмнің ескілік пен (феодализм) сыйбайлласа, жақындаса өркендеуін Ленин пруисс жолы (Прусский путь развития капитализма) дейді. Қазақта капитализм осы пруисс жолымен өркендеді.

Капитализм өркендеуімен қазақта жаңа байлар да шықты. Ұсақ саудагерлерден, приказчиктерден, тілмаш-адвокаттардан байыған қазақтар көп болды. Бірақ осы жаңа байығандар да ескі байларға, қазақтың феодалдық тұрмысына қарсы болып, күрес ашқан байлар емес, бұлардың өздері сол ескі феодалдық пен капиталшылықтың басын қосқан байлар еді. Қазақтың жаңа байығандары да ескілікті қолдай отырып байыды. Маңайына қоңсы жинау, өсімге мал, ақша беру, рушылық қалдықтарын пайдалану, көп қатын алу, тағы осы сықылды тольп жатқан феодализм салтын жаңа байлар да ескі байлардан кем қолданған жоқ. Сондықтан, жаңа байларды ескі байлардан бөлуге ешбір дәлел жоқ. Жаңа байдың өзі бір феодал. Ескі бай мен жаңа байдың тап көзімен қарағанда айырмасы жоқ. Бар айырмасы ескі бай - енді ғана байыған «атасыз» бай, кішкене бай. Екеуінде де капиталшылық пен феодалшылық қос қыртыстанып араласып жатыр. Қазақ байының көпшілігінде 19 ғасыр тұрсын, 20 ғасырда да феодалдығы басым болды. Алашордашылардың феодал байлардың жоқшысы, көсемі болуының да таптық тамыры осында жатыр.

19-ғасырдың аяқ жағындағы қазақ байын хандық тұсындағы, 17-18 ші ғасырлардағы қазақ байымен салыстырғанда әрине, Абай тұсындағы, әсіресе, 20 ғасырдағы қазақ байы анағұрлым өзгерген, жаңарған бай. Бұл жағынан қарағанда 20 ғасырдың (19-ғасырдың екінші жартысындағы) байы әрине жаңа бай. Жаңа бай

дегенді осылай ғана ұғыну керек. Ескі бай, жаңа бай деп екіге бөліп, екі тап деу қате, саяси қате. Талас жоқ, 19 ғасырда да, 20 ғасырда да қазақ байлары біркелкі болған жоқ. Ала-құлалық бұларда да болды. Бәрі бір тап ішінде отырса да, тап ішінде өз ара азды-көпті өзгешелігі, басқалығы болған топтары, жіктері болды. Біркелкі байлар - (көпшілігі) тұрмысында, шаруасында, салт санасында феодалдық салтын, әдісін көп қолданды, капиталишылық салтты шет-пүшпақтап қана қолдады. Енді біркелкі байлар - капиталишылық салтқа көбірек бейімдеу болды, феодалдық салттың жаңа заманға үйлеспегендерін ерте көріп, ерте қол үзе бастады. Қазак байларының осындай ішінара «алалықтары» болды. Бірақ, бұдан екі тапқа бөлінді деген сөз шықпайды, болмаған екі тапты нобайлап қолдан жасауға және болмайды. Қазақта байды екіге бөліп, бірін капиталист, бірін фодал қылып екі тап жасау бұл әдебиетшілеріміздің ғана айтатын пікірі емес, осы пікірді бірсыныра басқа Қазақстан коммунистері де айтады, Мәселен, Бошақов, Федоров, Баталов тағы басқалар.

Бұл пікір қайdan туып жүр? Біздіңше бұл пікірдің тууына ең үлкен себеп - қазақтың тарихын, тұрмысын жақсы білмегендік, қазақ тұрмысына өзге, әсіресе, күн батыс елдерінің тарихында болғанды нобаймен, шаблонмен қолдан әкеп жасыра қойғандықтан.

Оқушыларға белгілі, күнбатыс елдерінде феодализм өзінен өзі құрыған жоқ. Феодализм мен капитализмнің үлкен күресі болды. Бұрынғы әлденеше ғасырлар бойы ұстемдік құрып, өзге таптарды езіп, жанышп, билеп келген феодал табы революция (төңкеріс) арқылы ғана биліктен түсті, билікті феодалдарға қарсы болған капиталистер табы қолына алды. Капиталистер бастаған буржуза төңкерісінен кейін капиталистер табының ұстемдігі орнады. Еуропаның осы күнгі капиталшы

мемлекеттерінің көбіндегі капитализм осындай төңкеріс жолымен өркендейген, феодализмді құшпен, құреспен жеңіп, өз үстемдігін орнатқан. Міне, осы тарихты, осы тұрмысты біздің көп жолдастар қазақ даласына да орната қойғысы келеді. Қазақтың өз тарихын, өз тұрмысын зерттеп, тексеріп білудің орнына, «өзге жүртта осылай болып еді ғой, қазақта да солай шығар» деп тек кеудемен, нобаймен топшылай салады. Қазақта да капитализмнің болғанын дәлелдеу үшін қолдан екі тап жасайды, қазақта да феодал мен капиталисті құрестіреді, феодалды капиталиске жендеріді! Әрине, бүйтіп қазақ тарихын, қазақ тұрмысын білуге болмайды. Қандай халыққа болса да, сыртынан тон пішу, нобаймен тарих жасауға болмайды. Әр халықтың өз тұрмысына қарай тарихы, өзгешелігі болады. Бір халықта болған екінші халықта дәл сондай бола бермейді. Марксшылдардың өзгелерден бір артықтығы, қашан да болса тұрмыстағы барды зерттейді, сол бардан қорытынды шығарады. Әр халықтың өзінде болған, бар тұрмыстан тарих жасайды. Қазақ тұрмысының да өзгешеліктері бар. Буржуа төңкерісін басынан кешірген Еуропа елдерінен қазақ елінің өзгешелігі не? Қазақ елі - орыс империялизмінің отары болды. Қазақ елінде феодализм мен капитализмнің құресі болған жоқ. Екеуі бірін бірі қолдады, екі жарылып бөлінбеді, қайта бірікті, келісті. Міне, осыдан барып, қазақтың ескі феодал байы - «капиталист» болды, жаңа капиталист байы - «феодал» болды. Байдың бір аяғы феодализмде жатса, екінші аяғын капитализмге басқан еді. Онда да, байдың салмағы феодализмде жатқан еді. Біздің бірсыныра жолдастар қазақ тұрмысындағы осындай өзгешелікті ескермеді, зерттеп білмеді. Әйтеуір осылай шығар деп нобаймен соғады.

«Мешкей деген жақсы атақ емес» дегендейін, шаблонмен қазаққа тон пішу жақсы мінез емес. Бұл мінезді тастау керек. Қазақ тарихында, түрмисында барды зерттеп, сол бардан ғана тарих жасау керек.

Жоғарыда біз Абай тұсында, 19-ғасырдың екінші жартысында қазақтың ескі феодал байлары (ақсүйек, қара сүйек байлары) капиталшылықта бет алды, жаңа заманмен сыйбайласа бастады деп едік, қазақтың ескі байлары шаруашылығын осылай бұра бастауымен бірге таптық саясатын да, тілегін де бұрған еді. Бұрынғы қазақ хандығы тұсында қазақ байлары хан, сұлтанның тірегі, сүйеніші болса, біркездері ханға, сұлтанға еріп, орысқа қарсы да көтерілгендегі болса, енді орыс патшасы қазақ даласын әбден менгеріп, билеген уақытта «Ақ патшаға» таяныш болды. «Ақ патшаға» намаз оқитын болды. Абай заманында қазақтың төреден шыққан байы да, қарадан шыққаны да орыс патшасына тұтас берілген еді. Жаңа заманға мойынсұнған еді. 19 ғасырдың екінші жартысында қазақ байынан (төреден, қарадан) орыс патшасына наразы болғандар аз болды, онда да, көбінесе орыс патшасынан тілеген шенін, орнын ала алмаған байлар болды. Мұндай байлардың ісі мен шаруасы күйзеліп, тозып ыдырағандары да болды. Осы сықылды орыс патшасына наразылығы, өкпесі бар байлардың не жаңа заманға үйлесе алмай қалған, кедейлене бастаған ескі байлардың жалпы қазақ байының көпшілігінен (орыс патшасына мойынсұнған) өзгерек мұны, зары болды. Бұларға ең жақсы заман - бұрынғы хандық заманы болып көрінеді. Сол ескі заманды бұлар мұн қылады. Осы мұнды, осы тілектегі қазақ байларының үні, әсіресе орыс патшасының зорлығын, зомбылығын айтқаны, екі қыспакқа түсіп, үлкен кедейлікке, дағдарысқа ұшыраған қазақ бұқарасына да тез жайылатын болды, қышыған жеріне тигендей

жағымды үн болып естілді. Орысқа қарсы шыққан Кенесары, Есет, Бекеттерді, Исатай-Махамбеттерді қазақ бұқарасының дәріптейтінің таптық сыры осында еді. 19 ғасырдағы орыс патшасының шектен тыс күшейген отаршылдығына, алаң-таразысына қарсы көтерілген қазақ елінің қолқабысшыларына бас болған Кенесары, Исатай, Бекеттер - орыс, орыс патшасына азды-көпті наразылығы бар байлардан шыққандар еді. Бұлар қазақ байының азшылығы еді. Бірақ, сол заманда қазақ бұқарасының көпшілігі осыларға жақын еді. Орыс патшасына наразылығы үшін осыларға тілекtes болып отыруши еді. Орыс патшасына қарсы, патшаға сатылған қазақтың ханына, сұлтанына қарсы көтерілген қозғалысқа қазақ бұқарасының қосыла кететіні, осындай қозғалыстың жуан ортасында болатынының да себебі осыдан еді. Бізде әлі орыс империализміне қарсы болған қазақ еңбекшілерінің қозғалысы тарихы жазылған жоқ. Алайда, 19 ғасырда орыс патшасына қарсы қазақ арасында болған көтерілістердің бәрінің басында да қазақтың не ақсүйек сұлтаны, не ру басы би, ақсақалы еді. Кейбіреулер осыған қарап, сол патшаға қарсы көтерілістерді қазақтың ескі байларының ғана көтерілісі, қазақты кері тартқан көтеріліс дегенді айтатын көрінеді. Бұл да, өзінше дұрыс пікір емес. 19 ғасырдағы орыс патшасына қарсы, Кенесары сұлтан, Исатай би, Бекет батыр, Есет, Сырым билер бастаған көтерілістер – төңкерісшіл мәні бар, қалың бұқара араласқан көтерілістер. Бастаушылар өзінің тап тілегі үшін, өзінің ұstemдігін, хандығын орнатам деп басшылыққа жармасса да, бұл көтерілістердің жанын қыздырушылардың көпшілігі қазақтың бұқарасы болды. Бай табы жалпы алғанда, мұндай көтерілістерге қарсы болды. Кенесары, Исатай, Бекеттер бай табының ішінде орыс патшасынан не соның елдегі шоқпары,

сүйеніші болып отырған сұлтан, биі, болыстарынан қағажау көре бастаған, шетке қағылған байлардан еді. Бұлардың өзге байлардан артықшылығы - қазақ бұқарасының орыс патшасына, соған сатылған қазактың өз ханы, сұлтаны, байына қарсы екенін көре білді. Қалың бұқараның осы қарсылығын, наразылығын өз тілегіне пайдалануға тырысты. Өзінің қара басындағы патшаға наразылығын, өкпесін бүтін қазақ бұқарасының, қалың көптің наразылығына қоса білді. Өзін бүтін қазактың наразылығына бас қыла білді. Міне, бұлардың өзге байлардан артықшылығы осында. Сондықтан, бұлардың тарихта аты қалды. Бастаған көтерілістерінде төңкерісшілдік мән болды. Сәбит, Ілиястардың пікірінше Кенесары, Исатай, Бекеттер ескі өліп бара жатқан байлар. Ал бұларға қарсы болған, орыс патшасын жақтаған байлар - жаңа байлар. Бұларша жаңа байлар - капиталистер, ескі байлар - феодалдар. Екеуін салыстырғанда, эрине, жаңа заманның байы - капиталистер артық болып шығады! 19 ғасырдағы қазақ байын бүйтіп пышақпен кескендей екіге бөліп, екі тап қылып шығарудың зияндығын, терістігін көрсетуге басқа дәлелдер де көп. Бірақ, бәрін жаза беруге мақаланың көлемі сыйғызбайды. Бұл жөніндегі пікірмізді әзірге осы айтылғандармен доғарамыз.

Енді екінші қате пікірге келейік. Бұл пікірдегілердің ойынша «Қазақта 19 ғасыр тұрсын, 20 ғасырда капитализм орнаған жоқ. Қазақта феодализм ғана болды. Қазақ арасына кірген сауда капиталы қазақ феодализмін бұрынғыдан да күштейтті. Сауда капитализмі қазақ шарушылығын ілгері бастамады, қайта кері кетірді, өйткені сауда капиталы өндіріске араласпады, тек жалдаптық міндепті атқарды». Бұл пікір қазақ коммунистері арасында көпке жайылмаған пікір,

әсіресе, қазақ әдебиетшілері арасында аз айтылатын пікір. Бұл пікірді қазақ коммунистерінен бастап айтқан Аспандиярұлы Санжар жолдас. Әрине, бұл пікірді де біз дұрыс дей алмаймыз. Бұл пікір де бірбеткей теріс пікір. Жоғарыдағы біздің Сәбит, Ілиястардың қателерін сынағандағы сөзімізден Санжарларға да бір сыйыра тиісті сөздер шығады. Оны қайталаң жатудың енді қажеті жоқ. Бұл арада біз тек бұл екінші пікірдің тууына себеп болған біраз бөгде жағдайларға ғана тоқтап, қосымша дәлелдерді ғана келтіреміз. Қазақта төңкеріске дейін феодализм ғана болды дейтін жолдастар қазақ даласының 19 ғасырдың екінші жартысынан бастап екі жақты, қос қыртыс жолға түскенін ұмытады. Қазақ даласын билеген орыс империализмі қазақ шаруасын жалпы капиталшылық дүниесіне бағындырып, қазақ шаруашылығының базарын көтеріп, шаруа өндірісіне капиталшылық салт-әдіс кіргізгенін көрмейді. Қазақта 19 ғасырдың аяғында көптеп егін салу, шөп шабу, ақшаға күнделеп, айлап жұмыскер жалдау, қазақ кедейлерінің жұмыс іздең басқа аудандарға кетуі («науқаншылар», «пайдашылар», тағы осы сықылдылар), қазақ даласында сеператор, сенокосилка, лобогрейка, брикефургондердің жайылуы осының бәрі қазақ арасындағы капиталшылық тұрмыстың белгілері еді, қазақ шаруашылығының капиталшылық жаққа бет алысын көрсететін белгілері еді. Қазақта феодализм ғана болды дейтін жолдастар қазақ даласындағы бұл өзгерісті көрмейді, көргісі келмейді.

Бұл пікірдегі жолдастардың тағы бір қатесі - бұлар қазақ феодализмін өзгермейтін, бір қалыпта қалған формация деп біледі. Хан тұсындағы қазақ феодализмі сол күйінде 19-20 (төңкеріске дейін) ғасырларда да болды, қайта соңғы кезде (орыс патшасын бағынған соң) бұрынғыдан нығайып, күшейді деседі. Бірінші, бұлай

деу Лениннің империализм жайындағы пікіріне қайшы. «Ресейде капиталзмнің өркендеуі» деген кітабында Ленин орыс патшалығының қоластындағы отар елде де капитализм жолына түскенін, феодалшылық пен капиталшылық системаның бір-бірімен сыйбайласып, келіскеңін, Ресей отарларында да базар қебейіп, тауарлы, капиталды шаруашылықтың өркендей бастағанын дәлелдеген еді. Кавказ, Сібір, Түркістан туралы атап айтқан еді, Лениннің осы сезі Қазақстанға да тиісті сөз еді. Екінші, қазақта феодализм ғана болды десек, бес-алты ғасырлар бойы қазақ даласында феодализм бірбеткей ғана өсken болады. Хандық тұсында қазақ феодализмі жас болады, бертін орысқа бағынған соң өседі, сақаяды, жалпы жер жүзін бөлшектеп, иеленген капитализммен араласпаған, ықпалына түспеген болады. Әрине, бұлай деу көріне болғанды болмады дегендік қой. Қазақ даласын көрген, білген адам осылай болып еді деп айта алmas. Қазақ даласы орыс даласына бағынған соң капитализм ықпалына түсті. Түспеске лажы жок еді. Қазақ шаруашылығының базарға қарауы, тауарлы шаруа бола бастауы, орыс капитализмінің қазақ даласына кіруі, қазақ арасында орыс крестиандарының қебейуі, қалалардың орнауы, ақшаның жайылуы, тағы тағылар - осылардың бәрі қазақ феодализмін өзгертуен, өзгеретін жағдайлар еді. Лажсыздан қазақ феодализмін капитализмге бұратын, капитализммен қосақтайтын жағдай еді. Қазақта, шынында да осылай болды. Қазақтың ескі феодализмі қазақ даласына капитализм кіре бастауымен өзгере баstadtы, капитализм ықпалына түсе баstadtы. Абай заманында қазақ феодализмінің осы өзгерісі, жаңа жолмен дамуы көзге анық көріне бастан еді. капитализм белгілері қазақтың тұрмысында, салт-санасында да бар еді. Сонымен Абай заманы қандай еді деген сұрауға жоғарыда айтқанымызды қорытқанда

біз мынадай қорытындыға келеміз: 1) Абайдың алдындағы қазақ заманы - Ру үстемдігі жүрген заман емес, феодализм үстемдігі жүрген заман еді. Ру тұрмысының көп қалдығы бар еді, бірақ, мұның бері қазақ феодализміне бағынған, қазақ феодалдарының тап құралы болып «Рушылдық» тірі қалса да, мазмұны феодалдыққа ауысқан қалдықтары еді. 2) Абай тұсында қазақ даласы орыс патшасына түгел бағынып, қазақ шаруасы капитализм құшағына кірген еді. Қазақ даласында сауда капиталы кең өріс алған еді. 19 ғасырдың аяқ кезінде сауда капиталы базардан шығып өндіріске де (Производство) кіре бастаған еді. Сөйтіп Абай тұсында қазақ ауылында үстем болып отырған феодализммен қатар капитализм белгілері де көріне бастаған еді. Қысқа сөзben айтқанда, қазақ феодализмі орыс капитализмінің ықпалына түсіп, жаңа дәуірге кірген еді, қазақ феодализмі капитализммен сыйласып, келіскең кезі еді. 3) 19 ғасырдың екінші жартысында, әсіресе 80-90 жылдарында қазақ ескі феодал байларының көпшілігі бірте-бірте капиталшылық жолға түсе бастаған еді. Бұрынғы феодалдығын сактай тұрып, екінші жақтан азды-көпті капиталдық сипатына да ие бола бастаған еді. Базары жақын орыспен аралас, орыс қаласы көп жерлерде қазақ феодалдары капиталдық сипаттарын көбірек, тезірек қабылдады. Базары алыс, таза көшпелі шет аудандарда капиталдық сипаттары қазақ феодалдарында аздау болды. Капиталшылыққа бет бұрған осындағы феодалдардан басқа қазақтың жаңа байлары да шыға бастады. Бұлардың көбі саудамен, ұрлықпен байығандар еді. Бірақ бұлар да таза капиталистер емес еді, бұлардың да бір аяғы капитализмде болса, енді бір аяғы феодализмде жатқан еді. Бұл жаңа байларымыз да феодалдықтан қол үзбей, қайта соған жармаса, ескілік пен жаңаны астарлап,

қосақтай отырушы еді. Сөйтіп, Абай тұсындағы қазақ байларында осындай екі жақтылық, екі беттілік бар еді. Сондықтан, бір байдың басынан екі заманның да таптық сипаттарын табуға болатын еді. 4) Осы екі жақтылық қазақ байының шаруасында да, салт-санасында да бар еді. Қазақтың сол кездегі байшыл әдебиетінде де болды. Осы заманның бел баласы Абайда да болды. Енді сол Абайдың сөзімен танысайық.



## **Абайдың өмірі, өскен ортасы, алған тәрбиесі**

Абайдың өміrbаяны Мұхтар мақаласында өзгелердікіне қарағанда толығырақ жазылған. Мұхтар Абайдың арғы атасы Ырғызбай, онан бергі Өскенбай, өз әкесі Құнанбай - осылардың өмірінен де едәуір мағұлмат береді. Абайдың өмірін осылай әріден бастап, ата заманымен байланыстыра, бергі балалық, жігіттік, онан соңғы ел адамы, Тобықтының биі болған заманынан да көп мағұлмат береді. Абай өмірі туралы ілгері-сонды жазылған мақалалардың ішіндегі көлемдісі, тарихи мағұлматы, фактілері көбі де осы Мұхтар мақаласы. Мұхтар мақаласы, әсіресе, Абайдың ата тегін, өскен ортасын, алған тәрбиесін, Абайдың ел ішінде билік құрып, ел ақсақалы, болыс, би болғаны жөнінде тарихшыларға көп қызықты, керекті материал береді. Қазақстан баспасының Мұхтар мақаласын қысқартпай, түгел басуының да үлкен бір себебі осы болуы керек.

Алайда, осы толық жазылды деген Мұхтар мақаласында да Абайдың өміrbаяны әлі толық емес. Әсіресе, өз қолынан қалған, өз жазбасы сақталған документтер, тарихи материалдар жоқ. Абай өз өмірінде, өз әлінше көп жазған кісі. Соларынан әлі күнге ешбір нұсқа жоқ. Абайдың өлеңдерінің де ешбір қолжазбасы қалмауы - Абай өлеңінің дұрыстығына, түтелдігіне де үлкен дақ салуы мүмкін. Абай өмірін жазушылардың айтуына қарағанда, Абай кез келген қағазға өлеңін жазып тастай берген. Жинаушы, көшіруші басқалар болған. Абайдың осылай түрлі жылдарда жазылған өлеңдері әркімнің қолында, аузында бытырап жүрген. Абай өлеңдерінің бірінші жинағы 1909 жылда ғана басылды.

20-25 жылдай Абай өлеңдері қолдан қолға көшіріліп, ауызша айтылып қана жүрген. Осы жылдардың ішінде Абай жазғаны түгел сақталды, түгел жиналды деп ойлау қын-ақ. Бірден бірге көшіріліп жүргенде, ауызда айтылып жүргенде азды-көпті өзгермеді, өзгертулмаді деу де қын. Мұхтар әдейілеп Абай жазғандарын жинағанда осы жағын да ескеру керек еді. Абай жазғандарының осы жағына тиісті мағұлматтарды да жинап, оқушыларға таныстырыу керек еді. Онан соң, Мұхтар мақаласындағы тағы бір кемшілік - Абайдың басқаға жазғандары, не Абайға жазған хаттар жайында түк мағұлмат жоқ. Әлихан мақаласында да, Мұхтардың өз мақаласында да (басқалардікінде де) Абайдың орыстың халықшылдарымен (народниктері) таныс болғанын, хат жазысып тұрғанын, Абайға келіп 3-4 айлап қонақ болып жатқандарын көп айтады. Бірақ осы жайында да түк дерек жоқ. Не хат нұсқаларынан дәнeme жоқ, не көрген білген адамдардың сөздері жоқ. Абаймен жақындастқан орыс халықшылдарының Абай туралы не өлген соң, не тірі күнінде жазған ештеңелері жоқ па еken? Не хат есебінде, не мақала-әңгіме есебінде Абай жөнінде жазылғандары бар шығар! Бізде Абайдың өмірбаянында әлі күнге дейін осы жағы да қараңғы жатыр. Үшінші, Мұхтардың Семейдегі Абай туралы бар архивтерді (губернатор, начальник, съезд материалдарын) қарамауы да Абайдың өмірін толық білуге кемдік қылмай қоймады. Зерттеген кісіге бұл жағынан да Абай өмірбаянын толықтыруға материал табылар еді. Абай өміріне тиісті мағұлматтарды түгел жинау жөнінде Мұхтар мақаласында да осы сықылды кемшіліктер бар. Абайдың өмірбаяны мен бұдан былай шұғылданған әдебиетшілеріміз осы кемшіліктерді ескерулері керек. Мүмкін болса осы жағын да толықтыруға тырысу керек. Ал, Мұхтардың Абайға

берген сынына келсек, бұл жағында Мұхтар сыны шала сын, дұрыстығынан бұрыстығы көп сын. Илияс Мұхтардың негізгі қателерін өз мақаласында ашып айтқан. Шынында, Мұхтардың Абайға берген бағасы марксшылдар сынына қабыспайды. Мұхтар Абайды ұлтшылдар, байшылдар көзімен көреді. Сынағандағы қолданатын әдісі идеалисттердің әдісі. Мұхтар ойынша ақынды заманымен өскен ортасы, шыққан табымен байланыстыра отырып сынағанда Абайды ұғуға болмайтын сықылды. Мұндай пікірде отырған кісі әрине Абайды сынай алмайды. Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи манызын, орнын да біле алмайды. Кейін реті келген жерде Мұхтардың және басқа қазақ ұлтшылдарының Абай жөніндегі теріс пікірлеріне тоқталмақпыш, әзірге біз тек Абайдың өмірбаянын өзгеден толық жазған Мұхтардың негізді пікірі, әдісінің қателігін ғана ескертіп отырмыз.

Жоғарыда Мұхтар мақаласында Абайдың арғы атасы, ата тегі жайында көп мағұлмат бар дедік. Бірақ, Мұхтар сол өзінің жазып отырған фактілерін де дұрыс пайдалана алмаған. Толық фактілерден сүйық қорытынды шығарады, кейде тіпті өзіне-өзі қарсы шығады. Мәсселен, Мұхтар мақаласында Өскенбей, Құнанбайларға баға береді. Сонда Өскенбайды «Ел ортасына қадірлі, сыйлы болуы, мінез қасиетінің тәуірлігінен болса керек. Мінезі кекшіл емес, көп тілегін тілегіш кең болғанға ұқсайды... Өскенбайдың елге мәлім мінезі жоғарыдағы айтқандай адаптация, әділ кең болғандықтан Өскенбай жалғыз өз сліне ғана қадірлі болмай, маңайдағы көрші елдерге де қадірлі болғанға да ұқсайды» (332-333беттерде). Қысқасы, Мұхтардың дәттеуінше Өскенбай би адаптация, әділ, көп тілегін тілегіш болған?! Жаңа осы мақаласында Мұхтар Өскембайдың Мәмбетей деген кісінің мұрнын кесіп алғанын,

Кенгірбайдан бата алып, Тобықтының дуанға білікті би болғанын айтады. Мұхтардың қай сөзін ұстаймыз? Өскембайды адал, әділ, кең, көвшіл болды дейміз бе, жоқ, не Тобықтының ел жеген жуан биінің бірі болды дейміз бе?

Мұхтар Өскембайды мақтайды, адалдығын көп айтады.

Бірақ Өскембайдың әділдігіне, адалдығына біздің шегіміз бар. Ауылға келген қонақтың мұрнын бейкүнә кесіп жүрген Өскембайдан артықша адалдықты құтуге болмаса керек. Өскембай кәдімгі ел ішіндегі мықты рудың би. Елді адалдығымен қаратқан жоқ, байлығымен, жұдырығымен қаратты. Мәмбетейдің мұрнын кескені - Өскембайдың қандай би екенін анық көрсетеді. Мұхтарға мұнысын ақтаймын деп әлектенудің тіпті еш бір орны жоқ. Мұхтар, Құнанбайға да ауылдың байларынша баға береді. Құнанбай бір мінезді, асқан ақылды, сопы-діндәр, кедейге тегін ат-киім үлестіріпті?! Осы да сын болып па? Құнанбайды білмейтін қазақ аз. Қазақ даласы Құнанбайдың мықтылығын, жуандығын біледі. Құнанбайдың зорлық-зомбылығын біледі. Мұхтардың өзі де жазады Құнанбай «жігітектер ішіне көп кісімен аттанып келіп, Бөжейді бастық қылып барлық ірі кісілерін ұстатьып, байлатып алыш тегіс дүре соққызады.» (338-бет).

«Құнанбай насбай атқан кісілердің танауын тілдіруші еді....

Сыбан ішінде Барак деген төреге бір жиында насыбайды тастасайшы дегендеге, ол «менің насыбайымды көргенше, еліндегі келінімен жүрген Қодарды көрсейші» депті. Сонымен Құнанбай еліне қайтқанда Тобықтының басшы кісілерін жинап алышп, борсақ ішіндегі Қодарды келінімен алғызып «шариғат жолымен хұқім қыламын» деп мойындарынан қосақтап түйеге асып өлтіріпті» (337-

бет). Осындай араны ашылған, үкімі шектен тыс болған феодал Құнанбайдың кедейшіл, «сопы» болғанына да біз шектенеміз?! Құнанбай сықылды елді бір шыбықпен айдаған, ұнамаған адамын тірілей жалмаған, жуандығы айуандыққа айналған қазақтың феодалы кедейлерге тегін ат, киім үлестірді деу бұл әншейін ертегі әңгіме. Ешбір шындығы жоқ әңгіме. Мұхтардың Абай жайында жазған мақаласында айрықша бір көзге түсетін мінезі «ертегілерге» көп көніл бөледі. Көп қорытындыларын «ертегі сөздерге» сүйеніп жасайды... Абайдың ата тегін, өскен ортасын анықтағанда бізге - Тобықтының билері, байлары жайындағы өздерінің қолдан жасаған ертегі, әңгімелері, өтірік, мақтандылары керек емес, мұндай мағлұматтармен тарих жасауға, тарихи адамдарды ұғуға болмайды. Бізге керегі солардың шаруасы, шаруасындағы өндіріс қатынасы, ел билеудегі істеген істері, таптық тілектері, алған тәрбиесі, билігі міне осы сықылды әлеуметтік, таптық бетін көрсететін мағлұматтар керек. Бізге белгілі мағлұматтарға қарағанда, Абайдың арғы аталары Ырғызбай, Өскембай, бергі өз әкесі Құнанбай бәрі де атышулы, өз заманында Тобықтының ішінде алдына адам салмаған, мықтылығы, жуандығы Тобықтыдан асып, дуанға жайылған феодалдар еді. Қуанышбайдан:

«Малды алды, жеріңді, кісіңді алды,  
Құнекем билемеген не ісің қалды?

*Сасқан соң ұл да бердің, құл да бердің  
Қай жерден қарсыласар күшиң қалды?  
Тартуға талаі найман берді қызды  
Көгендер тентегіңді қойдай тізді»,* - дегені Құнанбайға жапқан жала емес еді, Құнанбайдың осындай істегеніне мастанған құнанбайшыл ақынның шыны еді. Барды жырлағаны еді. Абайдың ата тегін,

өсken ортасын, алған тәрбиесін білеміз дегенде Өскембай, Құнанбайлардың алдымен феодалдығына байланысты сыйпattарын ашуды керек қылады. Бұлардың өз тұсындағы қазақ еліне сінірген еңбегінің пайда, зиянын айыруды керек қылады. Міне, бұл жағы Мұхтар мақаласында тым аз, не екішты болып, жүқалап қана айтылады.

Абайдың әкесі Құнанбай, Құнанбай әкесі Өскембайлар қазақтың қандай байлары еді?

Бұлардың екеуі де қазақтың қарадан хандыққа таласқан, орыс патшасының қазақ даласын отарлауда ең сенімді сүйеніші болған байлар. Құнанбайдың қарадан аға сұлтан болуы, шапқан елінің «ұлын да, құлын да» айдал алуы өзіне қарсыласқан тентектерді қойдай тізіп, көгендеуі, тегіндіктен біткен мықтылық емес. Осының бәрі, бір жағынан Құнанбайдың бұрынғы Кенгіrbай, Ырғызбай, Өскембайлардан бері үзілмей келе жатқан ата жуандығынан болса, екінші жақтан, бұған патша үкіметінің жуандығы қосылып еді. Патша үкіметі қазақ даласын тезірек менгеріп алуы үшін, Құнанбай сықылды ру басындағы аталы жуандарды, өзіне жақын тартты. Шен, шекпен берді. Бұрынғы аксүйектермен теңеді. Қазақ тұсында ру жуандары бұрын хандыққа сайлана алмаса, сұлтан бола алмаса, енді орыс патшасы Құнанбай, Мұса сықылды жуандарды сұлтан қылды, «қарадан хан» жасады. Қазақ халқының орыс патшасымен куресінде мұнданай байлар қазақ арасында орыс патшасының қолшоқпары болды. Орыс әскеріне қосылып алып елді, «тыюышы» қыруушы болды.

Ілияс мақаласының бір жерінде - Абай тұсында «қазақтың төресі де, төбесіде өзгерді» дейді. Бұл сөзді Ілияс қазақтың ескі, аталы байының орнына ақшалы, жаңа бай келді, осылар ел билігін қолына алды деген мағынада айтысқысы келеді. Бұл дұрыс емес, әсіресе,

Абай тұқымы жайында дұрыс емес. Абай тұқымы уызы арылмаған «жеті атасынан бері» қазақ даласында ел билеп келе жатқан аталы жуандар. Кенгіrbай орта, ұлы жүзге орыс патшасының әмірі толық тарай қоймаған кезде, елде ескі бай болып қана Тобықтыны билесе, бертін орыс патшасы қазақ даласын түгел бағындырғанда да сол ескі байдың тұқымы Өскембай, Құнанбайлар тағы биледі. Кенгіrbайлар аталығына, жуандығына, малдылығына сүйеніп елге би болса, бертінгі Құнанбайлар да соған сүйенеді. Құнанбай да аталығына, ежелден біткен жуандығына, малдылығына сүйенді. Бұл жағынан қарағанда, Құнанбайдың Кенгіrbайдан түк айырмасы жоқ. Кенгіrbай қандай аталы феодал болса, Құнанбай да сондай болды. Бар айырма бұрын Кенгіrbайдың аталары ру феодалдары ханға бағынса, соның сүйеніші болса, енді Құнанбайлар орыс патшасына бағынды, соның сүйеніші болды. Тап көзімен қарағанда, мұндай «айырмашылықтың» ешбір маңызы жоқ. Қазақтың ру ішіндегі бұрынғы билептөстеп келген ескі байлары, патша тұсында да биліктен тұсken жоқ. Қайта елге үкімін, әмірін бұрынғыдан да күшейтті. Құнанбай қазақ арасында осындей бай еді. Және анау-мынау бай емес, байлығымен, зорлық-зомбылығымен жұрт аузына іліккен, даңқы жер жарған, атышулы Құнанбай еді. Құнанбайдың істемегені жоқ. Қазақ феодалдығының нағыз жексұрын, айуандық жағын іздесен, бәрін де осы Құнанбайдан табасың. Мұхтар Құнанбайдың ақылдылығын көп айта береді. Әрине, Құнанбай ақылды болған. Ақылсыз болса, бай да болmas еді. Әсіресе, ел билей алмас еді. Әңгіме мұнда емес қой. Бізге бүтін Құнанбайдың ақылдылығын зерттеп білу керек емес, бұған зерттеудің де керегі жоқ. Бізге керегі, Құнанбайдың таптық беті, қандай жағдайда қандай жұмыс істеді, қандай із қалдырды - міне осы

жағы керек. Бұл жағынан қарағанда, Құнанбайлар қазақ жүртшылығының жауы еді, қазақты орыс патшасынан құтылуға емес, тұтылуға, орыс патшасының құлдығына, талан-таражына түсіруге себепші, көмекші болғандар еді. Құнанбайлар шен- шекпенге, параға ауызданып, патшаның мықтылығына - ежелгіден келе жатқан өзінің ата жуандылығын, ескі феодалдығын қости. Мұны бұлар бақыт, жақсылық деп ұғындырды. Осылар бастаған қазақтың байшыл жүртшылығы да осылай ұқты. Куанышбай сықылды тілі өткір, барды көргіш, сөз тапқыш ақындар Құнанбайдың жыршысы, «агитпропы» болды.

1845 жылы Абай (Ыбрай) туды. Абайдың ұяда көргені Құнанбай болды. «Ұша» көргені және Құнанбай болды. Абайды бала жасынан Құнанбай қасына алды, жанына ертіп жүріп, өз үлгісін берді. Баланы жасынан арамдыққа, зорлыққа, құлыққа баулыды. Құнанбайдың басқа үлгісі жоқ. Басқаны одан күтүге де болмайды. Абай ұяда нені көрсе, ұшқанда соны ілді. Жүрт аузында жүрген әкесі оған арман болды, қайта мықтылығымды, жуандығымды әкемнен де асырам деген талапта болды. Абайдың 35-40 жасына дейін өлеңмен шұғылданбай, қалса Тобықтының, асса бір дуанның жуаны болып, ата жолын құғанының түп тамыры Абайдың осы өскен ортасында, шыққан тегінде жатыр. Мұндай ортадан шыққан байдан, туғанынан бар өмірін (бала кезіндегі бір-екі жылы болмаса) қазақтың қараңғы ауылында, айуандығы асқан Құнанбайдың бауырында өскен Абайдан басқаны күту де қиын. Абайдың балалық, жігіттік кезіндегі үлгісі Құнанбай болғандықтан оның болыстыққа, билікке ұмтылғаны табиғи нәрсе. Анадан ешкім де данышпан болып тумайды. Жүре, көре, өсе біледі. Абайдың көрген, білген түрмисы болыстыққа, билікке тартты. Абайдың тұсындағы

ұстем жүртшылықтың Абайдан күткені өзімен тұстас «жақсылардан» билерден мықтылығы, ақылды, білімді, шешенендігі артса, орыс төресіне жақын болса, оның тіліне, заңына өзгеден жақсы түсінсе, қысқасы осылай ата жуандығына орыстың законшілдігін қосса - міне Құнанбай жүртшылығының Абайдан тілегені осы ғана еді. Абай осы жүртшылықтың тілегінде өсті. Көпке дейін осы жүртшылыққа «құл» болды, айтқанына ерді, ата жолын қуды.

Жоғарыда Абайдың заманын сөз қылғанда біз 19 ғасырдың аяғында қазақтың феодал байлары капиталшылыққа бет бүрді, жаңа заман ыңғайына түсे бастады деп едік. Сол байдың бірі - Абай. Абай бір жағынан «елдің партиясына араласып, інілері болыстыққа ие болып, өзі биліктे жүрсе, екінші жағынан бұлар, орыс қаласымен араласты. Өзгеден бұрын орыстың мәдениетін, базарын, төресін, билікті адамдарын көрді. Қазақ даласына «жаңалықты» да осылар бастап кіргізе бастады. Құнанбайдың балаларын медреседе оқытуы Қарқаралыда мешіт салдыруы қазақ даласындағы «жаңалықтың» белгілері еді. Бертін, Абай заманында бұл «жаңалықтар» елге тіпті көбірек тарай бастады. Абай Құнанбайдан да озды. Құнанбай көбінесе аталығына, жұдырығына, ежелдегі байлық-мықтылығына сенсе, Абай бұлардың үстіне законшілдігін, білімділігін қости. Құнанбай көбінесе ескі заманның ғана жол-жорасын білсе, Абай жаңа заманың да законын білді. Сондықтан, Абай ат үстінде жүрген билік құрған кезінде-ақ Құнанбай сықылды ескі байдың салтымен ғана болмай, заман ыңғайына түсіп, жаңара, өзгере бастады. Абайдың ақындыққа көшкен кездегі өзгерісі, жаңалығы осы би болып жүрген кезде-ақ басталып еді. Абай тұсында законге өзге байлар да (би, болыстар) қол созды,

жаңарғысы келді. Бірақ, солардың ішіндегі үздік шыққаны, артық білгені Абай еді. Абай, бір жағынан, естіп, тоқып білсе, екінші жақтан (жас күніндегі екі-үш жыл оқығаны бар) оқып, ізденіп білді. Абайдың отыздың ішінен бастап Еуропа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта бұрынғы дүниенің асты-устіне шығып өзгеріп: «Күн шығысым күн батыс, күн батысым күн шығыс болып кетті» дегені жаңы бар сөз. Шынында, Абайдың пікір өзгерісі, кейінгі жаңалықтары бір күнде болған жок. Абайдың өз айтуына қарағанда да 10 жылға созылған. Біз, онан да әрі ертеректе басталды дейміз. Абай әкесі Құнанбайға жігіт күнінде: «Заман орыстықі, ол жеңген, біз жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дүшпанның айласы мен әдісін білмесен, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен елінен үлгі алуға керек», - дейді. Міне, Абай осы кездे-ақ орыс заңына қол соза бастап еді. Қысқасы, Абайдың болыс, би күнінде-ақ «жаңара» бастағаны көзге көрінген еді.

Бертін келе Абай парсы, араб, орыс әдебиетін оқуды көбейтеді. Бұрын анда-санда бір оқыса, енді жиі оқи бастайды. Абай өстіп жүргенде орыс халықшылдарымен танысады. Қала мен байланысы, қатынасы бұрынғыдан да күшійеді. Абайдың бұрынғыдан білімі молаяды. Бұрын да ел адамының алды-басы болып жүрген Абай, енді тіпті үздік, жеке дара болып шығады. Қазақтың надан байлары, болыс-билері Абай кезінде тіпті кішірейеді. Осылардан дара шыққан Абай түрлі ойға түседі, заманын талғап-толғауға, жырлауға кіріседі.

## **Абай өлеңдеріндегі қайшылықтар**

Абай өлеңді қырық жасында ғана жаза бастады. Одан бұрын жазғандары тіпті аз болған және көбі сақталмаған. 1885-1886 жылдардан бастап Абай ақындық атқа ие болды. Жылдан жылға өлең жазуды көбейтеді, 90-жылдарда бұрынғысынан қарағанда тіпті көп жазатын болады. Абай жинағындағы өлеңнің де, қара сөзінің де көбі осы жылдарда жазылғаны көрінеді. Абай сықылды «қарадан», қараңғы қазақ ауылынан шыққан ақынның 20 жылдық ақындық өмірінде бір пікірде, бір қалыпта болуы әрине мүмкін емес. Абайдың өлеңінде көп қайшылықтар бар. Абайдың пікірінде де, өмірінде де қайшылығы, екі жақтылығы көп. Бұл қайшылық, екі жақтылық Абайдың қара басында ғана емес, Абайдың тұрмысында, шыққан табында да бар еді. Қабылұлы Ілияс жолдас Абайды екіге бөледі «Алғашқы жазғандарында Абай ескілікті қуаттады, жаңа тұрмыспен аянбай күресті... Соңғы жылдары қазақты бірлікке, берекеге, мәдениетке шакырды... Сүйтіп, соңғы кезде Абай жаңа туып келе жатқан қазақтың жаңа байларынның тілегін тіледі» - дейді. Бұл әрине, дұрыс емес. Бұл пікір Абайдың жазғандарының бәрін түгел оқымағандықтан щыққан пікір болу керек. Шынын да Абайдың жазғанын бүйтіп екі дәүірге, екі топқа бөлуге ешбір дәлел жоқ. Абайдың өлең жазбай болыс, би болып жүрген кезін алсақ, ол кезде де Абай орыс патшасының тәртібімен, болыстығы, билігімен күрескен жоқ. Қайта өзі көп болыстың бірі болып малын да, жанын да болыстыққа, партияға салды. Ал алғашқы өлең жаза бастаған уақыттарын алсақ, бұл кезде де Абай жаңалыққа қарсы болған жоқ. Қайта қазақ байларын жаңалыққа ұмтылмайтын надансын,

сауда, кәсіп істемейсін, егін салмайсың деп ұрысты. Өзі туралы Абай былай дейді:

«Жасымда гылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ержеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.  
Бұл маҳрум қалмағыма кім жазалы,  
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?  
Адамның бір қызызы – бала деген,  
Баланы оқытуды жек көрмедім».

Бұл өлеңді Абай 1884 жылы жазған. Абайдың алғаш өлең жаза бастағаны да осы жылдар. Абайдың осы сықылды жаңалыққа ұмтылғанын дәлелдейтін басқа өлеңдері де бар. Олай болса, Абай алғашқы өлеңдерінде жаңалыққа қарсы еді деу дұрыс емес.

Абай өлеңдерінде ескіліктің сарыны бар ма? Жаңалыққа шақырып отырып Абайдың ескілікті жақтайтын кезі де бола ма? Бұл өз алдына мәселе. Бұл мәселеге кейін әдейілеп тоқталмақпыз. Әзірге, тек жалпы сөзбен ғана айтып өтпекпіз. Абайдың еле өлгенше жоя алмаған басындағы, өлеңіндегі бір қайшылығы осы екі жақтылығы еді. Абайдың өлеңдерінде ескілік пен жаңалық араласып, бір-біріне қосақталып жатады. 1884 жылы қазақты білімге, мәдениетке шақырып отырған Абай. 1886 жылы:

«Өткен күннің бәрі ұмыт,  
Қолдан келер қайрат жоқ,  
Келелі кеңес жогалды  
Ел сыйырды қолга алды...  
Сорлы Қөкбай жылайды,  
Жылайды да, жырлайды.  
Жыламай қайтіп тұрады  
Мынау азған қу заман  
Қалыбында тұрмайды».

Міне, Абайдың бұл зары басқа өлеңдерінде де, әсіресе кейінгі 90-шы жылдарда жазғандарында көп кездеседі.

Кейбір жолдастар Абай өлеңіндегі екі жақтылық, осы қайшылықтан Абайды екі таптың ақыны қылып шығарады. Жансүгірұлы Ілияс жолдас Абай қай таптың ақыны деген сұрауға мынадай жауап береді: «Абай өз тұсындағы қазақ даласында тоқайласқан екі байшылдықтың да арман, тілегін бір басына жиған адам. Ол бір аяғынан қырдың ру бек үстемдігіндегі даланың аристократиясының тілегін тілеп сойылың соқса, онымен бірге сауда капиталының да жаңалығын жырлап, оған демесін айғайшы болған адам... Абайда екі байдың да қоймасы бар. Абай осы екі таптың да таптық тілегінен туған ақын. Абай өлеңінің бір сыпырасымен ру жуаны, бексымақтың табының пікірін айтқан болса, жаңалықтың бір жағын әрекет деп түсінген болса, ол өзінің пікірінің бір сыпырасында жаңашыл, өзгерісшіл... Бірақ Абайдың сөзінің пікірінің басым жағы ескілік жақта, оның жаңашыл, мәдениетшіл, өзгерісшіл пікірлерінде ескілік, жылауық, сары уайым таразысы басым». Міне, Ілиястың бұл сөздеріне қарағанда Абайда екі таптың да тілегі бар, бірақ Абайдың жаңалығы мен ескілігін таразыға салғанда ескілігі, көртартпалығы басым?!

Жоғарыда Абай заманын сөз қылғанда Абай тұсындағы қазақ байларын екі тапқа бөлу қате екенін айттық. Сол сықылды, Абайдың өлеңдеріндегі екі сарын екі таптікі деу де қате дейміз. Өйткені, мұндай екі бөлініп жатқан қазақтың екі бай табы жоқ еді. Бұл бір. Екінші, қазақтың екі байы да Абай тұсында капитализммен курескен жоқ еді. Қазақ байларына тіпті күресудің де керегі жоқ еді, өйткені орыс имперализмі қазақ халқына жасаған қорлық-зомбылығын сол байлар

арқылы жүргізді. Әсіреке ескі байлар өз тілегі үшін капитализм мен келісуге тырысты. Сондықтан, Абай тұсында казақтың ескі байы капиталдасуға айналды. Абай сол капиталдасқан ескі байдың нағызы өзі еді, ең алдағы үлгісі, бастайтын көсемі еді.

Абайдың:

«Жан аянбай кәсіп қыл.  
Орынсыз ыржсан,  
Болымсыз қылжсан  
Бола ма дәулет, несіп, нұл?  
Еңбек қылсаң ерінбей —  
Тояды қарның тіленбей.  
Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлан, мал ізде.  
Адал бол — бай тап,  
Адам бол — мал тап»

(1889 ж.)

Тағы бір өлеңінде:

«Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,  
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.  
Есек көтін жусаң да, мал тауып кел,  
Қолга жұқпас, еш адам кеміте алмас».

(1895 ж.)

Абай осы пікірін әлденеше рет қара сөдерінде де айтады. 1894 жылы жазған бір сөзінде, Абай:

«Дүниеге жақсы орысша оқу керек. Хакім де, мал да, өнер де, ғылым да бәрі де орыста тұр. Жаманынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға: тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі: олар дүниенің тілін біледі. Ондай мұндай ісін, оның тілін білсең - көкірек көзің ашылады. Әр біреудің өнерін, тілін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді. Аса арсыздана жалынбайды. Дінге де білгендігі жақсы. Жорғалықпенен көңілін

алсам екен деген надан, әке-шешесін, ағайын-жұртсын, адамшылықтың жауырынынан бір қаққанға сатады. Тек «майырдың күлгені керек» деп, күні ашылса да, қам жемейді. Орыстың ғылым, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі...Балаңа қатын әперме, енші берме, барынды салсаң да орыстың ғылымын үйрет. Мына мен айтқан жол, мал аяр жол емес».

1895 жылда жазған бір сөзінде Абай тағы былай дейді:

«Егерде мал керек болса, қол өнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қол өнерлі, қазақтың әулиесі сол. Бірақ, құдайтағала қолына аз-мұз өнер берген қазақтардың кеселдері болады. Әуелі, «Бұл ісімді ол ісімнен асырайын» деп, артық ісмөрлер іздеп, жүріп, көріп, біраз істес болып, өнөр арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып: «Осы да болады» деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады. Екінші - ерінбей еңбек істей беру керек қой, бір-екі қара тапса, малға бөге калған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салақ-салғырттық, кербездікке салынады».

Абайдың өлеңдерінен, қара сөздерінен осы сықылды пікірлерді көп келтіруге болады. Мына біз келтірген өлең, қара сөздерінде Абай көріне капитализмді жыр қылып отыр. Қазаққа ерінбе, жалқаулықты таста егін сал, сауда қыл, қол өнерін үйрен, еңбегінді жіберме, орыс ғылымын, тілін үйрен «қазақтың баяғы талапсыздығын» енді таста - міне Абайдың айтатын ақылы. Осыны істеген, Абайша үлгілі адам, жақсы адам. Абайдың осы сөздерінде Илияс (Жансүгірұлының) айтқанындей ескілік басып жатқандық бар ма? Әрине, жоқ. Қайта, Абайдың жаңалығын көрсетеді. Абайдың бұл жаңалық сөздерін, қазақтың капиталдаса бастаған ескі байына да

қарсы сөз деп үғуға болмайды. Абайдың айтып отырған саудасын қазақтың ескі байы да істей бастаған. Абайдың егінін де орысы жақын, жері тарылған жерлердегі казақ байлары да сала бастаған. Абай тұсында қазақтың ескі байлары балаларын да оқыта бастаған. Қазақтың ескі байлары ішіндегі шонжары, аты шулы болған Құнанбай, Мұсалар да балаларын оқытатын болған. Қысқасы, Абайдың жаңалық деп жыр қылып отырғаны қазақтың ескі байларына қарсы жыр емес, қайта, сол капиталдыққа бет алған, не әбден капитадасқан қазақ байының тілегінен шыққан жыр еді. Абай егінге, саудаға, оқуға шақырса, мұнысы ескі байдан кетіп, жаңа байға келгендіктен емес еді, мұнысы сол жаңалана бастаған ескі байдың тілегінен туған сөз еді. Сөз жоқ, бай табының ішінде ала-құласы болды. Қай заманда болса да, тап мүшесі бәрі бірдей болмайды, бірінен бірі тап ішінде азды-көпті өзгешелігі, жақсы-жаманы, маманы-наданы болады. Осы сықылды айырмалар қазақ байлары арасында да болды. Қазақтың ескі байы да бәрі бірдей болған жоқ. Бірақ мұнын бәрі тап айырмалары, тап бөлектігі емес еді, тап ішіндегі таптық сипаттарын жоймайтын, кішігірім, ошақ басындағы алалықтар еді.

Абай өз тұсында қазақ байының ең жақсысы, үлгілі-өрнектісі еді. Абайдың тарихта аты қалғаны, Абайдың жаңашылдығы осы бай табын ілгері бастаймын, түзеймін дегенінде. Абай өз табынан асып ештене істеуге талаптанған жоқ. Абайдың не жырында, не кара сөзінде қандай мәселені көтерсе де, байшылдығынан ешбір қол үзбейді. Абайдың бұл жағы бір қалышта, өзгерілмейді. Жалғыз-ақ Абайдың барынтысы, мақсаты - қазақ байын жақсылауда, наданды өнерлі, ақылсызды ақылды, жалқауды ерінбейтін, епсізді епті, берекесізді берекелі, дінсізді дінді қылу - міне Абай осыны арман қылды. Қазақ байлары осындай болса, қазақ халқы

өзге халықтарға теңеледі деді. Абайдың жүртқа айтқан елеңіндегі, қара сөзіндегі көп ақылдарын сұрыптай келсе - бәрі осыған әкеп соғады. Жоғарыда Абай өз ортасынан жеке дара шықты деген едік. Бұл сөздің мәнісі - Абай өз табының - капиталдаса бастаған қазақ байларының тілегін жырлағанда сол өз ортасында өз табында үздік шықты, өзгеден қырағы болды, көкірегі де, көзі де ерте оянды, ерте ойланды:

«Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,

Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,

Етекbastы көп көрдім елден бірақ.»

Абай ерте ойланды, өзінше бай табына жол көрсетті, жаңа заманның программасын сымсызды. Абайдың - орыс дүниесінің тілін біл, малынды аямай осы орыс білімін үйрен, шаруанды ұқсат, егін сал, сауда жүргіз, түзден мал ізде, қол өнерін үйрен, болыстыққа шашылма, берекенді қашырма, - деген сөздері қазақтың капиталдаса бастаған байларының программасы еді. Осы программаны іске асыруда Абай талай соқпаққа түсті, бөгеттерге кездесті. Ең үлкен бөгет - Абайдың өз табының надандығы, шалалығы. Абай тұсында (1880-1890-шы жылдарда) қазақ байларының салт-санада болсын, шаруашылығында болсын ескіліктің, феодалдықтың әсері тіпті күшті еді. Қазақ байларының көпшілігі соқыр надан еді. Білім дегеннің қадірін білмеуші еді. Атамыз орыс оқуын оқымай-ақ күн көрген, біз де күн көреміз деген пікір жойылмап еді. Ерте оянған, ерте ойлаған Абай сондықтан қазақ байын білімге, орыс оқуын үйренуге шақырды. Қазақ байына білімді болғаның өз тілегің, өз керегің деп жар салды. Өлеңмен де, қарасөзбен де ұғындыруға тырысты. Абайдың осы тілін алушылар көп болды ма? Жоқ, тіпті

аз болды. Қазақ байлары ескілік әдеті, салты күшті болғандықтан білім алуға шабан болды, керенау тартты.

Абай тұсында қазақ байының шаруасы техника жағынан тіпті төмен еді. Малы жұтқа ілігуші еді, өзге елдерге қарағанда базары арзан болушы еді - қазақ нәрселері орыс, өзбек, татар саудагерлеріне күйіп кетуші еді. Қазақ тұзден мал іздеуге ұмтылмаушы еді. Атқа мініп ел қызыру, қазыға-қымызға мәз болу, бозбаласы ыржан, қылжан, болыс, билері қым-қиғаш партия - Абай осыны да өзгеден бұрын көрді, бұрын сезді. Қазаққа осы жаман әдетінді қой, заманыңа қарай түзел, шаруанды ұқсат, егін сал, сауда қыл, тұзден мал тап деді. Болыс, билерге елді әрекетке салма, басын қос ынтымағын тап деді. Абайдың осы ақылын да қазақ көпшілігі, алдымен үстемдік құрып отырған байлар жүре тындарды. Қазақтың ауылында ескі әдет, ескі салт әлі күшті болды. Орыс патшасы күнбе-күнгі саясатында осы ескілікті қолдап отырды. Елде пара алуға жол ашты. Өтірік-өсекке, шағымға, зорлыққа тыйым салмады. Қазақ арасындағы патша шенеуніктегі өздері осындейларға бас болды. Осылардың салдарынан қазақ даласында партия, дау-жанжал күшейді, қарандылық бұлты ыдырамады, қазақ көпшілігі менреу, бейқам болды.

Осының бәрі ерте оянған, табынан үздік, озып шыққан ақын Абайды қалай жылатпас, қалай ренжітпес?! Ақыр Абай қынжылды, уайым қылды, торықты. Елден серік іздеді, көп серік таба алмады. Елден ақылшы іздеді, өзінен ақылдыны және таба алмады. Кекірек көзі ашылған орыс мәдениетіне қол артқан Абайға қазақ елі тым надан көрінді. Ел бастаған байлары, би, болыстары тым бұзылған, арам болды. Осы ортада өскен, табынан қырағылығы озған, бірақ, табы мен тілегін байланыстырған Абай енді не істей

керек? Не көзі де, ойы да соқыр, көз алдындағысын ғана білетін, білімі, құлық-сұмдығы соған ғана жететін «берекесі кеткен, алты ауыз, қыңыр-қисық, өңкей қыртым, жуан шерміктермен» болуы керек. Өзінің білімінен, сезгенінен, көргенінен тану керек. Көп қыртыбайдың бірі болып ел партиясында, күнде дау, күнде жанжалмен әуре-сарсанда күн өзкізуі керек. Немесе, өз көрген, білгенін ортаға салу, ақылын айту, ескен ортасын түзеуге тырысу, ұқса ұғып, ұқпаса: «тым болмаса кейінгілерге сөзі қалар». Абай осы соңғы жолға тұсті. Өз табына ақылшы, сыншы болды. Жаңа заманның жаршысы батагөйі болды. Осы жолдағы Абай, елдегі қаптаған надандықты, асқынған бұзықтықты, зорлық-зомбылықты, ел шырқын бұзған паракор, шенқұмар би, болыстарды көргенде, өтірікші, құзғын молда - ишандарды көргенде, осылардың ортасында өзінің жалғыздығын көргенде ақын Абай көзіне жас алып өзіне, табына налып зарлап жылады:

«Туган жерді қия алмай,  
Тентекті және тыя алмай,  
Әлі отырмыз ұялмай,  
Таба алмадым өңге елді.  
Әзелде тәңірім сорлы етті,  
Арсыз елмен әуре етті,  
Жалғыз уйде күңірентті.»

(1890 ж.)

Я, болмаса:  
«Өтті өмірім,  
Қайтты көңілім  
Бұл дүниенің ісінен.

Ем таба алмай.,  
От жалындаі.  
Толды қайғы кеудеге.,

*Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай.  
Бендеге».*

(1890ж.)

*«Атымды адам қойған соң,  
Қайтып надан болайын?  
Халқым надан болған соң  
Қайды барып оңайын».*

(1898 ж.)

*«Жүргегім менің қырық жамау  
Қиянатышыл дүниеден.  
Қайтып аман қалсын сау,  
Қайтқаннан соң әрнеден».*

(1899 ж.)

*«Досты қайдан табарсың,  
Кеңесерге адам жсок.  
Әрлі-берлі шабарсың,  
Жалғыздықтан жаман жсок».*

(1900 ж.)

Осы мұңын, осы зарын Абай қара сөзінде де жазады:

«Осы мен өзім - қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Не қылса бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбеске, не онысы-мұнысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға бір мінезін жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Жек көрсем сейлеспесем керек, мәжілістес, сырлас, кенестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не

болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ішінен көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі жоқ. Бұл қалай? Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзім ыза болғандығымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? - білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансан, ызалана алмаймын. Құлсем, қуана алмаймын, сейлегенім өз сөзім емес, құлгенім өз құлкім емес, бәрі әлдекімдікі. Қайратты құнімде қазақты қызып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қызып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс қеудемін дейім».(1892 жыл)

Абайдың осы жалғыздығын, мұн-зарын, торығуын кейбір жолдастар Абайдың ескілікке қайтқаны, ескі жуандығын, аталығын жоқтағаны, жаңа заманға наразылық білдіргені деседі. Илиястың «Абай жеңілген, тұқырыған, тұралаған ақын. Міне, Абайдың ескілігі, кер тартпалығы, жаңаға наразылық өстіп жайдың тасындаған анықталып жатады» (Абай жинағы. 35-бет) дегені де осы пікірден шығады. Біз, бұл пікірді де дұрыс дей алмаймыз. Бұлай деу Абайды білмегендік, Абайдың тұсындағы қазақ тұрмысын еске алмағандық.

Абайдың жылауы, торығуы неден туып отыр? Абай жалғызбын, дос жоқ, ақылшы жоқ дегенде ескіден өзім ғана қалдым, ескі қазақтың надан тұрмысы, феодалдығы жақсы еді деп, соны жоқтап, жырлап отыр ма? Біз білген Абайда бұл жоқ. Қазақтың ескі, надан тұрмысын, надан биін, надан феодал байын жоқтаған Абайдың я өлеңі, я қара сөзі жоқ. Қайта, Абай екі сөзінің бірінде қазақ байының, биінің, батырының, ақынының, молдасының надандылығын айтады. Қырық жасына дейін солармен

бірге болып, өзінің де надан болғанына, босқа өмір өткізгеніне өкінеді:

*«Жасымда гылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ержеткен соң туспеді уысыма,*

*Қолымды мезгілінен кеш сермендім»* – деп өзіне өзі кінә тағады. Абай надандықтан, ескіліктен ерте құтылмадым деп өкінеді. Абайдың аңы сөз, өкінішті уайым, үмітсіз торығу сарыны бар деген өлеңдерін алыш қарасаңыз да, көбінде Абай ескіге тартпайды, ескілікті жоқтамайды, алты ауыздықты сөгеді. Білімге ұмтыл, өнерлі бол, баланұды оқыт, егін сал, сауда қыл, түзден мал тап, қол өнерін үйрен, елдің басын қос, қудайды жүрекпен таны - міне, Абай осы айтқандарына қулақ асар адам жоқ, би, болысы арам, өңкей надан деп жылайды. Мұнда, қандай ескілікті көксегендік бар?

Абай ескілікті көксемесе, неге торығады, неге жылайды дер. Бұл өз алдына әңгіме. Мұнын себебін де кейін айтпақпаз. Бұл арада біздің анықтайтынымыз – Абайдың жаны жаралы, сырты бүтін, іші ауру болуы ескілікті көксегендік еместігі. Бұл торығудың түп тамыры Абайдың ескілігінде емес, жаңалығында жатыр. Абайдың көзін жасқа толтырған қазақтың капиталдаса бастаған ескі байының шалалығы, надандығы, шабандығы. Қазақ байының жаңа заманға Абайша берілмей, егінге, саудаға, білімге қырсау, жалтақ, жалқау болғанында. Абайдың өзінің бастаймын, түзеймін деген табы көп артта қалып, ескілікпен көбірек былығып жатса, Абай сол табынан көш ілгері кетіп, сол табын өзіне ерте алмай, қоса алмай әлек. Абайдың басындағы трагедия осында. Абайдың жылау, торығу, жалғыздығы да осында. Абай өз тұсында, өз заманында қазақ байының ең қырағы, ең білімді, ең саналы адамы еді. XIX-ғасырдағы қазақ арасынан шыққан Шоқан Уәлиханұлы, Ыбырай Алтынсарыұлдары да қазақ байының алдыңғы қатарлы, көзі ашық адамдары

еді. Бұлар да қазақты орыс мәдениетіне шақырды, надандыққа қарсы болды. Бұл жағынан қарағанда Абай, Ыбырай, Шоқандар бір беттегі адамдар. Алайда, Абайды Ыбырай, Шоқандармен бір қоюға болмайды. Бұлардың шыққан тегі, табы бір болғанмен әр қайсасының өзіндігі, өзгешелігі бар. Абайдың Ыбырай, Шоқандардан бір үлкен айырмасы – Абай қазаққа жақынырақ болды, қазақты жақынырақ білді, әсіресе қазақтың байын жақсы білді. Абайдың екінші бір артықшылығы – Абай, өзі сезсін, сезбесін, қазақ байының келешегінің жоқтығын ашығырақ көрсettі, өзгеден бұрын сезді, бұрын айтты. Абай өлеңдерінде, қара сөздерінде:

*«Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсे қызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан алауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған міндейді».*

*«Қызмет қылып мал таптай,  
Ғылым оқып ой таптай,  
Құр үйінде жатады.  
Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып,  
Жұз құбылған салт шықты.  
Пысық кім деп сұрасаң –  
Қалага шапса дем алмай,  
Өтірік арыз көп берсе,  
Сыбырдан басқа сырды жоқ,  
Шаруага қыры жоқ,  
Өтірік пен өсекке,  
Ағып тұрса бейне су».*

(1886 ж.)

«Ел жамаган билер жоқ,  
Ел қыдырып сандалды.  
Астыртын барып жолгасқан,  
Ақша беріп жалгасқан,  
Ақысын әрең сол алды.  
Орыс съезд қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Кү старшын, аш билер  
Өз жүргегін жалгайды».

«Нанымы жоқ, анты бар,  
Ел нұқсағы кетті гой,  
Елмін деген салты бар.  
Әлі күнге уайым  
Қылған жсан жоқ, ұялмай».

(1887 ж.)

«Мәз болады болысың,  
Арқага ұлық қаққанға,  
Шелтірейтіп орысың,  
Шенді шекпен жапқанға.

Оқалы тон тола ма,  
Ар-ұятын сатқанға?!»

(1889 ж.)

«Ұрысса орыс,  
Елге болыс,  
Үйден урген итке ұсан.  
Өзі ұлыққа  
Кәдірі жоққа  
Қарамай, өз халқына  
Қолына алып,  
Бәле салып

*Аңдығаны өз елі.  
Ел де жаман  
Ер де жаман  
Елде сияз  
Ойда ояз,  
Аңдығаны өз елі.  
Онбай-ақ тұр ар ұят».*

(1890 ж.)

*«Кітапты молда теріс оқып,  
Дагарадай бол сәлдесі.  
Малқұмар көңілі – бек соқып,  
Бүркіттен кем бе жем жесі?»*

(1891 ж.)

*«Байы — баспақ,  
Біі саспақ,  
Әулекі аспақ сыныра қу.  
Ақы берген,  
Айтса көнген,  
Тыныштық іздер елде жоқ.  
Оңға тартқан  
Жөнге қайтқан,  
Ақыл айтқан пенде жоқ,  
Су шығар ма.  
Сөзді ұғар ма?  
Сыныра шалман, жел буаз.»*

(1892 ж.)

*«Жалын мен оттан жаралған  
Сөзді ұғатын қайсың бар?  
Партия жиын, пара алған,  
Бейілді кедей байсыңдар.*

*Nесі өмір, несі жұрт?  
Өңшең қырт, бас қаңғыртар!»*

(1903 ж.)

Міне, Абайдың көрген, білген елі осы. Ел дегенде, Абай елдің байын, биі, болысын, молдасын, тілмашын көреді, осыларға қарап елге баға береді. Абай өзі бай табының ақыны болғандықтан, басқаны ол не көре алмайды, не көрсе де бай көзімен ғана көреді. Абайдың ойынша елді ондырса ондыратындар елдің ат үстіндегі «жақсылары» - байы, биі, болысы, молдасы. Бұлардың бірде-бірі Абай ойлагандай емес: «Байы баспақ, биі саспақ, ку старшын, елді андыған арбаған жебір болыс, партия жиып, пара алған сыпыра ку өңшең надан». Абай осыларды түзеуге тырысты. Мінін көріп, ақылын айтты. Бірақ,

*«Сыбыр бол сөзі,  
Мәз болып өзі,  
Ойланар елдің, сиқы жоқ.  
Агайын бек көп,  
Айтамын ептеп,*

*Сөзімді ұгар біреу жоқ»,* - деп Абай шынын жаңа айтты. Шынында да Абай бастаған қазақ байы Абай тілегендей емес еді. Абай тілеген бай қазақ даласының отар заманында мүмкін де емес еді. «Сабасына қарай піспегі, сақалына қарай іскегі». Қазақтың баспақ байы, ку старшыны, «аш» биі, жебір болысы отар елдің бел балалары еді. Орыс патшасының қолтығында өскен орыстың үстем таптарынан (помещигі, капиталистері) үлгі алған қазақ байларынан үлкен жұмыс, үлкен өзгеріс күтүге мүмкін емес еді. Феодализм мен капитализмнің басын қосқан, екеуімен де ауыл үй қонған қазақ байы «тым баспақ» болды. Дүниеден көпті тілеген жоқ би, болысты ғана арман қылды. Орыс ұлығына құл болды. Тәңкерістен бұрынғы қазақ қалқының басына кара тұман орнаған заманда қазақ байының қотан басындағы

кынқылдан асып түк істей алмағанының да негізгі себебі осыдан еді. Абай сынды ақын осындай керілігі надандығы құшті таптың ұлы болды. Осы табынан қол үзіп кете алмады. Сондықтан, басқаны көре алмай, өз табына ырза болмай, ақын Абай уайымға салынды, кезіне жас алды.

*«Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ  
Күлкішіл кердең наданның.  
Қайнайды қаның,  
Ашиды жсаның,  
Мінездерін көргенде;  
Білмеген соқыр  
Қайғысыз отыр,  
Тамагы тойса жатуға.  
Не ол емес, не бұл емес,  
Мениң де күнім — күн емес.  
Ғылымды іздеп,  
Дүниені көзден,  
Екі жаққа үңілдім.  
Құлагын салмас,  
Тіліңді алмас  
Көп наданнан түңілдім.  
Ауырмай тәнім,*

*Ауырды жсаным»,* – деп ақын Абай жылайды, жылайды да жырлайды. Ақын табынан аса алмаған соң, жырлап жылаудан басқа ештеңе таба алмайды. Міне, Абайдың торығу себебі осында жатыр. Абай өлендеріндегі, сөздеріндегі қайшылықтың да түп сыры отар елде үстемдік құрған қазақ байынан аса алмағандығында жатыр.

## **Абайдың реализмі**

Абай өзінің 20 жылдай жазған ақындық өмірінде өлеңінің көбін қазақтық әлеумет құрылсызы жайында жазады. Абайдың өлеңдерінде, мақалаларында әлеуметке тимейтін сөзді аз табасын:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.*

Абайдың осынысы бір рас сөзі. Шынында да, Абайдың сөзі, өлеңі ылғиына өсиет, ақыл, сын болып келеді. Ең аяғы Абай өзінше пәлсапаға түсіп жалпы мәселелерді көтергенде де сөзінің аяғын қазақпен бітіреді. Бұл әлде қалай нәрсе емес. Осының өзінде Абайдың таптық беті, артық, кемдігі бірдей көрінеді. Жұрт ақыны болып, халық қамын қайғырғаны, өзі көрген әлеуметінің кем-кетігін жамауға тырысканы жаманды түземек болғаны, кейінгі жасқа үлгі берем дегені - бар ақындығын осыған жұмсағаны - бұл, әрине Абайдың жақсылығы. Абайдың өзінен бұрынғы қазақтың феодал ақындарынан анағұрлым артықтығы. Абайдан бұрынғы қазақ ақындарының көвшілігі:

*«Ақындары ақылсыз, надан болып,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қарман.  
Қобыз бен домбыра алып тоңта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап  
Әр елден өлең менен қайыр тілеп,  
Кетірген сөз кәдірін жүртты шарлан.  
Мал үшін тілін брезеп, жсанын жалдан,  
Мал сұрап біреуді алдан, біреуді арбан,  
Жат елде қайырышылыш қылып жүріп,  
Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап.*

*Қайда бай мақтанишаққа барған таңдал,  
Жиса да, бай болмапты, қанша жалдан».*

Абайдың мұндай ақындармен еш бір салыстыруға болмайды. Абай бұлардан білімімен де, ақындығымен де озды.

*«Ескі бише отырман бос мақалдан,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлан.  
Мақсатым - тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жаса жігіттер,  
Думан - сауық ойда жоқ әуел бастан»*

Абайдың бұл сөзі жаңа сез. Өз тұсында қазақ жүртшылығын ілгері бастырған сез.

Қазақ тұрмысын суреттегендеге Абай надан ақындығана көрген жоқ. Абай көзіне надан «баспақ» байда түсті. Ел жегіш, жемқұмар би, болыс, надан берекесіз ел, арам молда, пысық, қу жігіт, жалқау кедей, мектептердегі оқалы киімге сусаған шәкірт - Абай бұларды да көрді. Көргенде, бұлардың алдымен жамандығын көрді. Жексүрын мінездерін тапты. Абай өз тұсындағы қазақ байының образын бергенде байдың надандығын, «баспақтығын,» пейілінің кедейлігін көрсетеді. Абайдың:

*«Байы – баспақ,  
Биі саспақ,  
Әулекі аспақ сыйыра қу.  
Партия жиынп, пара алған,  
Пейілі кедей, байсындар»,* - дегені, я болмаса қара сезіндегі қазақ байының: «Көнілдері көтке, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, ешнәрсе малдан қымбат емес. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның (қазақ байының. F) діні, құдайы, халқы, жүрті, білімі, ары, ұяты жақыны бәрі - мал» деп сипаттағаны Абайдың реалист ақын

екендігін дәлелдейді. Абайдың осы аз сөздерінде қазақ байының бір сыпыра таптық сипаттары, мінездері айтылады. Капиталдаса бастаған қазақ феодалдарының малы көп болса да, пейілі кедейленіп, маңайын жалмап отыратыны өтірік пе? Қазақ байының ар-ұятын, құдайын, ағайын-жұртын, бәрін де малға сататыны өтірік пе? Байға малдан қымбат ештене жоқ қой. Қазақ байының қазақ халқын малға сатпаған күні бар ма? Алғаш орыс патшасы қазақ даласын отарлап, қазақ халқының басына қамшы ойнатып, қара тұман орнатқанда, халқын сатып, орыс патшасына шен, шекпенге, акшаға жүгірген қазақтың байы, ханы, құлтаны, биі емес пе? Орыс патшасының қорлық-зомбылығына шыдамай, елдігімізді көрсетейік, топ жинап, наразылығымызды білдірейік деп патшаға қарсы көтерілген көтерілістерінде де қазақты жығып, ұстап беріп, елін талан-таражға, елін айдауға түсірген де тағы қазақтың осы байы емес пе? Тіпті, арғы заманды қояық, бергі өзіміз көзімізben көрген заманда да қазақ байының мал үшін арын да, халқын да, ағайын-жұртын да түтел сатытыны анықталмады ма? 1916 жылғы қазақ халқының сыпыра көтерілген көтерілістерінде, орыс патшасына қазақты жығып берген тағы қазақтың байы емес пе еді? Бергі төңкеріс тұсында да қазақ байы малынан артық ештеңесі жоқ екенін көрсетпеді ме? Колчак, Анненков, Дутов сықылды патшашылдармен, ұттын, ұттын сатып бірікпеді ме? Абайдың қазақ байы «малға - құдайын, дінін, халқын, білімін, ағайын-жұртын, ар-ұятын - бәрін де сатады» - дегені қазақ байының таптық сипаты еді. Осыны Абайдың көре білгені, айта білгені Абайдың реалистігін, үлкен ақын екендігін дәлелдейді.

Абай тұсында қазақтың ел бастаған «жақсылары» - би, болыс, старшындар болды. Осылардың да таптық

сипаттары, мінездерін байшыл ақындардың ішінде Абайдай айтқаны жоқ. Абайдың ел берекесі кетті, ел қамын ойлар жан жоқ, ел партия - сұрқиялтыққа молықты дегендері де осы ел «жақсыларына» айтылған сөздері болатын. Абай жазады:

«Мәз болады болысың,  
Арқага ұлық қаққанға,  
Шелтірейтіп орысың,  
Шенди шекпен жапқанға.  
Оқалы тон бола ма,  
Ар-ұяттын сатқанға?!  
Қолына алып,  
Бәле салып,  
Аңдығаны өз елі.  
Шашты малын,  
Берді барын  
Боларында жүрттына.  
Елде сияз,  
Ойда ояз,  
Оңбай-ақ тұр әр түрі.  
Орыс сияз қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Ку старшын, аш билер,  
Өз жүргегін жалгайды.  
Бас қосылса арысқа,  
Кім шабады намысқа?  
Жатқа қарар беті жоқ,  
Жалынбай тұрар көті жоқ».

Абайдың осы аз сөздерінде көп мағына бар емес пе? Абай осы сөздері мен қазактың биі, болыс, старшындарының таптық образдарын көрсетпей ме? Ар, ұяттын сатып, малын шашып, шен, шекпенге сатылмаған қазакта болыс бар ма еді? Ел жұмысында

жүргендерде, елге пәле салып, елді жалмап жеген жебір болыс, қу старшын, «аш» билер емес пе еді?

Орыс патшасының қол астында қазақ халқы 150 жылдай бодан болды. Мал, жанында ерік болмады. Елдіктен шықты, жерден айрылды. Қазақ даласын қараңғылық қаптаған осы тар заманда елдің шырқын бұзып, берекесін алған, елді сыртқы жаумен бірге қан қақсатқан талан-таражға түсіріп, үргін-сүргінге салған тағы осы «жебір болыс, қу старшын, аш билер» емес пе еді? Абай сынды реалист ақын бұларды да көре білді. Жауыздық сипаттарын ашып айта білді. Абайдан бұрынғы қазақ ақындары патшаға барып, қазақты сатып, шен-шекпен алған қазақтың ханын, сұлтанын, би, болысын мақтаушы еді. Өзгеге үлгі, арман қылушы еді. Өзін сатып, өнерін сатып, орыстан шен, шекпен алғандар мен надан ақындар мақтанушы еді. Абай мұндай ақынның да ар-ұятын, халқын сатып шен-шекпен алған би, болыстың да жексүрін екендігін өзгеден бұрын көрді. Солардың жексүрін, жеркеніш жаман мінездерін жүртқа әшкереледі. Абайдың ишан, молдаларға берген образдары да - ұмытылмайтын, тауып айтылған образдар. Абай жазады: «Бұ заманың молдалары хакім атына дүшпан болады. Бұлары білімсіздік. Тіпті бұзық пиғыл. Молдаларының шәкірттерінің көбі жүртқа пайдасы тимек түгілі, түрлі-түрлі залалдары көп болады. «Ай-һоймен», мақтанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін бұзық түгіл, бұзықтардың бұзығы. (Астын сызған мен. F) Молдалар тұра тұрсын, «әсіреле бұл заманың ишандарынан сақ болындар... Бұлардан залалдан басқа ешнэрсе шықпайды. Өздері ғалымбыз десе де, шарифатты таза білмейді. Көбі надан болады...» Бұлар адам аздырушылар, адам түгіл, дінге де залады. Бұлардың сүйгені надандар, сөйлегені жалған, (Астын

сызған мен. F) дәлелдері тәспиғы мен сәлделері, онан басқа жоқ». (Абай жинағы 305-306 беттерде)

*Абай осы пікірін өлеңдерінде де айтады:*

«*Кейбірі пірге қол берген,  
Іші залым, сыртыabyz.  
Кейбірі қажыға барып жүр,  
Болмаса да қаж парыз.  
Мұсылмандық ол ойлап,  
Өтеген қашан ол қарыз?  
Кітапты молда теріс оқып,  
Дарагадай бол сәлдесі.  
Малқұмар көңілі – бек соқып,  
Бүркіттен кем бе жем жесі?*»

Тағы бір өлеңінде:  
«*Шалма ораган сопының.  
Іші арам*» – дейді.

Осы Абай айтқан молда, ишандардың надандығы, ғылымға дүшпан екендігі, надан елді азғыруши, сөз де, сопылығы да бәрі жалған өтірік екендігі, қолдарындағы таспиғы, бастарындағы шалмаларынан басқа ештенелері жоқ, бұлар «іші залым, сыртыabyz, ісі арамдар» ғана екендігін,- бәрі де тауып айтылған, дұрыс айтылған сипаттар емес пе? Осы сөздердің ешбір өтірігі жоқ қой. Қазақ халқын ғасырлар бойы қараңғылықта тұтқан, ғылымнан, өнерден аулак ұстаған, қазақтың надан ханымен, байымен қосылып-ап елді сүліктей сорған, еңбекшілердің көзін бояп, жанын азғырып, малын талаған жексүрін сүмырайлар осы молда-ишандар емес пе еді? Бертін қазақ даласын орыс патшасы билегенде қазақ халқын «қақ патшаға намаз қылындар, не айтса да, не қылса да көне беріндер» деп қазақты жасытқан әзәзіл сүмдардың тағы бірі осы молда-ишандар емес пе еді? «Басында сәлде, қолында таспиғы бар, іші арам-залым, сыртыabyz» молда-ишандар төңкеріс

заманында да не істемеді? Сөзі жалған, өзі арам, бұзық екендігін тағы көрсетпеді ме? Қазақ еңбекшілерінің надандығын, аңғалдығын пайдаланып алдап жегені былай тұрсын, тіпті бірінші рет қазақ халқының қолын тенденциялар жеткізіп отырған пролетариат төңкерісіне де қазақ еңбекшілерін қарсы көтеруге әрекет етпеді ме? Осы құзғындардың азды-көпті жүрнағы әлі де бар фой. Молда-ишаңдардың зұлымдығын, өтірік сопылығын Абайдан бұрын ашып айтқан ешкім жоқ. Бірен-сараны болса да Абайдай айтқан жоқ.

Абайдың өлеңдерінде арын сатқан, жанын сатқан атқа мінер, ыржан-қылжаңмен жүрген жалқау жігіт, тілмаш, адвокат, переводчик оязға мұрат қылған интернаттағы оқушылар жайында да бірсыныра шын сөздер айтылған. Абайдың:

«Интернатта оқып жүр,  
Талай қазақ баласы.

Орыс тілі, жазуы,  
Білсем деген таласы,  
Прошение жазуга.  
Тырысар, келсе шамасы.

Ойында жсоқ бірінің.  
Салтыков пен Толстой,  
Я тілмаш, я адвокат.  
Болсам деген бәрінде ой», – дегендері өтірік пе?»

«Қызмет қылма оязга,  
Жанбай жастып сөнуге.  
Қалай сабыр қыласың,  
Жазықсыз күнде сөгуге?»

Қазақ оқушыларының көбінде осы мінез, осы сипат бар емес пе еді? Орыстың тілін, жазуын білдім

деп, анқау елді қан жылататындардың бірі - осы ояз переводчиктері, болыс тілмаштары законщик адвокаттар, жалтырауық, оқалы әпісерлер емес пе еді? Абай осыларды да көрді. Өзі білімге шакырып, қазақ еліне оқы, өнер тап деп отырып, қазақ оқығандараның жекесүрын сипаттарын да көре білгені, - бұл да Абайдың реалистігін, қырағылығын көрсетеді.

Жоғарыда біз Абай заманын сөз қылғанда, қазақ даласында феодализм мен капитализмнің ыңғайласып, келіскеңін айттық. Феодализм мен капитализм бірінен бірі дем берді, бірін бірі толықтырды дедік. Осы тұрмысты Абай да өз өлеңдерінде суреттей білді. Абайдың «Егін сал, сауда жүргіз, түзден мал ізде, қол өнерін үйрен, оқы, өнер тап» дегендері қазақ даласындағы капиталшылық тұрмыстың айнасы, суреті болса, Абайдың «Өсімге қол жайды, тай алып серкешке» дегені, я болмаса қазақ байының кедейге «бір жілік пен бір аяқ саумалдан беріп, дереу оны жұмсайды бір жұмысқа» дегендері - қазақ даласындағы феодалдық тұрмыстың белгілері еді. Шынында да Абай тұсында серке беріп, тай алатын, қозы беріп қой алатын, тайынша беріп өгіз алатын, тын беріп теңге алатын өсімқор «сүтқор» қазақ байлары аз ба еді?

Сұрап берген бір аяқ қымызын, бұлдан, маңайындағы қоңсы-қоландарды, кедей ағайындарын тегін жұмысына салып қоятын байлар аз ба еді? Кедейлерге сауын, ат майын беріп те өзіне құл қылыш, кедейлерді жалақысыз жұмысына салып, салпақтатып қоятын байлар көп еді гой! Абай осыларды да көрді.

Сөз жоқ, Абайдың қазақ даласындағы осы сықылды ескілікті де, жаңалықты да, елді қан қақсатқан аш би, парақор болыс, қу старшын, законщик оқығандарды да көргені әрине, Абайдың қырағылығына, реалист ақын екендігіне байланысты, Абай сықылды күшті,

талантты ақын қазақ елін түзетемін деп отырып, бұларды көрмесіне, айтпасына лажы жоқ еді. Көңілі ояу, көзі ашық, әлеумет адамы болып отырып қазақтың «баспақ», «сүтқор» байын, арам молдасын «аш» биін, жебір болысын, қу старшынын, законщик оқығанын, берекесі кеткен алты ауыз елін көрмеске мүмкін емес еді. Өйткені бұлардың өздері де, істері де жұртқа түгел аян еді. Әсіресе Абай сықылды өз қолымен ұстаган, көзімен көріп қанған қазақ ақынына анық еді.

Біз бүтін Абайдың атын көтеріп, қадірлесек, Абайдың осы өз тұсындағы көргенін, білгенін өткір тілімен жасырмай, жасқанбай айта білгендігіне сүйеніп қадірлейміз. Абайдың осы реалистігін, өз тұсының айнасы, көзі ашық - үлгілі баласы болғанын көріп қадірлейміз.

Алайда, шындықтың шыны бар, реалистің реалисі бар. Абайдың реализмі, шындығы қай реализм, қай шындық? Мұны да ашып алу керек. Әйтпесе, Абайды түгел білмеген боламыз.

Қазақ ұлтшылдары (Әлихан, Ахмет, Міржақыповтар) Абайға «құл» болды. Абай шынды айтты - Абайшыл боламыз десті. Төңкерістен кейін Семей оқығандары (ұлтшылдары) Абай туын көтеріп, жорнал да шығарды. Абайды үлгі қылды. Осы «абайшылдықтың» тап сырь қайдан шықты? Мұның таптық сырь - Абайдың бай ақыны екендігінде, Абайдың шындығы - реализмі, бай шындығы - бай реализмі екендігінде еді. Абай қанша реалист болып, шындықты айттым десе де, оның шындығы қанаты қысқа, өзі тар бай шындығы еді. Абайдың би, болыс, старшын, молдаларды боктағандағы ерлігі, түптеп келгенде, қотан басындағы ғана ерлік еді. Абайдың бұларға айтқанының бәрі де шындал келгенде тек наз еді, «ағайын өкпесі» еді, Абайдың «баспақ», «сүтқор», надан байды сөккенін алыңыз. Абай байдың бәрін сөкпейді, байшылдыққа да қарсы емес. Қайта екі сөзінің бірінде баю керек, әулие-саҳабалар да бай болған

дейді. Абайдың тілейтін арманы жақсы бай, өнерлі, епті бай. Көптең егін салатын, үлкен сауда жүргізетін, орысша оқыған, дінге жақсы түсінген міне осындай бай. Бай осындай болса, Абай ойынша - заман түзелер еді, қазақ елі жетілер еді. Абай қазақ байын сынағанда осы оймен ғана сынайды. Жаман байды - «жақсы» бай қылам деп сынайды. Абайда басқа ой жоқ. Басқа арман да жоқ. Сондықтан, Абайдың шындығы - байды сынауы да көзі ашық, епті байдың шындығынан сынинан аспайды. Абай байшылдықты сынамайды, надан баспақ байды ғана сынайды. Тап көзімен қарағанда, бұлардың бір бірінен түк айырмасы жоқ- екеуі де бір таптың баласы, екеуі де қалың қара халықты жейді, езеді, алдайды. Өйтпесе лажы жоқ. Еңбекшілерді жемесе, алдамаса, арбамаса бұлар байымас еді - бұлардың Абай айтқан жаман мінездері қара басының жамандығынан емес - байшылдығында еді. Бай болып отырып, елді алдамасқа, жемеске болмайды. Бұл бай тұрмысының заңы. Абай мұны ұқпады, ұққысы да келмеді. Абай байшылдықты арман қылды, тек надан «сүтқор» байды ғана сынады. Сондықтан, Абайдың шындығы (реализмі) бай шындығы ғана болды, толық шынды, терең шындығы болмады.

Абайдың аш би, жебір болыс, қу старшындарды сынағаны да осындай ұшқары, үстірт сын еді. Абай би, болыстыққа қарсы емес, Абай - би, болыс, старшын пара алмасын, елді әрекетке салмасын, халыққа адаптылық беріп, қызымет қылсын дейді. Сондағы, Абайдың айттар адаптылық беріп, қызыметі не? Орыс төресін ренжітпе, орыс законының дұрыс орында, пара алма! Міне, Абай шындығының бай шындығы екенине бұл да толық дәлел. Абай:

## *«Орыс теріс айтпайды,*

*Жаман бол деп оларды.*

*Қисық болса, закон бар*

*Судьяга беруге.*» -дейді. Абайдың айтуынша орыстың законы (патша законын айттып отыр.F)

тура, төресі (патша шенеуніктері) әділ осының өзі-ақ Абайдың орыс патшасы мен келіскең қазақ байының тілегінен аса алмағандығын, Абай шындығының осы бай шындығы екенін анықтамай ма? Орыстың (патша, байлары билегенде) законы тұрғанда, қазақ байы үстемдік құрғанда болыстық, биліктің парасыз болмайтындығын Абай ұқпады. Абай бай табының ақыны болып отырғанда қанша қырағы, қанша реалист болса да, ұға да алмас еді.

Абайдың молда-ишандарды сынағаны да осы тәрізді. Абай мұнда да молдалыққа қарсы емес. Абайдың тілейтіні-өтірік айтпайтын шыншыл молда. Молда болып отырып өтірік айтпауға болмайтынын, молдалық пен өтірікбір атаның баласы екенін Абай білмейді. Білгісі де келмейді. Абайдың молданы сынағандағы - «Малқұмар, көңілі бек соқыр, бүркіттен кем емес, жем жесі» дегені - осы молдалықтан шығатын сипат еді. Молдалық құрып отырып, басқаша болуға мүмкін де емес еді. Молдалықтың өзі осы малқұмарлықтан, елді жеушіліктен туған. Ақын Абай бай ақыны болғандықтан мұндай мәселелерге тереңдемеді. Жамандықтың түбіне, негізді себептеріне көз жібермеді. Дүниеге, тұрмысқа бай көзімен қарап отырғанда көруге де мүмкін емес еді. Қысқасы, Абайдың қай мәселе жөніндегі сынның алсаңыз да осы байшылдығын, үстірт сын екенін көресіз. Абай тұсындағы көзі көрген байының, би, болысының, молда-ишандарының сөлемет, қиянат істеуін көрді, сол сыртқа шығып тұрған жексүрүн мінездерін білді, бірақ, осылардың түпкі себебін қайдан қандай тұрмыста болатынын ұқпады, білмеді. Бұған кінәлі әрине Абайдың байшылдығы, өз табынан асып кете алмағандығы.

## **Абай ұлтшылдығы**

Ілияс Жансүгірұлы Абай туралы жазған мақаласында Абайдың ұлтшыл еместігін дәлелдеуге тырысады. Осы пікірін дәлелдеймін деп бір сипыра шатак сөздерге килігеді, ұлken-ұлken саяси қателер жасайды. Әуелі сөзді Ілиястың өзіне берейік:

«Абай не айтса да, не жазса да... жалпы «қазағым», «жұртым» деп жалпағынан сөйлейді. «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» деп бастайды...

Абайдың осы жағын алып, біздің ұлтшылдарымыз Абайды «өзінің Абайы» қылғысы келеді. Олар Абайды түп-түгел мінсіз, қазақ қамқоры қылып алып көтеріп кетеді. Абайдың аты Алаш орда тұсында ұлтшылдық пен қатар жүрді десек, қatalасқан болмаспыз. Онда олар Абайды орыс отарынақарсы ұлтшылдыққа қосып қойып жүрді... Мұны ұлтшылдардан бастап айтқан Байтұрсынұлы Ахмет болды. «Абай патшадан шен алып, шекпен жамылған, елді сатқандарға қарсы болды... Біз Абайдың жолындамыз» дегенді айтты. Ұлтшылдардың да Абайды дұрыстап танимын дегендері бұл пікірге қосылмайтын еді. Ондайлар Абайды орысқа қарсылығына күмәнді еді. Абайды орысқа қарсы ұлтшылдыққа қосуға бара алмады. Рас, Абайдың өзінен бұрынғы ақын дегендердің бәрінен де жүртшылық қызметі, әлеуметтік еңбегінің ауданы кең болды. Ол өз ұруын мақтап, өзгенің ұруын жамандап жүретін қара, надан ақындардан асып ұлт ақыны болды. Бірақ Абай ұлттың орысқа қарсы ұлтшыл ақыны болған емес. Абайдың сөзінде орыстың патшасына қарсы, наразылық жоқ... Біздің Абайдан кейін шыққан ұлтшылдарымыз елдің «алты бақан, ала ауыз» болуының басты себебінің бірін ұлық тәртібінің сайлауы - штаты деп, соған қарсы

байбалам салса, Абай сайлау, штат туралы бір ауыз қарсылық білдірмейді».

*Мұнан кейін Илияс, Абайдың:*

*«Мәз болады болысың,*

*Арқаға ұлық қаққанға,*

*Жылтыратып орыссың,*

*Шенді шекпен жапқанға»,* – деген өлеңдерін келтіріп тағы былай дейді:

«Міне ақынның осы өлеңдерін үстірт оқығанда Абай орыс ұлығының өкілдері-болыстарға улы тіл жұмсаған, шаққан, келемеж қылған, тіпті ұлықтың шен беріп, шекпен жапқанын да іле кеткен. Сондықтан, Абай орыс патшасының ел билеуіне наразы, жарым көңіл, патшаға қарсы ұлтшыл сыйқтанып та көрініп қалады... Осы орыс патшасынан шен алып, шекпен жапқандықты өлең қылған Абайдан соңғы ұлтшыл ақындарының өлең қылуы өзгеше келеді.»

Бұдан кейін Илияс, Сұлтан-махмұттың Шорман ұлдарына жазған өлеңін келтіріп, тағы былай дейді:

«Міне орыс ұлығының қазақ жуандарына, олардың орауына Шормандардың ел сатқандарына - ұлтшыл пікірлі ақын осылай деуі керек... Абайды орыс жиһангершілігіне қарсы қарадай желіндептіп, ондай ұлтшылдықты Абайға бұзау қып телеушілерге айтарымыз осы ғана. Шорманның Садуақасы мен Құнанбайдың Ыбырайының (Абай Қ.) орыс патшасына, ұлығына шамалас пікірде екендігі де даусыз, дәлел керек қылмайды...»

Ұлтшылдар Абайдың бойындағы ұлтшылдардың бағытына қайшы келетін міндерін де көргісі келмейді. Абайдың патша отарлығына қарсы бола алмағандығын аша алмады. Қайта «патша отарына қарсы болған» дептүсіндіреді. Абайдың орыс тәртібіне қарсы

болмақ түгіл оны жақтағандығын да көре алмады.  
Ұлтшылдардың саяси жолына сөлекет:

«Ала жылан, аш бақа күпілдектер,

Kісі екен деп ұлықтар ұялмай жүр «-деген сияқты  
пікірлеріне наразылық білдіре алмаған». (Абай жинағы.  
29-45 беттерде.)

Біз Ілиястың Абай ұлтшыл емес деп, өзінше  
дәлелдеген сөздерін түгел келтірдік. Мұндағы ойымыз-  
окушылар Ілиястың бұл жөніндегі, мақаласының әр  
жеріндешашыранды болып жатқан сөздерімен түгел  
тәниссын, өз көздерімен оқып көрсін дегендік. Бұл бір.  
Екінші,-Ілиясытың Абайды ұлтшыл қылмаймын деп,  
турлі басқа мәселелерде, өзі де сезбей, үлкен-үлкен  
шатақтарға ұрынғанын көрсетпек едік.

Жоғарғы біз келтірген сөздеріндегі Ілияс пікірінің  
шатақтары қандай? Енді соған келейік.

Ілиястың бірінші шатағы, - Абай мен қазақ  
ұлтшылдарын салыстырып, безбенге салғанда,  
ұлтшылдар (Әлихан, Ахмет, Міржақыптар) орыс  
патшасына, орыс жиһангөршілігіне қарсы болды,  
байбалам салып, күресті деген қорытындыға келеді.  
Біздіңше бұл үлкен шатақ, үлкен саяси кате!

Маркс өз тұсындағы тарихшылдарды сынаған бір  
мақаласында:

«Біздің тарихшылдар әр дәуірді тексеріп білмейді,  
тек сол дәуірдегі замандағы айтылған сөздерге ғана  
сүйенеді, сондықтан адамдардың (ұстемдік құрған тап  
адамдарын айтып отыр. F.) өздеріне қызын қылғанынан  
солардың ойлағанынан ғана біледі» -дейді».

Біздің Ілиястың да ұлтшылдарды білуі осы тәрізді  
болып шығыпты. Ұлтшылдардың тап тілегін, ұстаған  
негізді тап тілектерін анықтап, тексеріп білудін орнына,  
ұлтшылдардың өз сөздерінен нарыпты. Эрине, ұлтшылдар  
төңкерістен бұрын да, соң да қазақ еңбекшілерінің көзін

бояп, алдау үшін өздерін бүтін қазақ қамқоры, қазақтың бұқарасын жақтайтын адамдар қылып көрсепті. Пролетариат төңкерісіне, Совет үкіметіне қарсы болып, орыстың патшашылдарымен ауыз жаласып, біріккенде де - қазақ халқының қамқорымыз, ойлағанымыз қазақ халқының қамы ғана деп соқты. Осылай деп ұлтшылдар мақалалар жазды, ақындары жыр қылды, өлеңшілері ән салды. Сонда, ұлтшылдар солай айтты, қазақтың қамқорымыз деді деп, біз соларға нана қоямыз ба? Ұлтшылдар қара халықтың - қазақ еңбекшілерінің көзін бояды, өтірік айтты деп, біз де бүтін өтірік айтамыз ба? Ұлтшылдардың өтірігіне сеніп, болмағанды болды дейміз бе?

Қай заманда, қай күнде ұлтшылдар орыс патшасымен, орыс жиһангөршілігімен күресіп еді? Қай заманда ұлтшылдар орыс патшасының ел билеу тәртібіне қазақ халқын қарсы көтеріп еді, бастап еді? Біз білген қазақ ұлтшылдары Әлихан, Ахмет, Міржақыповтар төңкерістен бұрын да, соң да бүтін қазақ халқының емес қаазақтың капиталдасабастаған феодалдық байларының ғана қамқоры, жоқшысы болды. Төңкерістен бұрын да, соң да қазақ ұлтшылдары бұл жолынан тайған жоқ, өз табының тілегін, саяси жолын мықты үстады. Қазақтың капиталдаса бастаған байлары еш бір уақытта орыс патшасына, орыс жиһангөршілігіне қарсы болған жоқ. Қарсылығы сол, қайта сол орыс жиһангөрінің отардағы сүйеніші, тірегі болды.

Осы байлардың жоқшысы болған ұлтшылдарда да патшаға қарсылық болған жоқ. Бастығы Әлихан болып, «әділ ақ патшаға құл болды» -бұлар қазақ халқына теңдікті, жақсылықты сол «ақ патшадан» ғана күтті! Анда-санда қазақ арасындағы орыстың шенеуніктеріне наразылықтары болса, бұдан патша үкіметіне қарсылық шықпайды. Өкпе-наразылық, бір тап тұрсын,

бір үйдің ішінде де болады. Ұлтшылдардың да орыс шенеуніктеріне азды-көпті наразылығы осы ошақ басындағы ғана наразылық еді.

Ілияс ұлтшылдардың орыс патшасына, орыс жиһангершілігіне қарсы екендігін дәлелдеу үшін Сұлтан-махмұттың Шорман балаларына шығарған өлеңін келтіреді. Сұлтан-махмұтты мысалға алып, қазақ ұлтшылдарының бәрі осы Сұлтан-махмұт пікірінде еді дегендей болады. Бірінші,- қазақ ұлтшылдары, әсіресе, көсемдері (Әлихан, Ахмет, Міржақыптар) орыс патшасына Сұлтан-махмұттай қараған жоқ. Сұлтан-махмұт ешбір уақытта Әлихан, Ахметтерге үлгі болған жоқ. Сұлтан-махмұттың қазақтың Шорман, Құнанбайларына - өзінше, Әлихандардан бөлек пікірі де болды. Екінші, Сұлтан-махмұтты Әлихандарға қосақтаудың жөні жоқ. Сұлтан-махмұт туралы осы құнғе дейін айттылып жүрген пікірлердің (Сәбит, Ілияс пікірлері) көбі теріс пікірлер. Сұлтан-махмұтты Әлихан, Ахмет, Міржақыптар қатарына қойып, солардай капиталдасқан қазақ байларының жоқшысы қылып шығару-тариҳқа да, Сұлтан-мұхамұтқа да қиянат. Сұлтан-махмұт қазақ феодалдарының ақыны емес-ұсақ байларының (мелкая буржуазия) ақыны. Сұлтан-махмұт орыс патшасына, орыс жиһангершілігіне қарсы болды ма, болмады ма - бұл өз алдына әңгіме. Бұл жөнінде, Сұлтан-махмұт жайында ерекше сөз қылармыз. Бірақ Сұлтан-махмұтты бетке ұстап, бүтін ұлтшылдарды (Әлихандарды) патшага, орыс жиһангершілігіне қарсы курескен қаһарман қылуға еш бір жол жоқ. Дәлел жоқ. Ұлтшылдардың мұндай қаһармандығын тарих та білмейді, біз де білмейміз.

Ілиястың екінші бір шатағы,- Абайға ұлтшылдықты қимауы. Сондағы айтатын дәлелдері - Абай болыстарға ғана қарсы болды, болыстыққа қарсы болмады, орыс

патшасына қарсы бір ауыз сөз айтпады, дейді. Осы да дәлел ме? Абай болыстыққа қарсы, орыс патшасына қарсы ақын болса, бай ақыны болмас еді, онда революционер болареді. Абай, бай ақыны болып отырып, сол бай болыстарға қарсы болып отырса, осының өзі Абайдың қырағылығын, болыстардан артықтығын көрсетеді ғой. Абай болыстарға қарсы болғанда, «сендер шен шекпенге сатыласындар, ел қамын ойламайсындар» деп қарсы болды. Абайдың мұнысы ұлт қамын қайғырғандық қой. Ұлт болғанда, ұлтқа байды басшы қылышп, ұлтшылдарша қайғырғандық қой. Абайдың молдаға қарсылығы, надандыққа қарсылығы, білімге, саудаға, егінге, өз кесібіне шақыруы бәрі де капиталдасқан феодалдар тілегіне сүйеніп жасалады, бәрінде де Абай басшылықты, жақсылықты байлардан ғана қүтеді. Бәрінде де «Халқым, қазағым, жұртыйм» деп отырады. Ұлтшылдар да осыны істеген жоқ па? Абай ұлтшылдардан (Әлихандардан) бұрын айтса, қазақтың капиталдасқан феодалдарының тілегін бұрын сұрыптап, бұрын жырласа- мұндай Абайға ұлтшыл атын қыймай, реніш қылудың не жөні бар?

Шынында, Абайдың таптық жолы саяси жолының кейінгі Әлихандардың жолынан айырмасы жоқ. Абай да, Әлихандар да бір таптың баласы, екеуі де қазақтың капиталдасқан феодалдарының жоқшысы. Сондықтан, ұлтшылдар Абайға жармасы, Абайды «Мандайым ұстаған қазағым» деді. Біздің Ілияс ұлтшылдарға да өкпелейді - сендер Абайды тым көтеріп жібердіңдер, Абай сендердей орыс жиһангерлігіне қарсы болған жоқ, сендер оны қарсы болды дейсіндер дегенді айтады. Тіпті олай емес. Ұлтшылдардың да, Абайдың да орыс жиһангершілігіне саяси жол тұтып қарсы болған жері жоқ. Бұл жөндегі ұлтшылдар орыс жиһангерлігіне қарсы болды деген біздің Ілиястың да, Абай біз сықылды орыс

патшасымен күресіп еді деген ұлтшылдардың да сөздері-әншайін қысыр әңгіме, тұрмыста болмаған ертегі ғана. Ұлтшылдар Абайды ұлттыл еді деп көтерсе, мұның ешбір танданар ештегесі жоқ, мұнан тап сырғы ап-анық. Абайдың көздеген таптық жолын, саяси тілегін алып қарағанда Абай ұлтшылдардың (Әлихандардың) атасы екендігінде және дау жоқ.

Абайдың кейінгі ұлтшылдардан айырмасы бар ма? Эрине, бар. Бар болғанда, ұлтшылдардың Абайдан қырағылығын, артықтығын дәлелдейтін айырма емес қайта, Абайдың артықтығын дәлелдейтін айырмалар. Біздің Ілияс ұлтшылдарды Абайдан артық адамдар, саяси жолы дұрысташ болды деген мағынада бөледі. Шынында, ұлтшылдардың Абайдан асып істеген ештегелері жоқ, Абаймен кейінгі ұлтшылдарды (Әлихандарды) салыстырғанда, алдымен екеуінің заманын қарастыру керек. Абай XIX-ғасырдың адамы. Абай тұсында қазақ даласы орыс жиһангөрлеріне қарсы күресінде әбден женеліп, шаршаған, жуасыған кезі еді. Абай тұсында қазакта қарандырылған тіпті қүшті. Капитализм жаңалықтары енді-енді ғана етек алып жайыла бастаған еді. Ішкі Ресейде орыс патшасы үкімінің қысымы қүшейіп, ақырып тұрған кезі еді. Орыс тәңкерісшілдері айдауда, түрмеде, атылу-шабылуға, құғын-сүргінге түскен кезі еді. Міне, осында заманда қазақ байынан Абай жеке дара шығып, қазақты білімге шақырды, сауда, егін, кәсіпті қүшейт деді. Баспақ байларды, жебір болыс, аш билерді, қу старшындарды, ел жеген оқығандарды сөкті. Ұлт қамын ойлайтын адам жоқ деп зарлады. Толстой, Салтыковтан ұлғі алындар деді. Абайдың бұл сөздері өз заманында қазақ халқын ілгері бастайтын сөздер еді. Қазақ жұртшылығына пайдасы бар сөздер еді.

Бергі ұлтшылдар заманын алсақ бұл заман Абай заманына қарағанда, едәуір ілгері басқан дәуір еді. Ұлтшылдар ХХ ғасырда туды. Бұл кезде қазақ арасында капитализм жаңалығы көнірек сіңе бастаған еді. Қазақ арасында оқығандар көбейді. Орыс қалаларында қазақтың оқушылары көбейді. Ресейде 1905 жылы орыс пролетариаты төңкеріс жасады. Төңкеріс ақырында жеңілсе де, бірақ қалың Ресей еңбекшілеріне әсері тіпті күшті болды. 1905 жылдан бүратана халықтар арасында ұлт қозғалысы күшейді. Одан кейін 1914 жылы жиһангөрлік соғыс басталды. Орыс пролетариаты патшаға қарсы төңкеріс жұмыстарын тағы күшетті. Бұкара халықтың орыс патшасына наразылығы күшейді. Осы наразылық қазақ арасында да күшейді. Аяғы 1916 жылғы қазақ көтерілісіне әкеп соқты.

Бұдан кейін 1917 жылы Ресейде февраль төңкерісі болды, патша үкіметі құлады. Артынан пролетариат төңкерісі болып совет өкіметі орнады. Үкімет пролетариат қолына көшкеннен бері, бұрынғы Ресей, осы күнгі Совет Одағында жаңа өмір, жаңа тарих, жаңа заман басталды. Социализм дәуірітуды. Міне, ұлтшылдар осындай тап күресі қызған, төңкеріс заманында туды. Жаңалық пен ескіліктің, жамандық пен жақсылықтың, төңкерісшілдік пен патшашылдықтың анық айқындалған кезінде туды. Абай төңкерістен бұрын ерте туып ерте кетсе, ұлтшылдар төңкеріс заманында туды, төңкеріс заманында өсіп, төңкеріс заманында іс істеді. Қысқасы, қай жағынан қарағанда да ұлтшылдар Абайдан қырағы, саяси жолы ілгері болу керек еді. Абайдан көп жаңашыл, анағұрлым ер, батым болу керек еді. Абай ерте туып, надан елде надан болып көпті көрмей, білмей, естімей, оқымай бай табынан шығып, ілгері аяғын баса алмаса, енді төңкеріс заманында өскен, көптікөріп білген, көпті

естіген, көп оқыған ұлтшылдар енді Абайшыламай төңкеріске бейімделулері керек еді. Орыс патшасымен де, төңкеріс жолымен де «ашылып» отырып куресу керек еді. Қазақ арасындағы ұлт қозғалысын төңкеріс жолымен үйістырып, тұра бастау керек еді. 1916 жылғы патшаға қарсы қазақ көтерілісін ұлт төңкерісіне айналдыру керек еді. Орыстың төңкерісшілдерімен қол ұстасып, қан майданда солармен бірге болу керек еді. Қазақ халқының қамын шын жоқтаған адамдар осыны істей керек еді. Қазақ ұлтшылдарына осындай болуға жағдай бар еді, мүмкіншілік үлкен еді.

Ұлтшылдар осылардың бірде бірін істеді ме? Абайдан асуудың орнына, қайта ұлтшылдар көп мәселелерде Абайдан кері кетті ғой. Көп мәселелерде ұлтшылдар Абайдың айтпағынан әрі бармады ғой. Ұлтшылдар қазақты окуға шақырды, өнерлі бол деді. Бұл жаңалық па еді? Абай мұны бұлардан бұрын айтты ғой. Ұлтшылдар қазақ байларына болыстыққа таласпа, ақша шашпа, берекелі бол дегенді айтты. Бұл да жаңалық емес қой. Мұны да Абай ұлтшылдардан бұрын айтты. Ахмет молданы сынады, ел жеген оқығандарды сынады, мұнысы да жаңалық емес еді, бұл да Абайдан қалған сөз еді. Қайта, Абай молданы, болыстарды, билерді ұлтшылдардан анағұрлым батым сынады. Ұлтшылдар төңкерістен бұрын да, сон да осы молда- ишандармен би-болыстармен ылғына баталас, табақтас болды.

Қысқасы, қазақ ұлтшылдарының төңкерістен бұрынғы азды-көптітарихи мәні бар, қазақ халқына пайдасы бар деген істері, сөздері - Абайдан келіп жатады. Абай бастап, Абай айтқан сөздер болады.

Төңкеріс тұсындағы ұлтшылдардың істегенін тіпті айтып болмайды. Нағыз екі дайда ұлтшылдар көріне орыстың патшасын жоқтады, көріне халықтың

дүшпаны-жауы болды. Тендік алған еңбекшілерді өздері бас болып құлдыққа салды. Патша үкіметінің әдісіне түсіп, қазақ еңбекшілерін қырғынға салды. Төңкерісшілдерін атты, асты, елін шапты. Төңкеріс заманында ұлтшылдар қазақ арасында баяғы ескі заманды орнатпақ болды. Әрі кеткенде хандықты ойлады, ол болмаса, баяғы орыс патшасына, байларына «жағынып жалтақтаған, көті жок» Абай айтқан қазақтың сұмырай, жексүрүн би, болыстарының рөлін атқаруға тырысты. Бірақ бұл ойларына жете алмады. Пролетариат төңкерісі арқасында қазақ еңбекшілері ұлтшылдардың желкесін үзді, биліктен қуды, үкіметті өз қолына алды.

Абай тірі болса, осындай қаранғылық бұлты арылған өткені де, келешегі де анықталған заманда қай жақта болар еді? Әрине, әулиелік қылу қын. Алайда Абай сықылды талантты күшті, өмір бойы ізденіп білемін деп білімге, өнерге сусынын қандыра алмай кеткен ірі ақын, төңкеріс заманында ата жолына бәлки күрмелмес еді. Ілгері аяқ басар еді дейміз. Тегіне тартпай, еңбекшілер тобына қосылар еді дейміз. Абайдың өзі де «Атан баласы болма, адам баласы бол» деген болатын.

Илиястың үшінші қатесі, - Абайдан бұрынғы ақындар надан болғандықтан ру ақыны болды дегені. Бұл сөзді дәлелдегендеге Илияс қазақта ол кезде «қоғам құрылышының өзі ру құрылышы еді» - дейді. Мұнысына да қосыла алмаймыз. Абайдан бұрынғы қазақзаманы қай заман екенін біз жоғарыда айттық. Илиястардың ол кез ру заманы деген қателігін дәлелдедік. Сол сықылды, Илиястың Абайдан бұрынғы қазақ ақындары ру ақыны дегені де кате дейміз. Абайдан бұрынғы «руын» мақтайтындар, шынында руды мақтамайды, «ру» ішіндегі байларын, билерін, сұлтандарын мақтайды. Бұл кезде қазақтың руга бөлінуі, бұрынғы ескі мағынасын

жойып, жаңа мағына алған болатын. Бұрын, ру, негізінде шаруашылық қоғамы (производственная ячейка) болса, енді бұл кезде (ақындар кезінде) әкімшілік ауданына айналған болатын, батыс тарихындағы кінәздардың поместиелері сықылды болған. Сондықтан, мұндай заманда туған ақындар да сол кезде үстемдік құрған «ру» басындағы бай, би, сұлтандарды жыр қылған. Жазаласа, ол кезде әрбір үлкен байдың, сұлтанның меншікті - өз ақыны болатын. Осындай ақындар өз байларын мақтап жыр қылатын, бір бірімен айттысатын. Міне, мұндай ақындардың бәрі де ру ақыны емес, феодал ақыны еді. Абайдан бұрынғы қазақ ақындарының да көпшілігі осы феодалшыл ақындар еді. Бұлардың өлеңдері көбінесе сол өз байларынан аспаушы еді. Ұлт қамын қайғыру, бүтін қазақ байларын тұтас алып жырлау тіпті жоқтың қасында болушы еді. Бұлардың феодалдығының белгісі осында еді. Ал, Абайды алсақ, бұл - «қазағым, ұлтым, жұртым» деген сарынға түсті. Бұл өз байым жақсы, бөтен бай жаман деген жоқ, байды алаламай түгел алды. Міне, бұл Абайдың бұрынғы ақындардан басқалығы, жаңалығы еді. Бұрынғы ақындар «ру» басындағы бір бірінен бөлек жатқан ескі байлардың тілегін жырласа, Абай капиталдаса бастаған, бір бірімен араласа, базарласа бастаған жаңа байлардың тілегін жырлады. Мұндай байлардың аузына ұлт қамы түсті. Жана байдың бірі - ақын Абай да «қазағым, халқым, жұртым» деп шықты.

Абайдан бұрынғы соңғы қазақ әдебиетін тексергенде Абай қазақ әдебиетінде кесек орын алып жатады. Абай қазақтың жазба ұлт әдебиетінің атасы болып шығады. Абай өзінің 20 жылдық поэзиясымен қазақ әдебиетінде өз әлінше школа жасады, жаңа бағыт ашты. Абайдан соңғы шықкан ұлтшыл ақындар - сол Абай школасынан туған ақындар. Рас бұлардың Абайдан заманы басқа,

әрқайсысының Абайдан айырмасы, өзгешелігі де бар. Бірақ сонда да Абаймен бұлардың тап тілегі, жалпы сарыны бір. Ахмет, Міржақып, Мағжан, Шәкәрім тағы осы сықылды қазақтың байшыл ақындарының төңкерістен бұрынғы жазғандарында Абай әсері тіпті күшті болды. Абайды бәрі үлгі қылды. Төңкерістен бұрын бұлардың ішінен Абайдан үздік шығып поэзияда жаңа тема, жаңа мазмұн, жаңа түр тапқаны болған жок. Окушыларға белгілі, төңкерістің алдында қазақтың байшыл әдебиетінде үлкен әсері болған адамдар Ахмет, Міржақыптар. Осыларды қазақтың езге ұлтшыл ақындары үлгі қылды. Сол үлгі қылған Ахметтің өлеңдерін алып тексерсөніз де Абай әсері ап-анық көрініп тұрады. Ахмет мазмұн жағынан ғана емес, тіпті түр жағынан да Абайдан үлгі алады, Абайға еліктейді.

1915 жылы Абай туралы жазған мақаласында Ахмет былай дейді:

«Абайдың езі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп қата шығарып ешкім жарата алмайды... Абай сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, ашпай айтылған еш нәрсесі жок. Бәрі де дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған окушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, окушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді». («Қазақ» №40)

Ахметтің осы сөзінде де Абайдан оза алмағандығы көрініп түр. Абайдың не өлең түрінен, не пікірінен Ахметтердің ешбір мін таба алмаулары тегін емес. Мұның тұп тамыры жоғарыда біз айтқан Абайдың тап сырында жатыр. Ұлтшыл ақындарға Абай пікір жағынан да, ақындық жағынан да аға болды. Міржақып, Ахметтер төңкерістен бұрынғы мақалаларында мұны ашық жазады. Төңкерістен кейін де ұлтшылдар осылай десті. Бірақ, ұлтшылдар Абай жайында осындай үлкен шу көтерсе де, іс жүзінде Абайдың айтқанын түгел

орындағады. Жоғарыда біз Абайдың надан бай, аш би, қу старшын, шенқұмар, парақор болыс, өтірікші молда, сүм тілмаш, переводчик, қалжыңбас бозбала - қысқасы қазақ ауылындағы ұстем таптын басты адамдарының бәрінің де образдарын өлеңмен суреттеп бергенін айттық. Осылардың бәрін де, Абай жаман жағынан алғып көрсетті. Ашы, улы тілмен өлтіре шақты, қатты сынаады. Ал XX ғасырда туған ұлтшыл ақындарды алғызыз. Бұлардың бірде бірі байды, биді, старшын, молданы Абайша сынай алды ма? Абай поэзиясындағы сынау бағыты ұлтшыл ақындарда болды ма? Жоқ, болған жоқ. Ұлтшыл ақындарда байды, молданы сынау, ұстем таптың (байдың) жексүрын арамдық мінез сипаттарын әйгілеу болған жоқ, болса тіпті аз болды. Төңкерістен бұрын ұлтшылдар қазақ қалін жалпы қайғырды. Онда да қазақ ішіндегі жексүрын образдарды аша алмады. Бертін төңкерістен кейін ұлтшылдардың ісіне де, тіліне де толық бостандық болған кездे - бұлар ауылдың байымен, би, болысымен, ел жеген тілмаш переводчиктерімен, молда-ишишандарымен көріне ауыз жаласты, осыларға арқа тіреді. Міне, бұл жағынан алғып қарағанда, ұлтшылдар Абайды сөзде көпіртіп көтерсе де, іс жүзінде оның айтқанын орындағады. Абайдың жексүрын деп сынаап, мінеп кеткен адамдарын ұлтшылдар қолға көтерді, сүйеніш қылды.

Абай поэзиясында жылау сарыны бар дедік. Осы сарын ұлтшыл ақындарда да болды. Алайда, осы Абай жылауы мен ұлтшылдардың жылауында да азды-көпті айырма бар. Абай жаңалыққа жете алмадық, өнер таба алмадық, ескіліктен, надандықтан құтыла алмадық деп жылайды. Абайда ескілікті көксеп жылау жоқтың қасында. Ал ұлтшыл ақындарды алсақ, бұлардың жылауында ескілікті, қазақтың баяғы хандығын жоктағандық күшті. Ұлтшылдар

жылауының түп сарыны - қазақты ескі заманға тартып жатады. «Алаш» көсемдерінің қазақ ханын көтереміз деуі, орыстың қара жұзді патшашылдарымен бірігіп пролетариат төңкөрісіне қарсы шығуы осы ұлтшылдар поэзиясындағы жылау сарынында тап сырын, негізгі саяси бағытын ашып береді. Сондықтан біз Абайдың поэзиясындағы жылау сарынын да, ұлтшылдар өзінше бұрмалады кері тартты дейміз.

Абай кедей мен байдың арасын жақсы көрді. Бұл екеуі бір біріне қарсы тап екенін ашып айтты. Абай өзі жақсылықты жалғыз бай табынан ғана күтті. Мұнысын өзі де жасырмады. Ұлтшыл ақындар осы жағынан қарағанда да, Абайдан көп кейін жатыр. Абайда тайсалмай, жасырмай, көмекслетпей тұра айту бар. Ұлтшылдарда Абайдың бұл мінезі де жоқ. Бұлар әуелі қазақтың байы мен кедейі екі тап екенін, бір біріне қарсы екенін жасырды. Қазақтың байы кедейін тегін асырайды, бір біріне бөтендігі жоқ, бір үйдің баласында деп ұғындырыды. Екінші ұлтшылдар өздерінің байшылдығын бүркеп, бояп жүртты алдағысы келді. Біз бай кедейге бірдейміз десті. Іс жузінде - байды ғана жақтады, солардың ғана тілегін орыннады.

Қазақтың байшыл ұлтшылдары Абайды осылай жарым-жартылап кесіп мінеп пайдаланды. Көбінесе Абайдың жақсы жағын, ілгері бастайтын сөздерін бұзып жаруға тырысты. Абайды бір беткей қолдады. Бұл да әрине ұлтшылдардың Абайдан аса алмағандығын, қайта кейбір негізді мәселелерде кейін жатқандығын дәлелдейді.

## **Абайдың кедейге, бұқараға көзқарасы**

Қазақ ұлтшылдары Абайды «тап ақыны емес, бүтін қазақ біткенге ортақ, ұлт ақыны. Абай қазақты бай, кедей деп бөлмейді, оған бәрі бірдей, ол тап тілегінен жоғары көтерілген ақын» дейді. Ұлтшылдардың осы пікірлерін Абай жинағына жазған мақаласында Илияс толық келтірген, сынаған. Біз сол Илияс сыннына қосыламыз. Сондықтан оның айтқанын тағы қайталамаймыз. Тек қосымша ретінде айтылатын сөздерге ғана тоқталамыз. Ұлтшылдардың ішінде Абай туралы пікірін ашығырақ сұрыптаған Мұхтар. Илияс мақаласында Мұхтардың мынадай сөздерін келтіреді: «Абай - тап таласы мен бай, кедей деген жіктердің барлығынан да жоғары шығып, жалпы қазақ елінің бар табына бірдей қарайтын ұлт ақыны болады. Осы жағынан қарағанда Абай сөзіндегі ана ағым, мына сарын кедей табынікі емес, бай табы, билеуші таптікі дерлік айқын белгілерді біз өлеңінің ішінен таба алмаймыз».

Бұл сөздерді Мұхтар, әрине, өзінің байшыл, ұлтшыл болып жүрген кезінде айтуы керек. Қазіргі Мұхтар бұған қарсы болуы керек. Алайда әңгіме Мұхтарда емес, Мұхтардың байшыл, ұлтшыл пікірінде ғой. Бұл пікірден бәлки Мұхтар кетсе де, әлі кетпеген басқа ұлтшылдар, не солардың ықпалына түскендер әлі көп. Коммунист болып жүрген кезінде «Абайдың байдың жырын жырлағаны аз» дегенді Үйдірыс та айтқан болатын. Сондықтан, Абайдың кедейге байдан кем жаны ашымады, екеуіне де бірдей қарады деген сөзге кеңірек, көбірек тоқталуымыз керек.

Біз - марксшілдер тап заманында таптан жоғары ақын болмайды дейміз. Қандай ақын болса да, таптан бөлектеніп кете алмайды. Белгілі бір таптың тілегін

жырлайды дейміз. Бұл марксшілдіктің әліп-би. Бұл сөз тарихта, күнбекүнгі тұрмыста, әрбір ақынның өлеңінде анықталған сөз. Абай да сол көптің бірі. Абай да белгілі бір таптың ақыны. Біз жоғарыда Абайдың таптық бетін, жолын анықтағанда - Абай қазактың капиталдаса бастаған байының ақыны дедік. Мұны Абайдың өз сөздерімен, тілектерімен дәлелдедік. Бірақ, біз Абай тап ақыны дегеннен оны өзге қазаққа керегі жоқ ақын, не ұлт ақыны емес деген сөз шықпайды. Мұндай сөзді қызыр, қияңқы содырлы солшылдарғана айтады. Абай тап ақыны болып отырса да, ол ұлт ақыны болды дейміз. Ұлт ішінде капиталдаса бастаған байдың жыршысы болып отырса да оның өлеңдерінде қазактың жалпы бұқарасын да ілгері бастайтын сөздері, есietтері болды дейміз. Абайдың ұлт ақыны болуы оның тап ақыны екендігіне бөгет болмайды, қайта, толықтырады, анықтай түседі. Біздің Сәкен, Бейімбет, Ілиястарымыз да ұлт ақындары, бірақ сонымен бірге бұлар тап ақындары - қазактың қалың бұқарасының пролетариат жыршылары.

Абайдың біз байшыл ақын дедік. Феодалдықтан капиталшылыққа ауысқан ақын дедік. Абайдың осы байшылдығы оның басқа таптарға, әсіресе, қазактың кедейіне көзқарасында анық көрінеді. Абайдың мақала, өлеңдерінде кедей туралы аз айттылады, алайда, сол аз айтқанының өзінде де Абайдың байшылдық жолы ашық көрінеді. Ілияс, Абайдың кедейге көзқарасын анықтағанда Абайдың бір-ақ өлеңі бар депті. Шынында, Абай кедей туралы бір өлең де емес, әлденеше (4-5) өлеңдерінде айтады, және қара сөздерінде де бар. Абайдың осы кедей туралы жазғандарын оқығанында алдымен көзге түсетін бір нәрсе - Абайдың бай мен кедейдің арасын жақсы білгі, екеуінің бір-біріне тілегінің қайшылығын жасырмай айта алуы.

«Қай жерінен кедейдің тұрсын күйі?  
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,  
О да қылған малишіга (байдың. F) үлкен сыйы.  
Қар жасуса да тоңбайды бай баласы,  
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.  
Бай ұлына жалши ұлы жасалынышты,  
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.  
Жалши ұлына жаны ашып, ас бермес бай,  
Артық қайыр, артықша қызметке орай.  
Байда мейір, жалшида бейіл де жоқ,  
Андастырған екеуін құдайым-ай?»

Абайдың осы сөздерінде бай мен кедейдің арасы, бір біріне тілегінің қайшы екендігі ашық айтылмай ма? Абайдың «Жалши ұлына жаны ашып, ас бермес бай» дегені шын сөзі ғой; және терең сөзі ғой. Ұлтшылдар ылғына «қазақтың байы кедейіне тегін мал береді, ас береді» деп жүрттды алдаушы еді. Байдың кедейге істейтін зорлығын жасырушы еді. Абай мұны жасырмай ашып айтып отыр.

«Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,  
О да қылған малишіга үлкен сыйы.»

Абайдың осы екі жол өлеңінде байдың кедейге істейтін қиянаты, бай пейілінің жамандығы анық көрсетілмей ме? Қазақтың Абайдан кейінгі аты бар байшыл ақындарынан мұндай ашып айтылған сөздерді ести алмайсың. Байдың кедейге тегін мал бермейтіні былай тұрсын, есігінде күні-түні жұмысын істеп журген жалшиға сиырдың боғын да әзер-мәзәр қиятынын, оны да сый есебінде беретінін көре білгені, бұл Абайдың өзге байшыл ақындардан артықтығын, үлкен реалис ақын екендігін растайды. Абайдың өлеңдеріндегі күзгі бай үйі мен кедей үйін салыстырғаны, бай баласы мен кедей баласын салыстырғаны - екі таптың арасын толық көзге елестететін образдар. Бай үйінде бәрі бар

- тамақ тоқ, киім көк. Жаңбырлы сүйк күзің де байға ештеңе емес. Байдың отыны көп, киізі көп, үйі жылы. Кедейдің үйінде киерге киім жоқ, ішерге тамақ жоқ. Үй жылдытарға отын және жоқ. Бай баласы тойып, еркелеп жыласа, кедей баласы тоңып, аштықтан жылайды. Міне, осы екі тұрмысты, екі таптың өмірін Абай үш-төрт ауыз өлеңмен айтып береді. Бірақ, Абай кедейдің жаман қалін көре білсе де, кедейге істеген рахымы жоқ. Абай кедейге сол өзінің жазып отырған мейірімсіз, сараң байынан артық қарамайды. Абайдың байшылдығы кедей жөнінде сөз қозғағанда тіпті ашып айтылады. Абайдың пысықты сынаған өлеңдерін алыңыз. Қазақтың қу пысығы жайында Абай әлденеше рет жазады. Қазақты бұзушылардың бірі осылар деп келеді. Кейбір сөздерінде қазақты осылар билеп кетті деп те жазады. Пысықтың, қудың образын Абай жақсы жазған. Абай жазған қу, пысықтар қазақ тұрмысында көп болған. Бұлар бай билеген тұрмыстың бел баласы еді. Біз, Абайдың пысықтарды түйрекеніне қарсы емеспіз. Абайдың пысықтарға берген образы ұмытылмайтын образдың бірі. Жазаласа, Абайдың сол пысықтары біздің заманымызда да әлі тірі. Бай бастаған тұрмыстың біздегі қырсықты-зиянды мұрасының бірі осы атқамінер, қу пысықтар. Абай осылардың жексүрын, арам бетін көркем сөзбен айнаға салды, анық суретін берді. Бірақ, біз Абайдың қорытындысына қарсымыз. Абай осы пысықтардың бәрін кедей қылады. Және оның ойынша кедейліктен қу, пысықтар ғана шығады, қу болу кедейліктің таптық сипаты дегенді айтады. 1894 жылы жазған бір мақаласында Абай: «Қазірде орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да түр... Жақсы атаниң балалары да көп оқыған жоқ; қайда кедейдің баласын орысқа зорлап береді. Олар осыдан артық қайда барсын» - дейді. 1897 жылы жазған

бір мақаласында Абай тағы осы пікірді айтады: «Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетіні несі?» - дейді. Абайдың пысық, қу жайындағы жазған өлеңдері де осы сарында болып келеді. Пысықтың бәрі кедей, кедейден жақсы кісі шықпайды - міне кедей жөніндегі Абайдың қорытындысы. Абайдың бұл пікірі әрине оның таптық пікірі. Бай табының ақыны болып отырып Абай басқаша айта алмайды. Байдың көзінде, әрине, кедейден жаман қор кісі жоқ. Байдың ойынша кедейліктің өзі - жамандықтың белгісі, жаман адамғана кедей болады. Кедейге Абай да осы байшағана қарайды. Сондықтан, Абайдың «Қазағым, жүртүм, елім» деген сөздерінде кедейлер есепте бар, бірақ санатта жоқ болады. Абайдың елді түзейтін жақсылар шығар деп үміт қылатыны - бай табығана болды. Оның ойынша елді бастайтын жақсы кісілер аталы байлардың арасынанғана шығады. 1897 жылы жазған бір мақаласында қазақты түзеймін деген кісіге не керек деген сұраға Абай былай деп жауап береді: «Әуелі, бес зор, үкімет жарлығы қолында бар кісі болу керек. Екінші есепсіз бай боларға керек». Міне, мұнда да Абай байсыз, байлықсыз ештеңе болмайды, елді байдан басқа ешкім түзей алмайды деп қорытады.

Абайдың байшылдығы жалғыз кедейгеғана емес, бүтін қазақтың қалың бұқарасы жайында да ашық айтылады. Абай баспақ байды, болыс, биді қанша сөгіп, ұрсып отырса да, байдың бәрі осындай демейді. Абайдың ойынша момын бай өнерлі, оқымысты бай - міне бұлар жақсы байлар. Осылардан оқыса, жақсы ел билейтін адамдар шығады, осы пікірін Абай өлеңінде де, қара сөзінде де айтады. Қазақтың қалың бұқарасы жайында мұндай пікірді Абайдан таба алмайсын. Қалың бұқара Абай ойынша - нөл. Абай еш уақытта көпке сенген ақын емес. Көпті - нөлді бір единица (мұнысы

оқымысты көсем бай) бастамаса, көптің күні қараң дейді. Жеке адамның басын аса дәріптеу, соған құл болу бұл жалғыз Абайдың емес, барлық идеалистердің әдеті. Абай, байшыл ақын болыш отырғанда, бұқара, көпке басқаша баға берे де алмайды.

*«Көп шуылдақ не табар,  
Билемесе бір кемел?  
Единица – жақсысы,  
Ерген елі бейне нөл.  
Единица нөлсіз-ақ,  
Өз басындық болар сол.  
Единица кеткенде,  
Не болады өңкей нөл?»*

Абайдың осы - «философиясының» тап сыры байшылдығында жатыр. Байшыл Абай ақынның ойынша адам баласының, қоғамның тағдыры единицаның қолында. Көпті түзейтін, жеткізетін единица - жеке адам.



## **Абай өлеңдеріндегі әйел мәселесі**

Қазақтың ауыз әдебиетінде де, бергі жазба әдебиетінде де қазақ әйелі үлкен орын алды. Қазақтың іргелі эпос, әңгіме, өлеңдерінің қайсысын алсаңыз да, әйелсіз өлең, әңгіме айтылмайды. Бәрінде де қазақтың әйелін жыр қылады. Жақсы, жаман әйелдің образы суреттеледі. Абайдан бұрынғы әдебиетті алғанда, қазақтың үлгілі әйелдерінің образы – Баян, Қызы Жібек, Айман, Құртқа... Еңлік - міне осылар еді. Осылардың әрқайсысында өз тұсында өзгеге үлгі боларлықтай ерекше мінез, ақыл, сымбат, өзгелерден артық сипат бар еді. Әрқайсысы өзінше кейінгі жастарға үлгі, өрнек еді. «Қозы Көрпеш Баяндай», «Қызы Жібек», «Еңлік-Кебектей», «Қобыландының Құртқасындей» болу қазақтың байшыл жастарына арман еді. Шынында да қазақтың ескі тұрмысында Баян, Қызы Жібек, Құртқа, Еңліктер қазақтың өзгеден артық туған үлгілі әйел образдары еді. Осы әйелдердің әрқайсысының аздыкепті бір бірінен артық-кемдігі, ерекше тарихы, өзгеше мінез, ақыл, сипаты болса да, бәріне ортақ жалпы сипаттары да бар еді. Алдымен көзге түсетін ортақ сипаттары - қазақ әйелінің қазақ тұрмысындағы мұнды, зарлы өмірін суреттейтін сипаттары еді. Құртқа, Баяндар қанша байдың жалғызы, еркесі болып, атасының он жағында бұлғақтап отырған қызы болса да, әйелдігінен туған қол қысқалығы, бишаралығы, ереккек, ерге жалыныштылығы қай өлеңді, қай эпосты, қай ескі поэманды алсаңыз да ашық көрініп тұрады. Ғасырлар бойы қазақ әйелінің жынысына біткен мұн, зар ескі әдебиеттегі басым сарын еді. Қазақтың сүйгеніне қосылып, тілегі болып, мұратына жеткен әйелдерінің образын алсаңыз да әйелдің кемдігі, ерге,

еркекке «құлдығы» жойылмайды. Көп қазақ әйелі сүйгеніне бармай малға сатылып, сүйменегенге құл болса, сүйгеніне барып, тілегіне жеткен ұлгілі қазақ әйелдері сүйгеніне өз еркімен «құл» болушы еді. Бар айырмасы: сүйгеніне барған әйел - қожасын, иесін, байын өзі тандап, өз еркімен «құлдыққа» көнуші еді; сүйгеніне бара алмай, малға сатылған әйел - зорлықпен, ықтиярсыз құлданушы еді. Тілегіне жетті деген әйел образдарының да ешқайсысының еркекпен, ерімен не бірдей болғаны, не асып түскені жоқ. Ел билеп, топ бастаған, жұртқа нақыл, өситет қалдырған қазақ әйелі де ескі әдебиетте болған емес, болса, мындан, миллионнан біреу. Жақсы әйелдің ең барып тұрғандағы істейтін жақсылығы - байын жақсы көру, байы үшін жанын құрбан ету. Бар ақыл-айласын, мал-жанын, ағайын-туысқанын, ел-жұртын, ата-анасын осы бір ғашық болған жарына құрбан қылу, соның жолына салу. Қазақтың ескі әдебиетіндегі ұлгілі әйел образы міне осы еді. Өз заманында қазақтың феодалдық дәуірде тұрғанында шынында да осы әйелдер ұлгілі, өрнекті әйелдер еді. Бірақ, осы ұлгінің өзінде-ақ қазақ әйелінің әлі кем жатқаны, қазақта әйел жынысының теңдіктен алыс жатқаны көрініп тұрушы еді. Бұл, әрине, әлдеқалай ақындардың ойламай жаза салғанынан болған жұмыс емес. Ақын тұрмыс құлы. Қанша шарқ ұрып, аспанға ұшса да, не «желмаяға» мініп жер жүзін шарласа да тұрмыстағы бардан алыстап кете алмайды. Қазақ тұрмысында өніп-өскен қазақтың ескі ақындары сол қазақ тұрмысындағы бардан ұлғі алды, бардан жақсы-жаман образдар жасады. Сондықтан, бұлардың ең ұлгілі, жақсы әйелдерінің өзі де, түптеп келгенде өрісі тар, шалажансар ұлғі, қасіреті, мұны, зары басып жатқан арманды ұлғі, арманды әйел болып шықты.

Осы арманы көп, басы байлаулы қазақ әйелі Абай тұсында да болды. Абай тұсында да қазақ әйелінің мұнзары қүштеймесе, азайған жоқ еді. Қазақ әйелі малға сатылушы еді, сүйгеніне бара алмаушы еді. Қазақ әйелі топқа кіре алмаушы еді, 60-тағы бай 15-тегі қызды малға сатып алушы еді; кедейдің қызын көбінесе қорқытып, тартып алушы еді. Абай осы заманда өсті, осыны көзі көрді.

Қазакты білімге, өнерге, жаңалыққа шақырған Абай - бұл жөнінде не айтты, не жазды?

Абайдың өз жазғандарынан әйелге арнағаны 11-12-ақ өлең. Онда да көбі қыз-бозбаланың ғашықтық өлеңдері. Қазақ әйелінің аянышты хәліне арнаған өлеңдері екеу-ақ. Бірі, 1896 жылдың 15-тегі қызды малға сатып алушы еді; кедейдің қызын көбінесе қорқытып, тартып алушы еді. Абай жазады:

«..Кәрі жас дәурені өзге тату емес.

Енке көнер ет жүрек сату емес.

Кімде-кім үлкен болса еki мүшел,

Мал беріп алғанменен қатын емес.

Есерлер жас қатынды тұтады екен.

Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.

Ортасында бұлардың махаббат жоқ,

Тұсан қойып қашырап бұқа ма екен?

Бай қартайса, мальина берер шылбыр,

Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.

Біреудің қызын алып малға сатып,

Баяғыны іздеғен қандай құрғыр?

*Екі көңіл арасы жылышылық жер,  
Оны қайтып қосады ол ант атқан?»*

Осы өлеңде қазақ байының жас қызды малға сатып алатыны кәрі шал мен жас қыздың арасында ешбір махабbat болмайтындығы, жас әйелдің «қайғысын білдірмей жұтатыны» ашып айттылған. Осының бәрі қазақ тұрмысында бар шындық еді. Малға сатылып, еріксіз 60-70 тегі шалға жылай-зарлай кеткен қазақ әйелдері - Абай тұсында да көп болушы еді. Абай осыны өз тұрмысында да көріп еді. Осы көрген, білген шындықты өлеңінде де айттып отыр.

*«Біреудің қызын алып малға сатып,*

*Баягыны іздеген қандай құргып!»* - деп Абай мұндай ескілік салтқа қарсылығын білдіріп отыр. Ортада махабbat болмаған соң, тұсап қойып қашырап бұқа ма екен? - деп шал мен жас әйелдің қосылуын айуандыққа теңеп отыр. Абайдың Масақбайға жазған кішкене сықақ өлеңінде де қазақ әйелінің аянышты халінің шет жағасы көрсетіледі. Масақбай:

*«Шыдамсыз, сабырсыз*

*Келді ойбай,*

*Салды айқай,*

*Түк қоймай боктады.*

*Ақылсыз томырық*

*Қатынның күні жоқ,*

*Қамшы мен жұдырық*

*Барқылдан,*

*Тарқылдан,*

*Жалпылдан тоқтады».*

Осы төрт-бес жолдың ішінде де қазақ әйелінің үй ішіндегі күнбе күнгі өмірі, байы мен қатынның арасы көрінбей ме? Қатынның екі күннің бірінде жұдырық салатын, қамшы үйіретін, екіріп-жекіретін қазактар аз ба еді? Абай Масақбайды сықақ қылып, сол қазақ

ортасындағы жалпылама орын алған уақиғаны өлең кылыш отыр.

Шалға жас қыздың қосылуы, әйелді махаббатсыз малға сатып алу, қамшы мен жұдырықтан басқа күні жоқ қатын қалі - мұның бәрі Абайша ескілік. Мұндай ескілікке Абай қарсы, Абай ерекк пен әйел бір-біріне ғашық болып, еркімен, сүйіспеншілікпен барсын дейді. Бұл әрине Абайдың бұрынғы ескі ақындарға қарағанда жаңалығы. Абайдың мәдениет, ғылым, өнер, шаруашылық жөніндегі жаңалықтарының шет жағасы әйел мәселе сінде де бар. Абай қазақ әйеліне ескі феодал, ескі ақындардан өзгелеу қарайды. Бұрынғы ескі ақындардың ойынша махаббат байлығымен, ақылымен, көрік сипаттымен өзгеден үздік жаратылған «асылзадалардың» ғана еншісіне тиген болса, Абайдың ойынша, махаббат жұрттың бәріне де ортақ, ерекк әйелдің бәрінде де болуы керек. Байы мен әйелінің арасында махаббат болмаса, мұндай қосақты Абай сиыр мен бұқаға теңейді. Абайдан бұрынғы ақындарға, шалға жас қыздың малға сатылып барғаны онша сөлемек жұмыс болмаса, Абайша бұл адыра қалған «баяғы ескілік». Абай бұған қарсы.

Абайдан бұрынғы ақындарға қатынның байы күнде қамшы, жұдырық астына салса, - бұл да онша сөлемек жұмыс емес еді. Қалыңмалы төленіп алған қатынның тәні байынікі – ұра ма, ұрса ма, сата ма, айырбастай ма - байының еркінде еді. Қатынның жаны құдайдікі, тәні (еті) байынікі, сүйегі туыстарынікі - бұл қазақтың салты еді. Бұл салт бойынша Масақбайлар қатынның күнде қамшы, жұдырық астына алса, айып-шамы жоқ еді. Қазақтың ескі тұрмысында бұл әдетке кірген салт еді. Абай осыған да сықақ, кулкі есебінде ғана болса да, өзінің наразылығын білдіреді. Міне, мұның бәрі Абайдың бұрынғы ақындарға қарағанда жаңалығы.

Алайда, Абайдың әйел мәселесінде осы азды-көпті жаңалықтарымен бірге, феодалдық ескі пікірлері де толып жатыр. Жоғарыда біз Абайдан бұрынғы әдебиетте қазактың үлгілі әйелінің образы жасалғанын айттық. Абайда осындай үлгілі әйелдер образдары бар ма? Жоқ. Бұл жөнінде Абай ескі ақындардан озған жоқ. Қайта көп кейін жатыр. Рас, Абайдың ғашықтық жайында, әдемі қыздың сыртқы сымбатын, сұлулығын суреттеуі жайында өлеңдері көп. Бұл өлеңдерінде әйелдің сыртқы сипатын суреттегендеге Абай үлкен ақындығын, сөзге, түрге бай екенін көрсетеді (бұл жөнінде кейін сөз қыламыз), бірақ осы өлеңдерінің де ешқайсысында Абай қазақ әйелінің жанды үлгісін, жақсы, үлгілі образын бермейді. Мұндай үлгілі әйел образы - жаны, міnez, бейілі, тілек арманы көрсетілген әйел - Абайдың өз өлеңдерінде жок. Бұл тегіндіктен болған «жок» емес. Бұл «жоқтың» түп-тамыры Абайдың әйелге көзқарасында жатыр. Шынында, Абайдың әйелге көзқарасында феодалдық салт, феодалдық пікірдің әсері күшті жатады. Абай, не қара сезінде, не өлеңінде қалың малға қарсы бірауыз сез айтпайды. Абай жас қызды шалға қалың малға сатқанға қарсы, бірақ, «махаббатпен» берілген қалың малға қарсы емес.

Абай тұсында әменгерлік күшті болды. Жесір дауы күшейді. Қазактың билерінің үлкен бір жұмысы - осы жесір дауы болды. Осы жөнінде ел ішінде талай ұрыс-жанжал, қырғын-сүргін болатын, барымта, кісі өлтіруге дейін баратын. Абай 40-50 жасына дейін осындай тұрмыстың жуан ортасында өзі де болды. Бірақ, Абай өлеңдерінде осы жөнінде де бір ауыз сез жок. Абай екі сезінің бірінде ғылымның керектігін айтады, әсіресе орысша оқудың керектігін айтады. Қазаққа баланды оқыт дейді. Қазақ әйеліне келгенде, Абай бұл жөнінде пікірін өзгертеді, қазақ әйеліне орысша оқы демейді.

Абайша, әйелге дінге берік болу үшін мұсылманша ғана оқу керек. Абайдың ел, мәдениет, ғылым, өнер, шаруа, сауда жөнінде жазған не өлеңдерінде, не қара сездерінде әйел туралы бірде бір ауыз сөз айтылмайды. Абай сезінің бәрін не жалпы қазаққа, не қазақтың ұлына ғана арнайды. Жамандық, жақсылықты осылардан ғана күтеді. Қазақ әйелі санатта да, санақта да жоқ. Эрине, мұның бәрі себепсіз емес. Абайдың әйел жөнінде, әсіресе әйелдің жүртшылықтағы рөлі, жайы жөнінде ештеме демеуі, Абай көзқарасының таптық сырында жатыр. Көп мәселелерде Абай өз тұсындағы бай жүртшылығының алдыңғы, үлгілі адамы болып сейлесе, әйел мәселесінде көп байдың қатарынан шыға алған жоқ. Әйелге қазақтың көп жуандарынша қарады. Абайдың үш қатын алуы, үш қатынды, үш бөлек қондарып, өзінің қонақтап, «отарлап» жүруі, оның салт-санасына да әсер етпеске мүмкін емес. Қазақтағы көп қатын алу - феодал салты. «Қазақ байыса, қатын алады» деген сөз тұрмыс тудырған сөз еді. Шынында, қазақ байының екі-үш қатын алмағаны тіпті аз болушы еді. Сол көп қатын алғанның бірі Абайдың өзі болған соң, оның бұл ескілік салтқа қарсы қаламы жүрмеді. Аузы бармады. Абай бұл мәселені тіпті қозғамайды, қазақтың көп қатын алатын ескі салты - қырсықты жаман салт екенін көрмейді. Қазақтың капиталдасқан феодалдары әйел мәселесінде өзінің феодалдық бетін тіпті ашық көрсетті. Абайдан бұрын да, соң да, қазақтың байлары әйел тенденгіне қарсы болды. Әйелді малға сату, көп қатын алу, жесірге ие болу сықылды феодалдық әдеттерге қазақтың ұлтшылдары да қарсы болмады. Бірен-саран ұлтшыл ақындар қалың малға, көп қатын алуға кейбір жазғандарында қарсы шықса, онда да көбінесе ұсак байдың, қазақтың қалың бұқарасының ықпалымен, ұлт қозғалысының дүмпуімен шықкан

еді. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалында» - әйел мәселесі осы ұсақ байдың көзімен сыналады. Жамал мен Ғали образдары қазактың буржууалық жолға түсken ұсақ байының идеалдары еді. Ал, қазактың ескі феодалдарын, капиталдасқан феодалдарын алсақ, бұлардың таптық тілегі әйел тенденгіне қарсы болады. Ерте замандағысын былай қойып, бұлардың төңкөріс заманындағы әйел мәселесіндегі саяси жолын тексерсеңіз де осыны көресіз. «Алаш» партиясының әйел мәселесіндегі жолын алыңыз. «Алаш» үкімі жүріп тұрғанда алашшылдар бұл мәселеде ылғайына қазактың жуандарын, феодалдарын қолдады. Жесір дауында ылғайына байларды жақтады. (Семей, Ақмола, Оралдағы оқиғалар). «Алаш» партиясының программасында да осы жол қолданды - «Әйел мәселесін шарифат бойынша молда, ишандар шешсін» дегенді айтты. Шынында, қазактың байы биліктегі тұрғанда ешбір уақытта қазақ әйелі тенденкке жете алмас еді. Қалың мал, көп қатын алу салты жойылmas еді. Өйткені, қазақ байының феодалдақ салты алдымен осындай мәселелерде күшті болушы еді. Абайдың да әйел мәселесінде тіл күрмелтуінің негізгі себебі осы таптық тілегінде еді, бай тілегінен аса алмағандығында еді. Капиталдаса бастаған қазактың феодалы қанша өзге мәселелерде (сауда, егін, өнер, ғылым тағы басқалар) жаңаңылқ жолға түсуге тырысса да, ескі салттан қол үзуге мойындаса да, дәл әйел мәселесіне келгенде ескілігі, феодалдығы көріне басып жатады, ескі әдеттен қол үзе алмайды, Абай ақын да соның бірі болды.

## **Абайға орыс күлтүрасының қандай әсері болды?**

Абайдың өмір тарихын жазушылардың айтуына қарағанда, Абай орыс школасында үш-ақ ай оқыған. Өзге білімді Абай мектептен тыс, өз бетімен тапқан. Абайдың бала, жігіт кезінде көбінесе оқытын кітаптары парсы, арап, түрік тіліндегі кітаптар болуы керек. Осы кезде Абайдың бірен-сарап жазған өлеңдерінде арап, парсы, түрік ақындарының әсері күшті болғаны байқалады. XIX ғасырдың аяқ кезінде (60-80 жылдар) қазақ даласына ислам діні кең тараған кезі еді. Қазақтың әр бір байына молда ұсташа салт болған еді. Осы кездегі хат та, бұйрық-жарлық та (бұрынғы хандарда көбінесе не шағатай, не татар тілінде жазатын) бәрі де арап, парсы тілімен араластыра жазылуышы еді. Арап, парсы сездерін араластыру – білімділіктің белгісі сықылды еді. Қазақтың осы кездегі көркем әдебиеті, әсіресе, қиссалар ислам дінімен келген арап, парсы әдебиетінің үлгілері еді. XIX ғасырда қазақ тіліне араб, парсы тілінен көп кітаптар аударылып, таратылды. Оларды аударған не татар молдалары, не қазақтың өзінен шыққан молда, қожалары еді. Осылардың кейбіреулері сол арап, парсы әдебиетіне еліктең, өз жазғандарын да қисса үлгісіне салды. Бұл сықылды әдебиет қазақ тарихында өз алдына бір дәуір болды.

Осы әсерден алғашқы кездерде Абай да аман болған жоқ. Абайдың алғашқы өлең жаза бастаған кездерінде (бозбала кезінде) арап, парсы ақындарының ықпалы тіпті күшті болады. Бұл кездегі Абайдың тіліндегі арап, парсы әсерін кейін сөз қыламыз. Тіл жағын қойып, Абайдың пікір жағын алғанда да арап, парсы, түрік ақындарының, түрлі сақабалардың әсері көп болады.

Абайға да арап, парсы әсері көбінене ислам дінімен бірге келеді. Осы дінге байланысқан әсерден Абай өле-өлгенше құтыла алмайды. Абайдың алғашқы дүниеге көзқарасы, өзінше қорытқан пікірлері шаригатқа байланысып жатады. Поэзияда Абайдың алғаш өлең жазғанда сиынатын пірі, қол созатын идеалы – күншығыстың атақты феодал ақындары.

*«Физули, Сайқали, Шамсит  
Науаи, Сагди, Фердауси,  
Қожса-Хафиз бұл әммесі  
Мәдәт бер я шагири фуриет»*

(1858 ж.)

Абайдың алғаш өлең жазғандағы тілек батасы осы. Мына сөздеріне қарағанда, Абай бұл кезде азды-көпті күншығыстың бір сыпыра атақты ақын жазушыларымен таныс болған болуы керек. Таныс болмаса Абай оларға бүйтіп сиынбас еді.

Абайдың арап, парсы, шағатай әдебиетінен алған әсері өз алдына бір мәселе, Шығыс әдебиетімен, әсіресе Абайға әсер еткен арап, парсы, шағатай әдебиетімен таныс адамдар бұл мәселені ерекше сөз қылса, Абайды осы жағынан алып зерттесе – қазақ жүртшылығына үлкен игі іс қылған болар еді. Абайды толығырақ білуге көмектесер еді. (1934 жылы Абайға арнап шығарылған «Әдебиет майданы» жорналында Құдайберген Жұбанұлы жолдастың «Абай қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласы шықты. Сонда осы жөнінде көп мағлұмат бар. Абайды білемін деген жолдастарға сол мақаланы окуға ақыл береміз. F) Біз тек Абайдағы шығыс әдебиетінің жалпы әсерін ғана айтып отырмыз. Шығыс әсері Абайда көпке созылмады. Бертін Абай орыс елімен араласа бастады. Орыстың әдебиетімен танысады. Орыс кітаптары арқылы Еуропа культурасынан да хабардар болады. Осының аяғы барып

Абайдың пікіріне, жолына үлкен өзгеріс жасайды. Абайдың «күн батысын күн шығыс, күн шығысын күн батыс қылады». Абай шығыстан «шығады» - батыс жаққа бет бұрады. Абайдың осы бет бұрысы 1880-ші жылдарда-ақ жазған өлеңдерінен ашық көрінеді.

Бұл кездегі өлеңдерінде Абай көріне арап, парсы ақындарының әсерінен шыға бастайды. Орыс культурасының ықпалына түседі. Орыс культурасының ықпалына түсуге Абайды заман зорлайды.

XIX ғасырдың аяғында қазақ даласын орыс империализмі түгел билеген еді. Бір кезде қазақ даласында орыс капиталымен бәсекеге түсуге тырысқан өзбек капиталы, өзбек феодалдары болса, XIX ғасырдың аяғында бұлар «өз басымен қайғы болды». Өздері орыс империализмінің қармағына ілікті – отары болды. Абай тұсындағы қазақ арасында болған татар, өзбек капиталы үлкен үйдің орыс капиталының «қол баласы» еді, соның көп әгенттінің (қайта өзгеден пайдалы әгенттінің) бірі ғана еді. «Күш кімдікі болса білек сонікі» дегендей, орыс капиталы қазақтың шаруашылығын, билігін қолына алудымен бірге, қазақтың салт-санасын да өзіне қарата бастады. Қазақ даласында үстемдік құрып отырған бай табына өз салтын, өз күльтурасын жая бастады. Бұл жөніндегі орыс патшасының алғашқы жұмыстары – қазақ байларына, сұлтандарына сый тарту, шен шекпен жабу, «төрелік» беру, жер бөлу, үй салу, бай балаларын оқуға тарту, қазақтан патшашыл «оқымыстылар» дайындау – міне осы сықылды жұмыстар еді. Орыс империализмі қазақ даласын отарлау үшін, талау үшін бір жағынан найзаның үшін, мылтықтың оғын жұмсап, күш пен іске кіріп жақындассаса, екінші жақтан ішкі ресей мен қазақ даласының шаруашылығын байланыстырып, шаруа қатынасы арқылы ішке кіріп жақындасты. Қазақ даласында тауарлы шаруа туда бастады. Қазақтың

феодалдық, натуралдық салттары, шаруашылығы капиталшылық түрге түсे бастады. Осы араласудың, осы «жақындастың» арқасында қазақ оқығандарына орыс культурасының ықпалы, әсері де жайла бастады. Алдымен әрине, орыс культурасының жаман жағы жайылды, қайдағы кертартпа салт, кертартпа надан пікірлер тарады. Бұл салтты, бұл түрлі «культураны» бастап жазушы-таратушы алдымен патша үкіметі, соның жер жердегі шенеуніктері болды. Қазақтан бұл «культураға» еліктеген адамдары, алдымен, қазақтың болысы, биі, тілмаш-переводчиктері, старшындары болды. Қазак үстіндегі төрелер де осылар еді.

Қазақтың екінші біркелкі адамдары орыс культурасының жақсы жағына, жұртты ілгері бастайтын алдағы жұртшылығына қол созды. Орыстың буржуашыл культурасының жақсы жағына ұмтылды. Орыстың сауда, егінін, білімін үйренуге тырысты. Орыстың әдебиеті мен атақты ұлгілі ақын, жазушыларымен танысты. Төңкерісшілдерін көре бастады. Осындай қазақтың бірі – Абай ақын болды.

Жоғарыда біз Абайды өз тұсындағы қазақ байынан шыққан ұлгілі адам, қазақ жұртшылығын ілгері бастырған адам деп едік. Абайдың өзгеге жақсы үлгі бергені, өз тұсындағы жұртшылықты ілгері бастырғаны, алдымен оның орыс культурасына қол созуында болды. Абай алғаш әлеумет жұмысына кіріскенде-ақ орыс білімін керек дегенді өзіне міндет қылды. Абай орыс школасында оқымаса да, орыстың өнерін, білімін үйренуге көп еңбек сіңірді, көп ізденді. Абай өз бетімен орыс кітаптарын көп оқыған, тіпті қырда жатып қалаға кітап үшін кісі жіберіп орыс кітаптарын алдырып отырған. Абайдың орыс культурасына (орыс культурасы арқылы бүтін Еуропа культурасына) осынша құмарланып іздегені

қаладан кітап алдырып отырғанының өзі игі, үлгілі жұмыс. Абай заманында қырда жатып, қаладан кітап алдырып оку қазақта болмаған жұмыс, мұны Абай ғана істеді. Осы кішкене жұмыстың өзі-ақ Абайдың өз тұсында өнерге, білімге өте құмар адам болғанын, өте талапты адам екенін көрсетеді. Абай заманы тұрсын қазіргі біздің заманымызда да Абайдың өнер іздеғені, өз бетімен білім тапқаны – үлкен үлгі қыларлық әдет. Біздің қазақ ақындары арасында кітап тұрсын, газет оқымайтындары әлі көп. Осындайлар коммунистер арасында да бар. Міне мұндай адамдарға Абай ақын бүтінде үлгі болғандай.

Абайды бірсыпыра сыншылар үлкен оқымысты болған деседі. Біздің Ілияс та соңғы мақаласында Абайды жете оқыған адам дейді. Өз тұсындағы қазақтың жалпылама байы мен «оқымысты» саналған молда, тілмаш, переводчиктермен салыстырғанда Абай әрине, оқыған, білімді адам. Бұларға қарағанда Абай орысша школа көрмесе де көп оқыған, көпті білген. Бірақ, Абайдың білімін ауылдың надандығымен салыстырып қана айыруға бола ма? Көп наданның ішінде Абайдың өзгеден көзі ашықтау болса, бұдан оны жете оқыған, білімді деп қорытЫнды жасау дұрыс па? Біздіңше Абайдың білімділігін айтқанда, Абай тұсындағы қазақ елінің білім сатысын еске алумен бірге, өзге өнерлі Еуропа халықтарының, жалпы білім сатысында ұмытпау керек. Абайдың білімділігін анықтауға қазақтың надан байы, өтірікші молдасы, сұмырай переводчиктері өлшеу бола алмайды. Бұлармен салыстырып қана Абайдың білімділігін біле алмаймыз. Абайдың білімі қандай болғанын жалпы Еуропа (орыс та ішінде) білімімен салыстырып қана айыруға болады. Абай Еуропа білімін орыс арқылы алды. Өзі де екі сөзінің бірінде орыстың білімін үйрену керек дейді. Сол өзінің қолдаған, іздеғен

орыс культурасын, орыс білімін Абай қалай меңгерді, қалай білді? Абай біліміне осы жақтан қарасақ, осы орыс культурасының өлшеуімен келсек, әрине, Абайды үлкен білімді дей алмаймыз. Абай орыс культурасына қол артты, орыс білімін үйренуге тырысты, бірақ жете біле алмады. Менгере алмады. Білімге кеш ұмтылды.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

*Ер жеткен соң тұспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен еш сермедім.»*

Осы сөз Абайдың шыны. Расында, Абай білімге кеш қол сермедин. Сондықтан, оның қолына ғылым да аз түсті. Абайдың жұртшылық, дін, философия, әйел тағы осы сықылды бірсыныра негізді мәселелер жайында жазған пікірлерін тексерсөніз, Абайдың білімділігі емес, қайта білімсіздігі алдымен көзге түседі. Осы мәселелердегі Абай пікірлерінің ұшы қазақтың жалпы надандығына апарып соғады. Абай өлеңдерінде де, қара сөздерінде де дін туралы, ақыл, жүрек, сезім-ғылым туралы көп жазады. Осы мәселелерде Абай өзінше терең пікірлер айтқысы келеді. Абайды философ деп жүргендер де Абайдың осы жөнінде жазғандарын оқып айтады. Шынында, Абайда терең философия жоқ. Абайдың дін, құдай туралы айтқандарында да жаңалық жоқ. «Құдайдың бірлігіне пайғамбардың хақтығына» Абай болыс, би күнінде де, ақын күнінде де ешбір шубәланған жоқ. Қайта, Абай қазақты шын мұсылмандыққа салам деп әлектенді. Әкесі Құнанбай қазақты қамшы, айып арқылы зорлап мұсылман қыламын деп тырысса, Абай білім, үгіт арқылы қазақтың жүрегіне мұсылмандықты қондырамын деп тырысты. Абай дін, құдай туралы 3-4 өлең, 5-6 мақала жазды. Осылардың бәрінде де Абайдың айтатыны бір сөз – «қазақ нағыз мұсылман емес – құдайды жанымен, шын жүрегімен сүймейді, алдайды».

Осындай қазақтарға Абай құдайды, пайғамбарды түсіндіреді, қайтсе шын мұсылман болатынын, қайтсе жұмаққа кіретінін ұғындырады. Абайдың осы сөздерінің өзінде-ақ қанша Абай әдемілеп сырласа да, надандықтың белгісі көрініп тұрған жоқ па? Абай дін мәселесінде қазақ жәдиттерінің басы деуте болады. Алғаш қазақта дін мәселесін талқыға салып, өзінше құдайшылдықтың сыртқы түрін өзгертіп, адамның иманына, журегіне саламын деген Абай болды. Мұнда Абайда екі жақты әсер болды. Бірі – Абайдың бала жасынан әкесінен алған «сопылық» тәрбиесі, арап, парсы ықпалы, екінші жақтан – орыстың өнері, әсіресе, Толстойдың әсері. Абай Толстойға шәкірт болған жоқ. Алайда, Абайдың дін мәселесіндегі сөздерінде Толстой пікірлерінің ұшқыны жоқ емес. Толстой христиан дінін өзінше түзеп попқа, шіркеуге қарсы болса, орысты шын христиан болудың жолына үгіттесе, Абай өз әлінше мұсылманшылықты орнататын қазақтың Толстой болам деп тырысты. Абайдың қазақ Толстойды білмейді дегендеге, көбінесе, Толстойдың осы абыздық жағын алып айтады. Толстойдың адамшылық жайында жазғандарының да Абайда әсері бар. Абай өлеңдерінде, қара сөздерінде жүрек, сезім, ар-ұят деген мәселелерді кеп сөз қылады, адамның ішін ағартпақ болады. Құдайшылықты да адамның ішіне, көңіліне қондыруға тырысады.

*«Аллаға ауыз жол емес,  
Бынталы жүрек, шын көңіл,  
Өзгесі хаққа қол емес».*

Аллаға «ынталы жүрек пен шын көңіл» керек дегені Абай дінінің түйіні. Толстой дінінің де түйіні осы емес пе?

Абай молда, ишанға қарсы болды. Бұл жағынан да Абайда Толстойдың әсері болды. Абайдың ақындығына Толстойдың қандай әсері болды?

Біз білген Абайдың көркем жазбаларында Толстойдың жазғыштық, ақындық әсері тіпті аз көрінеді. Абай әңгіме, роман жазған жоқ. Қара сөзінің бәрі әлеумет жөнінде жазған мақала-айтыс, өсиет. Толстой үлкен-үлкен романдар жазды. Сонда, жақсыжаман адамдардың образдарын берді. Өзінше жақсыны үлгі қылды. Толстой әр таптың адамдарын көрсетуге тырысты. Үлкен романдарында дворян, помешиктер тұрмысын суреттеумен бірге сол өз тұсындағы орыстың бұқара халқының да тұрмысын көрсетті. Толстой туралы жазған бір мақаласында Ленин былай жазады:

«Толстойдың жазған көркем әдебиетін қалың бұқара ертең помешик, кәпиталистерді құлатып, өзіне жаңа тұрмыс жасағанда жақсы бағалайтын, оқитын болады. Толстой құр көркем әдебиет қана жазған жоқ, сол жазғандарында терендей, өткір тіл мен қалың езілген бұқараның көңілін, қал-жайын, солардың астыртын жатқан наразылық сезімін, қарсылығын да жаза білді.» (Соб. сочин. Том. XIX стр. 400. 1929г) - дейді. Толстойдың жазғандарында көлеміне сәйкес үлкен-үлкен күрделі мәселелер көтеріледі. Толстой өзінше соларға жауап береді. Түрлі тап адамдарының образдарын суреттейді. Абайда Толстойдың бұл жағы жоқ. Абай Толстойдыңabyздығын ғана «ұстайды», осы жағынан ғана үлгі алады.

Абай: «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» деген өлеңінде:

«Ойында жоқ бірінің  
Салтыков пен Толстой  
Я тілмаш, я адвокат

«Болсам» деген бәрінде ой», - деп қазаққа Толстоймен бірге Салтыков-Шедринді де үлгі қылады. Салтыковтың Абайда қандай әсері болды? Абай Салтыков пен Толстой деп екеуін бір айтады. Орыстың өзге білікті адамдарын атамай, Абай осы екеуін ғана айтады. Салтыков пен Толстойды ғана таңдайды.

Абай тарихшыларының сөзіне қарағанда, Абай, Некрасов, Чернышевский, Белинскийлерді де білген. Бірақ, бұлар туралы Абай бір ауыз сөз қатпайды. Толстой мен Салтыковты ғана үлгі қылғанда, осы екеуі де бір жолдағы адам емес қой? Бұл екеуін өзгеден жырып алып, қазаққа үлгі қылғандағы Абайдың ойы не? Толстой туралы жоғарыда айттық. Ал, Салтыковқа келсек – Абай мұны да түгел алмаған. Абай Салтыковқа да шәкірт болған жоқ. Абай Салтыковқа да өзінше түсінді. Толстой мен Салтыковтың атын қосқанда, Абай осылардың жолы, пікірі бір деп қосақтамауы керек. Өйткені Толстой – христианишыл, идеалист жазушы. Төңкерісшілдерден бойын аулақ ұстаған. Өз тұсындағы орыстың төңкеріс жолындағы жазушыларды ұқпаған. Төңкерістің Абайға әсер еткен діні, «адамшылық» жолы төңкеріс жолына қарсы жол еді. Орыс халқын әсіресе, орыстың жұмысшы қара шаруасын кері кетіретін, жігерін жасытатын, қаранғылықтан құтылтпайтын жол еді. Ал, Салтыков Толстойдан басқа жолда, басқа пікірде болды. Салтыков – материалист, (Фейrbахша) төңкерісшіл бұқарашылдық жолды қолдады. Өз тұсындағы орыстың атақты төңкерісшілдері – Некрасов, Чернышевскийлермен жақын болды. Осылар бастап шығарған «Современник» журналына үзбей жазып түрді. Салтыков Толстойдың ақындығын қадірлесе де, оның саяси жолына, дініне, «адамшылықты» үтіттегенabyzdy – «сопылығына» қарсы болған. Толстойдың көп жазғандарына Салтыков наразылық

білдірген. Қысқасы Салтыков пен Толстой бір жолдағы адамдар емес. Екеуі – екі таптың, екі саяси жолдың адамдары. Абай неге бұл екеуін қосып отыр? Қазақта Салтыковтың несін үлгі қылыш отыр? Біздінше, Абайға Салтыковтың саяси жолы емес, дербес сыны ұнаған болу керек. Абайға Салтыковтың әсері осы сыншылдық жағынан болу керек. Салтыков өзінің бірнеше әңгіме, очерктерінде орыстың жаман, кері тартпа тұрмыстарын сынады – орыстың «надан помешигі» маңайын жалмап отырған кулагы, сүм либерал буржуазиясы, патшаның арам, парапор бюрократ шиновниктері – міне осылардың бәрін де, Салтыков өткір қаламымен түйреді, осылардың неше түрлі сұмырай типтерін жұрт алдына шығарды. Салтыков орыстың помешик буржуазия, шиновниктерін аңы тілмен сөкті, құлдіре отырып жылатты. Абайдың да надан, сараң байды, шен құмар болысты, парапор биді, тілмаш-переводчиктерді сыннауында да осы Салтыков әсері жоқ деуге болмайды. Абай Салтыковты үлгі қылғанда да, оның осы аңы тілді, қатты сынның үлгі қылуы керек. Өскен ортасына, халқына көңіл толмаған, бәріне де сын көзімен қараған, байынан да, би-болыс, старшындардан да көңілі қайтқан Абайға Салтыковтың надан помецікті, сүм либералды, ұрда жық шенеуніктерді сыннауы қышыған жеріне тигендей болды. Өйткені осы типтер қазақта да болды (әрине, ұлт өзгешелігі бар). Салтыковты түгел оқыды ма, оқымады ма – онысын біз білмейміз. Бірақ Абайдың жазғандарына қарағанда Салтыковты толық білді деуге болмайды. Не өлеңінде, не қара сөзінде Салтыковтың патша үкіметіне көзқарасы, бұқарашылдық, төңкерісшілдік пікірлері, төңкерісшілдермен араласы туралы Абай ләм демейді. Жалғыз Салтыков жайында емес, Абай басқа төңкерісшілдер туралы да ештеңе айтпайды, жазбайды. (Михайлес туралы айтқанын кейін сөз қыламыз. F)

Тегінде, бұл да әлдекалай болмау керек. Абайдың төңкөрісшіл пікірлер, төңкөріс адамдары туралы ештеңе демеуі – оның таптық жолына байланысты-ау дейміз. Осы жағынан қарағанда Илиястың Абай таңдаған тоқыған кісі дегені рас сөз. Абайдың не қаламына, не аузына Некрасов, Чернышевскийлердің түспеуі тегін емес. Осының да түп тамыры Абайдың байшылдығында жатыр.

Абай бір сөзінде «көзімді әуелі ашқан Михаэлис» дейді. Осы Михаэлиспен таныс болған кезде Абай Гросс, Долгополов сықылды адамдармен де танысқан. Бұлар Абайдың үйіне келіп 3-4 айдан қонақтап жатып жүрген.

Бұл күнге дейін Абай жөнінде жазылған мақалаларда бұлардың қандай төңкөрісшілдер, қай жылдарда қандай жағдайда Семейге келген, қандай «кайыптары» болған – бұл жөнде ештеңе айттылмаған. Орыстың әдебиетінде бұлар туралы мағлұмат аз. Біз осы төңкөрісшілдермен жақынырақ танысу үшін патшаның полиция департаментінің архивін қарастырдық. Сол полиция архивінде осы төңкөрісшілдер жайында көп жасырын жиналған, бөлек дело болып тігілген қағаздар таптық. Жандарым қағаздары бойынша бәрінің де кім екені, не үшін айдалғаны, не істегендері – анық білінді.

Долгополов Нифонт, Харьков университетінде, медицина факультетінің 5-ші курсында оқып жүргенде 1879 жылы студенттердің патша үкіметіне, оку тәртібіне қарсы ереуілдері болады. Осы ереуілді бастаушының бірі – осы Долгополов. Бұдан бұрында Долгополов полицияның спискесінде «шұбәлі адамның» бірі саналады. Долгополов бастауымен социалист студенттер Плеханов басқарып шығарған «Черный передел» журналының шығарылуына арналған жарнаманы таратады. Төңкөрісшіл халықшылдардың

«Народная воля» деген журналын жиналып оқитын болады. Долгополовтардың жолдасы Сондеев деген студент өлгенде де соған жасаған гробтың қақпасын Долгополов ұстайды, сол қақпаға «Социалистерден социалистке» деп жазып алады. Осы жұмыстары үшін көп социалист студенттер ұсталады. Сол 1879 жылы ішіндегі бастылары сібірге айдалады. Соның бірі Долгополов болады. Әуелі мұны Тобол губерниясы Қорған қаласына жібереді. Сонда жүргенде 1881 жылы айдаудағыларға патшаға (Александр III) ант берсін дегенде Долгополов бас тартады. Үкімет сенатына ант бермегені туралы былай деп қағаз жазады:

«Мен айдауда жүрген құғындағы адаммын. Менің қазіргі халім, правам крепостниктен тәмен, адам хақы менде жоқ. Мен жалпы закөннен тыс адам. Осындай болып отырып, менің патшаға ант беруге хақым бар ма? Маған білдірсөніздер екен – мен не істеуім керек. Адамшылық правам жоқ, құлдан, крепостниктен халім тәмен болса да, патшаға ант берейін бе? – Жоқ, әлі, әуелі маған адамшылық правамды беріп, орыстың басы бос азаматы қылғанды қутем бе?»

Осыдан кейін Долгополовты Қорғаннан Тукалбқа айдайды. Онда да «маңайына зиянды әсері бар» деп, 1884 жылы Семей губерниясына жібереді. Семей губерниясында Долгополов 1886 жылға дейін айдауда болады. Мерзімді уақытын өтеп 1886 жылы қайтадан Харьковқа барады. Бір жыл оқып, окуын бітіреді, содан кейін докторлыққа экзамен береді. Одан кейін Қазанда, Курскіде, Нижниновогородта, Тулада, Петерборда болады. Бәрінде де полиция сонынан қалмайды. Аңдиды, жасырын хабарды жеткізіп тұрады. Бір жандарым хабарында Долгополов Нижниновогородтағы социал-демократтар партиясының бастығы дейді, тағы бір хабарда «Долгополов А.М.Песковпен, Покровский,

Павлович сықылды сенімсіз адамдармен байланысады, көрісіп, сөйлесіп жүреді» - дейді. Бұл кезде Песков – осы күнгі М.Горький – полицияның ерекше жасырын бақылауында жүреді. Долгополовтан бұлармен байланысқаны 1902-03 жылдар болады. 1900 жылы Долгополов күн батыс мектептеріне барады, сонда Крапоткин, Волковскийлермен байланысады. Қысқасы, бұл материалдарға қарағанда Долгополов белгілі тәңкөрісшіл адам болған. Алғаш тәңкөрісшіл халықшыл болып бертін социал-демократтармен байланысқан болу керек.

Гросс – поляк көрінеді, дворян тұқымынан. 1881 жылы поляктың социалистерімен бірге ұсталып бес жылға сібірге айдалады. Әуелі әйелімен (Скалатская) Тобол губерниясындағы Ешім қаласына айдалады. Артынан Семей губерниясы Өскемен уезіне жіберіледі. Семей губерниясында тұрғанында Гростың елінде (Вильнода) қалған қарындасы патшадан кешірім сұрайды, босатызыз дейді. Қарындасына өзінен жаздым-жаңылым деген арыз келсе, сонда босатамыз дейді. Бірақ Гросс арыз бермейді. Мезгілі толғанша Семей жақта болады. 1887 жылы уақытын өтеп, еліне қайтады. Семейде полиция рұқсатымен Гросс сот орындарында істейді, сол кездерде қазақтың билік заңын жинаса керек.

Долгополовқа 1893 жылы Саруевич деген бір поляк жолдасы хат жазады. Сонда «Ең соңғы хабар. Северин Гросс жынданып кетті» дейді. Бұл хабарға қарағанда 1892 жылдарда Гросс жынданған болу керек.

Михаэлис. Абаймен жақынырақ таныс болған адамның бірі, Евгений Михаэлис. Абай бір сезінде: «Менің көзімді ашқан Михаэлис» дейді. Шынында да Абайдың орыс әдебиетімен танысуына алғаш себеп болған Михаэлис болу керек. Михаэлис дворян

тұқымынан. 1861 жылдың Петербор университетінде оқып жүргенінде студенттердің қозғалысына қатынасады. Қозғалыс жасаушылардың бастығының бірі болады. 1861 жылдың аяғында Евгений Михаэлисті тағы басқа жолдастары мен патша үкіметі, Аленаутский губерниясы Петрозавотский қаласына айдайды. Архив резолюциядағы 227-ші нөмірлі делодағы материалдарға қарағанда Михаэлис төңкеріс жолындағы адамның бірі болуы керек. Жандарымның мағлұматтарына қарағанда Михаэлис патша үкіметіне қарсы адам болған көрінеді. Филосопов деген губерния нәшеллігі Долгоруков деген генерал майорға жазған бір хатында былай дейді:

«Петрозаводскде полиция бақылауында жүрген екі студент – Михаэлис пен Ген – мұндағы жас үчителдерге және гимназиядағы оқушыларға жаман әсер береді. Екеуде ашықтан ашық үкіметке қарсы сөздер айттысады, өте-мәте әсіресе дінге қарсы зиянды пікірлер айтады. Менің ойымша Михаэлисті алыстағы кішкене қаланың біріне жіберу керек, өйткені кішкене қалада оның сөзін тыңдаушылар болмайды». (13 априль 1862 жылда)

Осы жылды май айында Михаэлис Пудож деген қалаға айдалады. Михаэлистің шешесі әлденеше рет патшаға баламды босатыңыз деп арыз береді, бірақ бұл арыздарының бәрі де аяқсыз қалады. Пудож қаласында да Михаэлис зиянды пікірлер таратады деп 1863 жылды 17-августта Михаэлисті Тобол губерниясы Тары қаласына жібереді. Мұнда да Михаэлис полицияның бақылауында болады. 1865 жылды Михаэлис Беророп қаласына сұранады, сонда жаратылыс ғылымдарымен шұғылданамын дейді, соған рұқсат сұрайды. Алғаш рұқсат бермек болады. Бірақ артынан полиция бастықтарының хабарымен қашып кетеді деп тағы да сол Тарыда қалдырады. 1873 жылға дейін Михаэлис

сол Тары қаласында болып 1873 жылды ғана полиция бақылауынан босайды. Жандарым материалдарына қарағанда 1873 жылдарда Михаэлис Семей қаласында болады, сол Семейде Соғыс комисариатының бір шенеунігі болып қызмет етіп жүргендеге патшаның әмірі бойынша жандарым бақылауынан босайды.

Бірақ осылардың Абайға берген төңкерісшілдік әсері сезілмейді. Не Абайдың жазғанында – өлеңдерінде, не қара сезінде, не ауыз әңгімелерінде Абай төңкерісті, не төңкерісшілдерді аузына алмайды. Абайға орыстың бәрі бірдей. Мынау төңкерісшіл, мынау төңкеріске қарсы, патшашыл деп бөлектеу Абайда жоқ. Абай орыс халқының қазақтан өнерлі екенін біледі. Толстой, Салтыковтар, Абайша орыстың ең білімділері, ең жақсылары. Абай орысты тұтас алады. Орыс білімін үйрен, орыстан үлгі ал, орыста Толстой, Салтыковтар бар дейді. Басқада Абайдың жұмысы жоқ. Орыстың ішіндегі түрлі тап адамдарын, саяси партия жолдарын тексермейді, тіпті аузына да алмайды.

Абаймен жақын таныс болған халықшылардың Абай туралы жазғандарын таба алмадық. Баспасөз жүзінде Абайға арнап ештеңе жазбаулары да мүмкін. Мүмкін бір-біріне, не басқа жолдастарына, не жақын туысқандарына жазған хаттарында жазулары. Бұларын да қолымызға түсіре алмадық. Жалғыз-ақ Тұраштың (Абай баласы) жазған ескермесінде, Долгополов айтты деген мынадай сөз бар. Абайға Долгополов былай депті: «Басы алтын адамсың, бірақ үйренген әдет-салтың жаман. Таңтертең төсегінен тұрғанында біреу келіп арқаңа шапаныңды жабады. Есікті ашып тысқа шығарады. Қайта келсең, есікті ашып енгізіп алдыңа шылапшыңды әкеліп қолыңа суды құйып жуындырады. Шай ішсең шайыңды біреу құяды. Ет жесең етінді біреу жапырақтайды. Атқа мінбек болсаң ерттеп қолтығынан

көтеріп салады. Кешке төсекке жатқанында төсегінді біреу салып, өзінді шешіндіріп, үстіңе көрпені жауып, орамалынды бір жағыңа, шақшанды бір жағыңа тығып қояды. Өзің үшін өзің не қыласың? Әйтеур бірдене қылып жуықтап көресің де...» депті.

Долгополовтың осы сөзді айтуы рас болу керек. Жалғыз бұл сөзben халықшылдардың Абайға көз қарасын шешу әрине қыын. Алайда, Долгополовтың осы аз сөзінде де бірсыныра мағына бар. Долгополовтың «басың алтын, үйренген әдет-салтың жаман» дегені Абайға – «талантсың, ақылдысың, бірақ өскен ортаң, алған тәрбиен, феодалдық салтың жаман» деген сөз ғой. Долгополовтың Абайға біреу шешіндіреді, біреу киіндіреді, тамақты да өзің ішпейсің, далаға да кісі шығарады дегені – Абайдың феодалдық мырзалығын, ескі ата салты, ата тұрмысынан шыға алмағанын айтқаны ғой.

Орыстың Абаймен танысқан төңкерісшілдеріне Абай қазақтың ақылды биі, жаңалыққа, орыс күлтүрасына ұмтылған саналы байы болып қана көрініү мүмкін. Өйткені, Абай өлеңдері ол кезде басылмаған. Абай таныстары (халықшылдар) қазақша білмеген соң, Абайдың ақындығын да жақсы білмеуі мүмкін. Бұлардың Абайдікіне келгенде көргені – Абайдың феодалдық салты, үш қатыны, мұсылмандығы, орысшаға шалалығы. Сондықтан Абай саяси жолымен де, күнбе күнгі салтымен де бұлардың тым артта, үздік алыс жатқандықтан Абаймен бұлар ашылып сөйлеспейі мүмкін. Абайға қазақтың ақылды, қонақ күтімпаз байы деп қана қарауы мүмкін. Жоғарғы Долгополовтың сөзінде осындай пікірдің сарыны бар. Тегінде, бұлардың Абаймен жақын таныс болып жүріп жазбай кетуінде де осындай бір себеп болуы керек.

Орыс ақындарынан Абайдың көбірек оқып, көбірек айналдырғаны – Лермонтов, Пушкин, Крылов. Орыс аудармасы арқылы Гете мен де аздап танысқан тәрізді. Ақындардың ішінен Абайға үлкен әсері болғаны – Лермонтов. Абай өзінің орыс ақындарынан ұнатқан өлеңдерін ғана қазақшаға аударған. Алғаш қазақ оқушыларын орыс әдебиетімен, орыс арқылы бүтін Еуропа әдебиетімен таныстырыған – Абай.

Бұл Абайдың қазақ әдебиеті, қазақ культурасы тарихында жасаған үлкен бір тарихи игілік жұмысы. Абайдың соңғы жинағында 45-тен аса аударма өлең бар. Соның 25 өлеңі – Лермонтовтан, 7-үі Пушкиннен, 12-сі Крыловтан. Осы өлеңдерді оқығанда алдымен көзге түсетін нәрсе – Абайдың · тандап қана аударғаны. Абай кез келген өлеңді, кез келген ақынды аудармаған. Мәселен, Абай Лермонтовты көп аударған. Осы әлдеқалай болған емес. Оқушыларға белгілі – Лермонтов орыстың мұнды ақынының бірі. Лермонтов дворян ақыны. Бірақ, ақындық өмірінде сол өз табына, өз ортасына көңілі толмай налып кеткен ақын. Лермонтовтың қайшылықтары көп. Алайда, Лермонтовтың өлеңіндегі басым сарын – жалғыздық, іздегенін таба алмағандық, өскен ортасының жамандығына, надандығына, арамдығына налығандық. Лермонтов осы өзі шыққан табына көңілі толмай, бірақ сол ортасынан, сол табынан шығып кете алмай, мұнға түскен, содан барып, мандайы тіреліп тарыққан ақын. Абайға да Лермонтовтың ұнайтын жағы – осы сарыны, Абай да өскен ортасына риза болмады. Іздеген жақсыларын таба алмады. Ел басындағыларға тілін алдыра алмады. Налыңды. Жабықты, торықты. Иштегі мұнды зарын сыртқа шығарды. Міне, бұл жағынан қарағанда Абай мен Лермонтов мұндаас ақын болды. Сондықтан, Абай көбінесе Лермонтовты аударды. Онда

да Лермонтовтың жалғыздығы, мұнды зары, ішкі сыры айтылған өлеңдерін аударды. Жоғарыда Лермонтовтан 25-тей өлең аударылыпты дедік, соның 18-і мұнды, зарлы өлеңдер.

Абайдың торығу, жалғыздыққа салыну сарынында Лермонтовтың әсері тіпті күшті болған. Абайдың өз қара басының жалғыздығын жазған кейбір өлеңдері Лермонтов өлеңдерінің «көшірмесі» сықылды. Лермонтовтан аударғандарында – Абайдың өз мұны да араласып жатады. Кейде тіпті Абай мен Лермонтовты айыра алмай қаласың.

«Қайғы-дертің мейлі мың,  
Саудага салмақ өзіңе ар.  
Жаныңа түскен жараның  
Іріңін нетсін надандар?»

\*\*\*

«Қапамын мен, қапамын,  
Куаныш жсоқ көңілде.  
Қайғырамын жсатамын,  
Нені іздеймін өмірде?  
Өткен күнге өкінбей,  
Әм үміт жсоқ алдымда.  
Мансан іздер, мал қуар,  
Бәрі мақтан іздеген.»

\*\*\*

«Ауру жүрек ақырын согады жай,  
Шаршаң қалған кеудемде тулай алмай.  
Ақылды жсоқ, ары жсоқ шуылдақты  
Күнде көріп, тұла бойы жерінген.»

(214 бет)

Осы Лермонтовтан аударған сөздер. Осы сөздердің Абай сөздерінен айырмасы қанша?

«Ішім өлген, сыртым сау,  
Көрінгенге деймін-ау:  
Бүгінгі дос - ертең жсау,  
Мен не қылдым, ятырмау?»

\*\*\*

«Ем таба алмай,  
От жалындаі,  
Толды қайғы кеудеге.  
Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
Пендеге.»

(138 бет)

\*\*\*

«Жүргім, ойбай, соқпа енді!  
Бола берме тым күлкі.  
Көрмейсің бе, тоқта енді,  
Кімге сенсең — сол шики.  
Жүргім мениң қырық жасамау  
Қиянатышыл дүниеден.  
Қайтып аман қалсын сау,  
Қайтқаннан соң әрнеден.»

(219 бет)

Міне бұлар Абайдың өз өлеңдері. Лермонтовтікінен айырмасы қанша? Екеуінің де сарыны бір, екі ақынның да айтатын мұны бір. Екеуінде де жалғыздық, екеуі де өскен ортасына наразы.

Жоғарыда біз Лермонтов өскен ортасынан, шыққан табынан кете алмады дедік. Осы хал Абайда да болады... Абай да қанша наразы, қанша ашулы болса да, өзінің шыққан табынан кете алмады.

Тегінде, Лермонтовтың Абайға күшті әсер беруінің де түп тамыры осы жақта жатыр. Абайдың Лермонтовша

мұң-зарға, жалғыздыққа түсі – екі мұнды ақынның тап тілегінің бір болғандығынан болу керек.

Абай Некрасовтан ешбір өлең аудармайды. Бұда әрине әлдеқалай болған жұмыс емес. Некрасов та дворян арасынан шықты. Өскен ортасын ол да сынады, мінеді, наразы болды. Бірақ, Лермонтов өскен ортасын, табын сынап отырып бірақ сол табынан қол үзе алмаса, бөлініп кете алмаса, Некрасов құр сынап қана қойған жоқ, сол сынаған, өзінің шыққан табынан қол үзді, өз табынан жырылып төңкерісшіл бұқараға қосылды. Орыстың атақты Чернышевский сықылды төңкерісшілдерімен жолдас болды. Бірге іс істеді.

Абай орыстың мұндай адамдарын үлгі қыла алмады. Мұндай төңкерісшілдігі, бұқарашылдығы күшті ақындар Абайға әсер бермеді. Бұған да кінәлі әрине Абайдың байшылдығы. Абай қанша байына, болысына, биіне көңілі толмай, наразы болса да байшылдығынан безбеді, сол байшылдық жолда отырған соң, ол басқа таптың үлгілі адамдарын да көре алмады, ұға алмады. Әрі барғанда өзімен мұндас табы бір, тілегі қосылған орыстың буржуашылыққа бет бұрған дворян ақындарын ғана көрді, солардан ғана үлгі алды.

Абай Пушкиннен аударғанда да өзінің жаңына жылы тиетін өлеңдерін ғана аударады. Барлығы Пушкиннен З-ақ өлең аударған, онда да екеуі – Пушкиннің жалғыздығын айтып жазған сыр өлеңдері. Үшінші аударған өлеңі – Пушкиннің атақты «Евгений Онегин» деген поэмасы. Бұл поэмадан Абай Татьяна мен Онегиннің бір-біріне жазған хаттарын, айтқан сөздерін аударды. Аяғында Абай өзінен жаңа өлең қосады. Біздіңше, Абайдың Онегинді аударуы да әлдеқалай емес. Бұл поэмасын, әсіресе, Татьяна, Онегин хаты, сөздерінің сарыны Абайдың өлеңдеріндегі жалпы сарыннан бөлек емес – ағайындас. Татьяна мен Онегиннің жазған хаттарында,

айтқан сөздерінде де мұң, зар, арман сарыны басым жатады. Татьяна мен Онегин «тағдырдан» аса алмай, тілектеріне жете алмайды. Екі жар мұндасады. Ғашық оты жанады. Арман ұлғаяды. Бірақ «тағдыр» қарсы, екі жас қосыла алмайды. Пушкиннің Татьянасы мен Онегині «жарым жан» - сырты бүтін, іші түтін адамның образдары. Осы «жарым жандық» Абайдың басында да болады. Сондықтан жүрегіне жылы тиген Татьяна мен Онегин сарынын Абай өлең қылады, елге жаяды. Өз тұсындағы Қазақ жастарына арманды ғашықтардың образдары осылай болады деп үлгі қылады. Пушкиннің осы поэмасының әсері Абайдың ғашықтық жайында жазған өлеңдерінің көбінде бар. Мәселең, Абайдың «Айттым сәлем Қаламқас», «Қиыстырып мақтайсыз» деген өлеңдерін оқып қарасаңыз, осы өлеңдерде де Пушкин поэмасының әсері анық білініп тұрады. Татьяна алғаш Онегинге ғашық болып жазған хатында былай дейді:

*«Амал жоқ — қайттім білдірмей,  
Янырмай, қайтіп айтамын.  
Қоймайды дертің қүйдірмей,  
Не салсаң да тартамын.  
Еркімен тимес бұл жүрек.  
Әзелде тағдыр иеден,  
Қојсам - сенсің, не керек.  
Шыныңды айт, кімсің тербеткен  
Иембісің жақтаушы?  
Әлде азғырып дуре еткен  
Жаумысың теуіп таптаушы?  
Не болса болсын өзімді  
Тапсырдым сізге налынып.  
Толтырып жасқа көзімді,  
Есірке деймін жалынып».*

Енді Абайдың қазақ қызының ауызына салған сөзін оқып көріңіз. Қазақ қызы ғашық жігітіне мынадай жауап қайырады.

«Ақылыңа сөзің сай,  
Сіз – жалын шоқ, біз – бір май.  
Ыстық сөзің кірді ішке,  
Май тұра ма шыжымай.  
Қабыл көрсөң, қоңілім жай,  
Тастап кетсөң, япырмай,  
Ит қор адам болар ма,  
Бұл жалғанда сорлыңдай?  
Тілегімді бермесөң,  
Үйір қылма бойыңа,  
Шын жақсы көрмесөң.  
Қайғың болар шермен тең,  
Қара көңілім жермен тең.  
Сенсіз мазан жат тәсек  
Болар бейне көрмен тең».

Осы екі өлеңде қанша айырма бар? Екеуінің сөзі де, арманы да бір емес пе? Тіпті өлеңінің ішкі сырын, арманды мұның, тілегін былай қойып, сыртқы түрін, сөз ұйқастығын алсаңыз да қазақ қызының сөзі мен Татьяна сөзі бір жерден шығады. Екеуінің бір-бірінен айырмасы жоқ.

Абайдың тағы көп аударған ақынының бірі – Крылов. Крыловтан Абай барлығы он екі өлең аударады, бәрі де мысал өлеңдер. Оқушыларға белгілі, Крылов мысалды өлеңдерді орыстың күнбе-күнгі тұрмысына арнап жазады. Мысалды өлең – поэзиядағы бір жанр, өз алдына бір түр. Осы мысалды өлеңінің Крылов орыс әдебиетіндегі белгілі, атақты ақынының бірі. Алғаш қазақтың жазба әдебиетіне мысалды өлең түрін кіргізген Абай деуге болады. Өйткені Абайдан бұрынғы қазақтың жазба әдебиетінде басня мысалды өлең түрі болған

жок. Бұл жөнде, қазаққа Абай Крылов мысалдарын үлгі қылады. Мұнысы да әрине, үлкен игілік жұмыс, қазақ әдебиетін түр жағынан да, пікір жағынан да ілгері бастайтын жұмыс. Крылов мысал өлеңдерінде түрлі айуандарға жақсы, жаман адамның сипатын береді, айуанды мысалдаған адам баласының жақсы, жаман мінездерін ашады. Аяғында жазушы өз билігін айтады – қорытынды жасайды. Абай аударған мысал өлеңдер де осындай өлеңдер. Күнбе күнгі жұртшылыққа мәні бар мысалдар, әрқайсысында жақсы, жаман адамның үлгісі көрсетіліп отырады. Абай, Крылов мысалдарынан да өзіне ұнағанын ғана аударады.

Біз жоғарыда сөзімізді – Абайға орыс күльтурасының қандай әсері болды деп бастап едік. Сол сөзімізге аздықөпті жауап бердік. Өзіміз білген Абайға әсері болды деген орыстың ақын, жазушыларын, әлеумет адамдарын атадық, солардың қандай әсері болғанын аштық. Енді сол жоғарғы айтқан сөздерімізді топшыласақ қандай қорытындыға келеміз:

1) Абай ақындық құрган кезінде орыс күльтурасының ықпалында болған. Орысты қазаққа үлгі деп санаған. Қазақ халқы орыс күльтурасы арқылы ғана өзге халықтармен теңеледі деген. Абай – орыс күльтурасын үлгі қылғанда, орыстың буржуалыққа ауысқан дворяндар бастаған күльтурасын үлгі қылады. Осы текті, осы беттегі орыс ақын, жазушыларынан пікір алады, сөз табады. Осылардан өлең аударады.

2) Абай орыстың Толстой, Салтыков, Михаэлис сықылды адамдарын үлгі қылады. Көзіміді осылар ашты дейді. Бірақ, осыларды Абай түгел біле алмады. Абай бір беткей, үстірт ұқты. Абай – Толстойдың образдығын ғана алды, Салтыковтың – өскен ортасына арнаған аңы тілді сынның ғана шет пүшпақтап алды, Михаэлис сықылды төңкерісшілдерден «сауатын ғана»

ашты, басқа ештеңе үлгі алмады. Абайдың – орыс төңкерісшілдерін естіп, білсе де оларға жақындаамауы таптық тілегіне байланысты. Байшылық тілекте отырып, әрине, Абай төңкерісшілдік пікірге түсे алмады, тұсуге мүмкін де емес еді.

Абайдың орыс жазушыларын, орыс әдебиетін түгел білмеуіне білсе де дұрыс ұқпауы – оның жетілмегендігіне, білімнің тайыздығына байланысты. Абай, өз тұсындағы қазақтан қанша білімді болса да, орыс культурасының сатысымен қарағанда, әрине шала еді, білімі аз еді. Осы білім аздық Абайдың көп пікірлерінде көрініп тұрады.

3) Алайда, алғаш қазақ халқын қазақ тілінде орыс әдебиетімен таныстырыған – Абай болды. Абай өзінің жұртшылық өлеңдерімен, жақсы аудармаларымен орыс-қазақ культурасын жақындастырудың, қазаққа орыс ақындарын таныстырудың қазақ тарихында бірінші кісі болды. Абайдың өз жанынан айтқан жаңалық пікірлерінің көпшілігі де сол орыс культурасының әсерінен туды.

Мұның бәрі әрине, Абайдың заманының жемісі. Абай тұсында орыс империализмі қазақ даласын түгел билеген еді – шаруасын да, ел билеу жұмысын да, байшылдық салт-санасын да өзіне бағындырыған еді. Абайда орыстың өзімен мұндас, текстес ақын, жазушыларынан үлгі алды, сол үлгісін қазаққа жайды.

Міне қысқаша айтқанда Абайға орыс культурасының әсері осындай болды.

## **Абайдың ақындығы**

Біз жоғарыда Абай өлеңдерінің пікір жағына тоқталдық: Қандай әлеумет, таптық маңызы бар, жақсысы не, жаманы не, қандай органың, таптың әсері бар, ақынның сөз қылған темалары – міне осы сықылды мәселелерді аша алдық. Бұл Абай өлеңдерінің мазмұн жағы, бірақ осы пікірлерін, осы мазмұнды Абай көркем сөзбен, ақын тілімен айтты. Енді Абайдың сол ақындығына келейік. Абайдың ақындық құші, қазақ әдебиетіндегі орны, үлгі өрнегі, әсері – әңгіменің осы жағын да аша алдық.

Илиястан (Жансүгірұлы) бұрынғы Абай туралы жазған сыншылар Абайдың ақындығын, көркем сөзін ерекше тексерген жоқ. Бәрі де Абайдың пікіріне, сөзінің мазмұнына тоқтады, ақынның пікірін ғана сынады. Бұл жөнінде Абайдың ақындығын, өлең түрлерін тексеруге бірінші рет шұғылданған сыншы – Илияс. Бұл Абайдың ақындығына ерекше тоқталады. Абай өлеңдерінің көркемдік, түр жағын да тексереді, ақынның көркем әдебиеттегі орнын ашады. Біздіңше Илияс мақаласында Абайдың ақындығын тексерген жері – ең қызықты, құшті жері. Теренде, толық тексермесе де Абайдың ақындығын ұғуда, бағалауда Илияс көп дұрыс пікірдің бетін ашады, ақын жазушыларға ойланарлық көп мәнді сөздер айтады.

Абайдың ақындығын бағалағанда бәріміз де құшті ақын дейміз. Бірақ Абайдың сол құштілігі не, әдебиеттегі үлгі-өрнегі, тапқан жаңалығы не – ол жағын ашпаймыз. Сондықтан Абайдың ақындығын да жете білмейміз.

Абайдың ақындығын сөз қылғанда, алдымен, оның қазақ әдебиетіне жасаған жаңалығын анықтау керек.

Абайдың әдебиеттегі жаңалығы қайсы? Біздінше, Абайдың әдебиеттегі жаңалығы біреу емес – әлденеше.

Бірінші жаңалығы – Абайдың көркем сөзге – поэзияға көзқарасы. Өлең жазушы, айтушы Абайдан бұрын да көп болды. Өлең қазақ өмірінде үлкен орын алды. Қазақтың салт-санасын сұрыптауда, өлең феодал табының тап құралы болды. Жыр, қисса, айтыс өлеңдер – бәрі де қазақтың феодал табының тілегін жырлаған өлеңдер еді. Өлеңді осылай тап құралы қылып пайдалануды қазақ байлары жақсы білді, жақсы түсінді, ел ішіндегі жыршы, өлеңші ақындарды қазақ байы өзіне бағындырыды. Эрбір байдың ез жыршысы, ез ақыны болды. Бірақ та, қазақтың феодалдары өлеңнің өнер екендігін, ақынның таланттын бағалауды, Абайдан бұрынғы заманда білген емес. Қазақтың ескі феодалының ұғынуынша – ақын байға қызмет қылатын еті тірі, епті жігіттің бірі ғана. Ақынның жақсылығы – ез байын, ез руын қалай мақтай біледі, осыған байланысты. Абай айтқандай, «жоқты барды шатып, елін, байын мақтаса» сонымен ескі ақындардың аты шығушы еді. Бұлардың талантты, ақындығы осыған ғана байланысты еді. Абайдан бұрынғы ескі замандағы феодалшы ақындарда езінің міндетін, ақындық өнерін осылай ғана бағалаушы еді. Ақынға, өлеңге осы көзқарас болғандықтан – ақын да, өлең де жалдамалы болушы еді. Өлеңді ханның, сұлтанның, байдың жалдамалы ақыны ғана айтатын еді. Үстемдік құрып, ел билеп отырған феодалдардың өздері ақындық құруды бойына кемшілік деп санаушы еді. Абайдан бұрынғы қазақтың заманын шолып көріңіз. Қазақтың не ханы, не сұлтаны, не байы, би болысынан осы ақын болып еді дегенді көре алмайсыз. Бұлардан ешкім ақын болған жок. Сонда осылардың ақындық талантты, өнері болмағандықтан емес – ақындықты қорлық, кемдік деп санағандықтан,

бұлардан ақын болмады. Міне осы ескі көзқарасқа Абай өзгеріс жасады. Абай өлеңнің үлкен өнер екенін білді. Ақындықты талантпен байланыстырды, екінің бірі ақын бола алмайтынын анықтады. Ақын болу қорлық, кемдік емес – үлкен өнер, өзгеден артықтық, жан байлығы деп ұғынды. Абай өзі үлкен бай. Бірақ сол байлығына қарамай өлеңнің өнер екенін, әлеумет тұрмысында орны үлкен екенін ұға білді. Абайдан бұрын, байға ақын болу, өлең жазу қорлық болса, енді Абайша – байдың ақын болуы, өлең жазуы – асқандық, білімділік, жақсылық сипатқа айналды.

Абайдың ақындық туралы пікірі әлденеше өлеңдерінде ашық айтылады.

Бір өлеңінде ескі ақындарды Абай былай бағалайды:

«*Бұрынғы ескі биді тұрсам барлан,  
Мақалдан айтады екен, сөз қосарлан.  
Ақындары ақылсыз, надан болып,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қарман.  
Көбыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айттыпты әркімге арнап.  
Әр елден өлеңменен қайыр тілен,  
Кетірген сөз қадірін жүртты шарлан.  
Мал үшін тілін безең, жсанын жалдан,  
Мал сұрап біреуді алдан, біреуді арбан.  
Жат елде қайырышылық қылып жүріп,  
Өз елін бай деп мақтар құдай қарған.  
Қайда бай мақтанишаққа барған таңдан,  
Жиса да, бай болматты, қанша малды ап.  
Казаққа өлең деген бір қадірсіз,  
Былжырақ көрінеді соларды айдан.»*

(100 бет)

\*\*\*

«Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бірі - жасау, бірі - құрау.  
Әттең дүние - ай, сөз таныр кісі болса,  
Кемшилігі әр жерде - ақ көрнеу тұр - ау».

(102 бет)

Абайдың осы сөздері өз тұсында үлкен жаңалық еді. Қазақ әдебиетін жоғары көтеретін, ілгері бастайтын пікір еді. Абайдан бұрын өлеңге, ақынға мұндай сын кезбен қараушы адам қазақта болған жоқ. Абайдың артықтығы, қырағылығы – осы ескі ақындарды сынай білді, кемшиліктегерін көрді.

Абай ескі ақындарды сынап қана қойған жоқ, ақын қандай болу керек, өлеңді қалай жазу керек – әңгіменің бұл жағын да сөз қылды. Алдымен, жақсы ақынның үлгісін Абай өзі көрсетті. Өзінің ақындық міндеті жайында

Абай былай дейді:

«Ескі бише отырман бос мақалдан,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлан.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Сый дәметте, берсе алма еш адамнан,  
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?  
Сүйінерлік адамды сүй, қызмет қыл,  
Аулақ бол әнін сатып берсе алғаннан».

Міне, бұл сөздер Абайдың ақындық программысы еді. Қазақ ақындарының алдына тартқан жаңа міндет, жаңа бағыт еді.

Абай ақындықты өзіне үлкен бақыт, үлкен жақсылық деп білген. Өлең жазу Абайға үлкен жұбаныш болған. Өлең арқылы Абай елімен сырласады. Өлең арқылы жүртқа үті, өситет айтады, білім жасады. Өлең жазу арқылы Абай ойға салынады. Оймен алды, артын шарлайды. Өлеңмен Абай терең сырлы пікірлерін толғайды.

Абайдың қайғырып қамыққанда да жалғыз жұбанышы, серігі – өлеңі болады.

*«Өзгеге, көңілім, тоярсың,  
Өлеңді қайтіп қоярсың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дерпті жоярсың.  
Сайра да зарла, қызыл тіл,  
Кара көңілім оянсын.*

*Тыңдамаса еш адам,  
Өз жүргегім толғансын.  
Әр сөзіне қарасын,  
Іштегі дертім қозгалсын».*

(141 бет)

Өлең туралы Абайдың басқа да жазғандары бар. Бәрі де осы сарынды. Бәрінде де Абай өлеңге айрықша мән береді, өлеңді – сөздің асылы, адамның көз ашар ақылгөйі деп түсінеді.

*«Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қыыннан қыстырыар ер данасы».*

Қазақәдебиетінде өлеңге, ақынға бірінші рет осындай мән беріп, бағасын көтерген – Абай. Сондықтан біз Абайды өз тұсында қазақ әдебиетінде жаңашыл ақын, үлгілі ақын болды дейміз.

Абайдың екінші жаңалығы – қазақтың жазба ұлт әдебиетін жасауға бас болғаны. Абайдан бұрынғы қазақ

әдебиетінде жеке феодалдан қара басымен байланысты өлеңдер басым болушы еді. Жалпы ұлт қамы, жалпы елге ортақ мәселелер аз айтылуши еді. Абай бастаған, Абай жазған әдебиетте жалпы қазаққа, бүтін ұлтқа ортақ әңгімелер сөз болатын болды. Абай өлеңнің жүзден сексені ұлт қамы, қазақ елінің ортақ мәселелері. Ең аяғы, Абайдың өзіне арналды деген мұн, зарға түскен өлеңдерін алсаныз да – осы жұрт қамы, қазақ қамы сөз болады. Сол қазақ жұрты үшін Абай дерпті болады. Сол қазақ үшін Абай жылайды.

*Ең болмагандар:*

*«Арттагыға сөз қалсын.*

*Мендей гаріп кез болса,*

*Мойын салсын, ойлансын.*

*Қабыл көрсө сөзімді,*

*Кім таныса, сол алсын», - дейді.*

Тірі күнімде сөзімді тындараса, кейінгіге сөзім қалсын дейді. Осы ұлт қамын ойлау, бүтін қазақ елінің мұнын жырлау сарыны – Абайдың өлеңдерінен тіпті ашық көрінеді. Абайдан бұрынғы ақындарда айтылмаған, ұлт мұндымен байланысқан өлеңдер Абай тұсында, Абай басшылығымен туады. Абай өлеңі «ру» көлемінен асып, бүтін қазақ даласына қанат жаяды. Қазақ елін Абай түгел алады. Қазақты ұлт туы астына, елдікке шақырады. Абайдың осы жұртшылығы ел қамы, ел мұнды деп күніренуі де қазақ әдебиетінде жаңа сарын. Сондықтан, біз Абайды қазақтың ұлт ақыны дейміз, қазақтың жазба ұлт әдебиетінің атасы дейміз.

Абайдың қазақ әдебиетіне кіргізген үшінші жаңалығы, орыс әдебиетінің үлгілерін алуы. Абай бірінші рет қазақ тіліне орыстың атақты ақындарының өлеңдерін аударады. Қазақ әдебиетіне жаңа пікір, жаңа өлең түрлерін кіргізеді, сөйтіп, қазақ әдебиетін өнерлі елдің әдебиетімен жақындастыру, байланыстыру

қамын істейді. Абай заманында қазақ тілінде Пушкин, Лермонтовтарды өлеңмен аудару үлкен жұмыс, өте қын жұмыс еді. Осы қын жұмысты, үлкен иғі жұмысты алғаш қолға алған Абай болды. Бұл жөнінде Абай үлкен қырағылық көрсетті, ірі ақын, ұлт ақыны екендігін білдірді, сондықтан біз Абайды бірінші рет өнерлі слге қол созған өнерге ұмтылған өнерлі, талапты ақын дейміз.

Абайдың төртінші жаңалығы – қазақтың тіл байлығын ұқсата білуі. Алғаш қазақтың қарапайым, жуан тілінде көркем, образды сөзбен, мағыналы терең сырлы, қызықты өлең жазу үлгісін көрсеткен Абай болды. Абайдан бұрынғы әдебиетте, әсіресе, қиссаларда қазақ тілі орынсыз шұбарланған еді. Арап, парсы сөздері орынды да, орынсыз да өлең ішінде қыстырыла беруші еді. Абай осыған қарсы болды. Абай қазақтың әдеби тілін шұбарламады. Өлеңдерінде қазақтың жалпыға ұғымды жабайы тілін қолданды. Қазақтың жабайы тілі Абай өлеңдері арқылы көркем әдеби тілге айналды. Қазақтың осы күнгі жазба әдеби тіліне бірінші негіз салған – жаңа жол ашқан Абай деп білеміз. Орыстың әдебиетінде Пушкиннің рөлі қандай болса, қазақ әдебиетінде де өз әлінше, қазақ жағдайында Абайдың да рөлі сондай болды. Әрине, Абай жазба әдебиетке негіз салды, тілін түзеуге басшы болды дегенде, Абай жаңадан тіл жасады деп үқпау керек. Тыңдан ешкім де ештеңе жасай алмайды. Абай да жаңа тіл жасаған жоқ. Абайдың істегені қазақтың ескі ауыз әдебиетіндегі, халық аузындағы, күнбе күнгі тұрмыстағы айтылып жүрген, қарапайым, жалпылама жұртқа түсінікті тілін пайдалана білді. Көркем әдебиеттің керегіне жаратты. Ақыны келіссе қазақ тілі де көркем, образды тіл, өз әлінше бай тіл екендігін көрсетті.

Біз жоғарыда Абайдың екі жақты әсер болды дедік. Бірі, Абайдың бала жасында, жігіт кезіндегі әкесі Құнанбай тәрбиесінен қалған ислам әсері Арап, Парсы, Шағатай әдебиетінің әсері. Екіншісі – Абайдың сақайған кезіндегі орыс қультурасының, әсіресе, орыс әдебиетінің әсері. Осы екі әсердің екеуі де Абайдың тілінде анық көрінеді. Абайдың алғаш жазған өлеңдерінде арап, парсы тілінің әсері тіпті күшті болады. Мәселен:

*«Жұзі раушан, көзі гаухар,  
Лагылдек бет ұшы ақмар,  
Тамағы қардан әм биһтар,  
Қасың құдірет, қолы шыйга.»*

Дәлосындай болмағанменде, дінтуралы жазғансонғы жылдардағы өлеңдерінде де Абай араб, парсы тілдерінің ықпалынан мүлде құтылып кетеалмайды. Азды-көпті араб, парсы сөздерін кейінгі өлеңдерінде де қыстырып отырады. Мәселен:

*«Аманту оқымаған кісі бар ма?  
Үәктубини дегенмен ісі бар ма?  
Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді  
Оларға кез-кезімен нәби келді.  
Қагида шаригати өзгерсе де  
Тағриф Алла еш жерде өзгермеді».*

(1902 ж.)

Алайда Абайдың соңғы жылдарда (80-90 ж.) жазған өлеңдерінде араб, парсы тілдерінің әсері азаябереді. Абай көбінесе қазақтың қарапайым, жуан тіліне ауады. Жұртшылық, ғашықтық, аударма өлеңдерінің бәрі де қазақтың қара тілімен жазылады. Кейде осы өлеңдерінде бірен-саран орыс сөздері қатыстырылады. Бірақ бұлардың көбі жаңа термин есебінде, қазақтың тілін байыту ниетімен ғана алынған сөздер болады. Мәселен, Абайдың кейбір өлеңдерінде:

*«Визитке төлемей,  
Шырагым, бос қалма.  
Жә болмаса:  
Тактысына билесін  
Билеткеннің бәрі ақша  
Ер жақсысын таңдамас»*

Тағы осы сыйылдылар. Мұндай термин есебінде орыс тілінен пайдалану Абайдың соңғы ақындық күрған кезіндегі өлеңдерінде көп кездеседі. Мұнысы да Абайдың жаңалығы. Қайта орыс тілінен керекті терминдерді алу жөнінде төңкерістен бергі терминші ұлтшылдардан Абайдың аяқ алысы анағұрлым игі еді.

Абай заманына қарамай орыстың керекті терминдерін өзінше қазақ әдебиетіне кіргізуге тырысты. Жарытып, қорытып ештеңе іstemесе де орыс әдебиетімен, орыс культурасымен жақындасу керек деген бетте болады. Визит, такты, промысел сыйылды сөздерді жаңа термин қылышп кіргізеді.

Ал кейінгі төңкерістен бергі ұлтшыл терминшілер бұл жөнінде Абайға да ере алмады. Абай заманында адыра қалған ескілікті қайта қозғады. Қазақтың бүгінгі тұрмысында жоқ құлаққа жат, үйренуге қын араб, парсы сөздерін термин қылды немесе көңілге де қонбайтын «жаңа сөздер» ойлап шығарды. Қалайда орыс тіліне жоламау, орыс әдебиетінен алыстау, етек-женін қоршап-қымтап, қазақ әдебиетіне орыс терминдерін (жалпы Еуропаның білім терминдерін, сөздерін) кіргізбеуге тырысты. Мұның атын бұлар қазақ тілін таза сақтау керек деп түсіндірді. Шынында, мұның аты қазақ тілін таза сақтау емес, қазақты надандықта ұстаудың программасы еді.

Қазақты Еуропаның, әсіресе сұрыпталған дайын терминдерімен пайдалану жөнінде бірінші рет игі жұмыс бастаған Абай ақын болды. Абай қазақтың өз

тіліндегі барлық байлықты пайдалана отырыш, реті келген жерде орыс тілінен де керекті терминдерді алудан қашпады. Абайдың бұл ісі де бүтінгі біздің көп ақындарымызға мәнін жоймаған, үлгі боларлық іс.

Биылғы Мәскеуде болып өткен Совет жазушыларының бірінші съезіндегі үлкен, құрделі сөздің бірі – көркем әдебиеттің тілін түзеу мәселесі болды. Бұл мәселе жалғыз орыс әдебиетіне ғана тиісті мәселе емес. Орыста әдебиет тілі ойлағандаш шешілмеді деп отыrsa, қазақ сықылды елдерде бұл мәселе әлі тіпті тың жатыр. Біздің кейбір жазушыларымыз, ақындарымыз соңғы жылдарда қазақ тілінде жазудан қалып барады. Кейбіреулер мұны «пролетариатшылық» деп түсінетін тәрізді. Әрине, «аударма» тілмен, не қазақша емес, не орысша емес, жазушының өзінен басқа ешкім үқпайтын сауатсыз тілмен көркем әдебиет жасай алмаймыз, қазақ тілін байыта алмаймыз. Мұндай жазушыларға Қазақстан жұртшылығы, сөз жок, қарсы болады. Алдымен, мұндай «тіл бұзушыларға» қазақ жазушылары қарсы болу керек. Өз жазуларында қазақ тілінің жақсы үлгісін көрсетулері керек. Міне, біздің осы үлкен игі жұмысымызда Абайдың да пайдасы аз болмайды. Абай тілі қазақтың бүтінгі көп жазушыларына үлгі бола алады. Абай – өз тұсында қазақтың тіл байлығын түгел менгерген кісі. Абай ескі тілді біліп қана қоймай, сол тілді байытуға қам істеген кісі. Өнерлі елдердің тіліне жеткізуді арман қылған кісі. «Сөз патшасы» өлең тілін әдемілеп, сырлап, құндызыша құлтпыртқан Абай болатын. Абайдың би, болыстарды сөккен найзаның ұшындаш өткір тілі, ғашықтықты дәттеген нәзік сезімді, ыстық жүректі, жылы сөзі, жүрт қамынан туған өзінің қайғы, мұң басқан зарлы тілі, терең ой, жаралы жүрек, нәзік сезімнен шыққан сырлы жыры – осылардың бері де Абай тілінің байлығын, Абайдың әр өлеңінің маңызына лайық сөз таба

білгендігін көрсетеді. Абайдың өлеңдерін оқығанында алдымен көңіл тартатыны – әдемі, образды, кестелі сөзі. Абай өлеңдерінен артық сөз таба алмайсың (болса бірен-саран), әрқайсысы орнымен айтылады, қиуы келіп, жабысып жатады, бөлектеніп кедір-бұдыр болып түрған сөз болмайды.

Абайдың:

*«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қыннан қыстырыар ер данасы;  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.  
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол ақынның білімсіз бейшарасы»,-*

(100-бет)

дегені қазақтың Абайдан басталған буржуалыққа бет бұрған байшыл әдебистінің жаңа жолы еді. Бұрынғы төрт жол төрт жақтан келетін өлең ескіріп, жаңа заманға жаңа өлең керек болғанда туған жаңа өлеңдің алғашқы нұсқа, үлгілерін Абай жазады. Шынында да, Абайдың көп өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді».

Абай тілі – образды тіл. Абай образды тілімен әдемі эйелді суреттесін, жоқ, жақсы атты суреттесін, жә болмаса, көш-қонды, жазды, жайлауды, қысқан қысты, сұытқан күзді суреттесін – бәрінде де Абайдың образды тілге байлығы, Абай ақындығының күштілігі, таусылмайтын бұлақ сықылды сөздің де, образдың да күйылып, төгіліп ағытылып жатқанын көресін. Абай тілінің артықша бір қасиеті – аз сөзбен көп мағына беруі. Төрт-бес жол өлеңмен Абай тұтас адамның кейпін, мінез-қылышын көрсетеді.

*«Мәз болады болысың,  
Арқага ұлық қаққанга.  
Шелтірейтіп орысың  
Шенди-шекпен жапқанга».*

Абайдың осы төрт жол өлеңінде қазақтың ескі болысының мінез-құлқы, сыртқы-ішкі сипаты көзге анық елестемей ме? Абайдың «аш би», «ку старшын» деген бір ауыз сөзінде де көп мағына жатқан жоқ емес пе? «Аш би» деген сөзben қазақ биінің арамдығы, елді жалмап, бірді бірге атыстырып-шабыстырып отыратыны, сонда да өзі тойса да көзі тоймай, ылғи «аш» отыратыны өтірік пе? Абай осыны бір-ақ сөзben айтып-түсіндіріп отыр. Ақындық, шеберлік, сөзге ұсталық, тілге, образға байлық осындайдан табылады.

Абай қысқа сөзben адамның ғана образдарын суреттеген жоқ. Абайдың өлеңдеріндегі пейзаж, жаратылыс суреттерін алсаныз да осы қасиет бар.

«Желсіз тұнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілден;  
Ауылдың жасын терең сай  
Тасыған озен гүрілден.  
Қалың агаши жапырағы,  
Сыбырласып өзді-өзи.  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлтырған жасыл жер жузі.»

Осы сегіз жолда да қалың ағашты, терең сайды жағалай отырған қазақтың жазғы ауылы елестемей ме?

«Желсіз тұнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілден.»

Осы да өте бай образ ғой. Бір сөйлемде жел, тұн, ай, су, сәуле, осылардың құбылысы, перне-суреттері – бәрі түгел айтылып отырған жоқ па?

Осының бәрі, әрине, Абайдың тіл байлығы, ақындығының құштілігі арқасында ғана болып отыр. Күшешек ақын бір ауыз сөзді 10-20 ауызға

айналдырып, мылжындал, езіп отырап еді. Абайда бұл жоқ. Абай тереңнен алады, қысқасынан қайырады, тауып айтады. Сондықтан біз Абайды көркем тілдің

ұстасы дейміз. Өз заманында ақындығымен, образды әдемі тілімен қазақ әдебиетіне Абай жаңалық кіргізген, үлгі жасаған ақын дейміз.

Абайдың қазақ әдебиетіндегі төртінші жаңалығы – Абайдың жаңа әдебиет түрлерін жасауы. Қазақ поэзиясына Абай түр жағынан көп жаңалық кіргізді. Абай өлеңдерінің сарыны, бағыты, мазмұнындағы жаңалықтар өлең түрлерінде де көзге анық көрінеді. Абай өлеңдерінің тілін, түрін, кестесін ғылыми жақтан терендең ерекше тексерген кісі Абай өлеңдерінің түр жағынан бүгінгі қазақ поэзиясына да бірсыптыра қолайлы үлгілер табар еді. Абай жасаған өлең үлгілері әлі түгел пайдаланылған жоқ. Ұлтшыл ақындар Абайдың бес-алты түрін ғана алды. Төңкерістен бұрынғы қазақ ақындарының Абайдан асып, жаңа түр тапқаны жоқтың қасында. Бәрі де Абайды түгел пайдалана алмады. Абай өлеңдерінде, сұрыптай келгенде, 16 өлең түрі бар. Соның бірсыптырасы – қазақтың ескі ауыз әдебиеті, жыр, қисса, қара өлеңі, әндерінен алғынған түрлер. Қазақтағы бар өлең түрлерін Абай түгел пайдаланған деуге болады. 11-12 буынды қисса, қара өлең түрі, желдіртіп отыратын жыр түрі, 5-6 буынды халық өлеңдері, 7-8 буынды, екі жолды, қысқасынан қайырылып отырытын жырау түрі – осылардың бәрі де Абай өлеңдерінде де көп кездеседі.

Бұлардан басқа өзінің тыңдан шығарған, орыс, арап, парсы әдебиеттерінен алған үлгілері де жоқ емес. Біздің жалпылама шолуымыздың өзінде-ақ Абай өлеңдерінен 7-8 өлең түрлері қазақтың бұрынғы әдебиетінде болмаған түрлер дейміз. Абайдың жаңа түрлерінде екі түрлі өзгерістері бар. Біркелкі өлеңдері – әнге лайыктап, музыка үніне үйлесіп, буын өлшемі, дыбыс үйқастары, сөз ырғағы күшті болып келеді. Өлеңді оқығанда, сөз ырғағы, дыбыс үйқастары өлеңінің жалпы кестесі әнге

өзі тартып тұрады. Қара сөзбен оқығанның өзінде-ақ ән болып оқылады. Мәселен, Абайдың;

«*Көзімнің қарасы,  
Көңілімнің санасы  
Біттейді ішімде  
Ғашықтық жарасы.*»

Жә болмаса:

«*Қара көз, имек қас  
Қараса жан тоймас,  
Аузын бал қызыл гүл,  
Ақ тісін кір шалмас.*»

(150-151 бет)

«*Айттым сәлем, қаламқас,  
Саган құрбан мал мен бас.  
Сагынғаннан сені ойлан,  
Агар көзден ыстық жас.  
Сенен артық жан тумас,  
Туса туар, артылмас.  
Бір өзінен басқага  
Ынтықтығым айтылмас.*»

Абайдың осы сықылды өлеңдері көп. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасы да осы сарынды өлең түрімен аударылған. Абайдың осы сықылды өлеңдерінің бәрі де ән-күйге лайықталып жазылған. Сөз кестесі, дыбыс. ұйқастығы, өлеңнің өлшемі, буын мәлшері, сөзден құрылған сөйлем ырғағы, қисыны – бәрі әнге, күйге тартады. Бір өлеңнің аяғында Абайдың өзі де айтады:

«*Мұны оқыса кім танып,  
Жүргегінде от жсанып.  
Сөзді ұгарлық жан тапса,  
Айтса жарап ән салып,*» – дейді.

Шынында да, Абайдың мұндай өлеңдері елге тез тарады. Ел ішінде ән болып айтылды.

Абайдың екінші біркелкі өлең түрлері әнге келмейді, өлең кестесі, сез ырғағы, сез қисыны мазмұнына бағынады. Мағынасы келіп тұрған сөзді кейде өлең үйқастығын, жалпы кестесін бұзып тұрса да Абай қосып жібереді. Абайдың мұндай өлеңдерінде терең ой, толғаулы, сабакты сез кездеседі, әндегіп сылдыратып оки алмайсың көбінесе, талдап, саралап, тоқтап оқисың. Бір сөйлемнің ішінде әлде неше рет тоқтау керек болады. Мәселен, Абайдың:

«Шын көңілмен сүйсе екен кімді сүйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.  
Қырмызы қызыл жібек бозбалалар,  
Оңғақ бұлдай былгайды бір дым тисе.  
Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе біріңдікін бірің жеткіз,  
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,

Киянатышыл болмақты естен кеткіз», – деген өлеңдерін, эрине, әнге салуға болмайды. Абайдың өзі де бұларды әнге деп арнамаған. Абайдың үтіт, өситет қылып жазған өлеңдерінің көбі осылай жазылады. Толғап, талдап, жаяулатып оқуды керек қылады.

Абайдың жаңа түрлерінің ішінде қазаққа көбірек жайылғаны – «Сегіз аяқ». Бұл өлеңі ән болып та айтылады. Абайдан кейінгі ұлтшыл ақындардан да осы түрді қолдаушылар болды. Абайдың осы «Сегіз аятының» өзге түрлері де бар.

«Сегіз аяқта»:  
«Алыстан сермен,  
Жүректен тербен,  
Шымырлат бойга жайылған,  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,

*Тағыны жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десен өзің біл».*

Осы сегіз жолдың түйіні соңғы екі жолда шешіліп отырады. Әрбір екі жолы бір-бірімен үйлесіп, үшінші жол алтыншы жолмен үндеседі. Ал өзге түрлерінде не «алты аяқ» не «жеті аяқ» болып келеді. Мұнда екіге белінеді. Сол әрбір бөлігінде түйіні шешіліп, мағынасы ашылып отырады.

Мәселен:

*«Бай сейілді,  
Бір бейілді,  
Елде жақсы қалмады.  
Елдегі еркек  
Босқа селтек  
Қазып елін қармады.»*

Бұл алты жол үш-үштен бөлінеді. Екі жолы бір бірімен үйқасып, үшінші жол алтыншы жолға үйқасады. Бірақ алғашқы үш жолда да, кейінгі үш жолда да мазмұны бөлек, бір-біріне бағынбайтын болады. Осы сықылды «жеті аяқты да» бөлшектеніп келеді.

Мәселен:

*«Гашықтық – қыын жол:  
Жетсең – жеттің,  
Жетпей өттің,  
Не болды?  
Арманда өмір  
Өтті,  
Ойлай ма еken бір мені сол?»*

Мұнда бірінші бастауыш жол мен жетінші қорытушы жолға үйлеседі. Бірден соңғы екінші, үшінші жолдар

ұйқасады. Қалғандары сөйлемінің маңызына қарай құбылыштың отырады, кейде ұйқасады, кейде ұйқаспайды. Абайдың бұл түрі – өзінің де аз қолданған түрі. Тегінде, поэзияға өте қиын түр болу керек. Және осында ұйқастық, ырғактық та аз сыйылды. Оқығанында томар аттап, жығыла-сүрініп келе жатқан кісіше оқисын. Кейінгі қазақ ақындарына Абайдың бұл түрінің жұқпай қалуының да бір себебі осы болу керек.

Абай өлеңдерінде дыбыс үндестігі құбылыштың, буын ұйқастығын жасағандар да бар. Мұнда Абай өлеңдегі әрбір сөйлем, не бір жолдың ішінде бірыңғай үндес, ұйқас дыбыстарды тізеді. Және осы жолдардың бастауын бір-ақ дыбыс не бір-ақ түрлі буынмен бастайды.

Мәселен:

«Самародный сары алтын  
Саудасыз берсең алмайды.  
Саудыраган жезіне,  
Саудырсыз сары қамқаны,  
Садага кеткір сұрайды,  
Самарқаның бөзіне.

Жә болмаса:

Жайнаган туың жығылмай,  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жасаулы жаудан бұрылмай,  
Жау жүрек жомарт құбылмай.»

Міне, бұл өлеңдерінде Абай әр өлең жолын бір-ақ дыбыспен, бір-ақ түрлі буынмен бастайды. Бастапқы біз келтірген өлеңді – «Самародный сары алтынды» ылғыына «с» дыбысы «са» буынымен бастайды. Осы «с» дыбысына ұйқасты дыбыстарды «ж», «з» не «с»-ның өзінің кейінгі жол ішіндегі сөздерде де болуын қарастырады. Сонда, жалпы өлеңді оқып отырғанда,

«с» мен басталғанынан басқа, бүтін өлең ішіне «с» не осыған үйқас «ж», «з» дыбыстарымен ұндесіп жатқанын көресің. «Жа» мен бастаған өлеңдерінде де осы әдісті қолданады.

Абайдың осы дыбыс үйқастығын қуалау әдісі өлең жолының басындаған емес, аяғында да қолданылады. Жолдың аяғын ылғына өлең біткенше бір түрлі буынмен, ұндес, үйқас дыбыспен ғана қайырып отырады. Мәселен:

*«Анттен тарқайды,  
Жылса кеңеске.  
Анттасын алқайды,  
Сен тентек демеске.  
Кім анттан шалқайды,  
Амал жсоқ жемеске.»*

(164-бет)

Мұнда өлең жолының аяғы бір түрлі дыбысты буындармен үйқасып отырады. «Айды, қайды» деген жүрнақтар бірінші жолда, «еске» екінші жолда болып отыр. Жол аралатып осы екі түрлі жүрнақ бүтін өлең біткенше келеді де отырады. Осының өзі, әрине, Абайдың сезге, образға, түрге байлығын көрсетеді. Жоғарыда біз Абайды күшті ақын, тәгіліп, тасып отыратын ақын деп едік. Абайдың сол ақындығы, таусылмайтын бұлақ екені осындай өлең түрлерінде де көрінеді. Сондықтан біз Абайды қазақ поэзиясына жаңалық кіргізген, жаңа түр берген, үйренерлік үлгі қалдырған ақын дейміз.

Абай ылғына поэзиямен ғана шұғылданды. Поэзия ішінде Абайдан басым сарыны лирика, сырлы өлең болды. Қазақтың Абайдан бұрынғы әдебиетінде де лирика көп орын алып келеді. Әсіреле қазақтың әйел мұңын жыр қылған немесе орыс отаршылығына қарсылық білдірген өлеңдерінде лирика күшті болатын.

Бұл жағынан қарағанда, Абай лирикасы қазақ поэзиясында жаңалық емес. Алайда, Абай лирикасы ескі әдебиеттегі лирика емес. Абайдың заманына қарай бұл жөнінде де азды-көпті қосқаны бар. Абай лирикасының бір ұшы қазақтың ескі әдебиетінде жатса, енді бір ұшы орыстың Пушкин, Лермонтовтарында жатыр. Бұл екі түрлі лирика – екі елдің, екі түрлі дәуірдің лирикасы. Бірақ Абайда осының екеуінің әсері бар. Абай екеуін де қоса білді. Абайдың қара басындағы, пікіріндегі ақындығындағы екіжақтылық оның сырлы өлеңінде де болды. Абайда торығу, жалығу, шаршау сарыны да болды. Сонымен қабат Абайда өзге тартатын, жұбататын сарын да болды.

Абай лирикасының екі жақты, екі түрлі болып келуі оның таптық жолына байланысты. Біз жоғарыда, Абайдың шаршауының өзі ескілікті көксегендіктен емес, жаңалықты іздегендіктен, соған жете алмағандықтан деп едік. Абай лирикасындағы торығу сарынын да осылай бағалау керек.

Абай лирикасында жеке адамның мұны мен әлеумет тілегі араласып жатады, Абай қара басын сол көп үшін, жұрт үшін жылатады. Өлеңмен өлердегі сырын айтады. Абай сырды жүрек, сезім, сананы «түгел аралайды». Адамның ішіне кіреді, жанын қозғайды. Бұл жағынан қарағанда, терең сырлы, ішкі сырды қопаратын лирика қазақта Абайдан басталды деуге болады. Біз Абайдың ақындығын сез қылғанда, көбінесе, оның жаңалығын, поэзияда жасаған үлгілерін айттық. Абайдың осындай жаңалықтары, өз заманында жақсы үлгілері болғанымен, кемшіліктері де аз емес. Абай поэзиясындағы ең үлкен кемшілік – Абай күнбекүнгі тұрмысқа ғана сыншы болды, көп өлеңі қысқа үтіт, өситет ретінде ғана жазылды. Абайдың сырлы өлеңдері де осы белден ұзамады. Үлкен поэма, терең,

толымды, тұлғалы, жақсы, жаман образды күрдели өлеңдерді Абай жазған жоқ. Кесек поэма, өлеңдерді Абай басқа ақындардан аударуға кірісken. Бірақ бұлары да бітпей қалған. Абай сықылды үлкен таланттың кесек нәрсе жазбау себебі не? Біздіңше ең үлкен себебі, Абайдың әдебиетке кеш қатысуынан, мезгілін өткізіп алғандығынан дейміз. Абай екі сөзінің бірінде өзінің кеш оянғанына, өнерге кеш қол серметеніне өкінеді, қынжылады. Осынысы Абайдың шыны. Абай кеш оянады. Өнер білімге сақайған соң ғана қол созды. Қартайған Абайдың уысына білім түгел түспеді. Абай қанша көп оқып, көп тоқыса да надандықтан, шала білімділіктен құтыла алмады. Абайдың ойға алғаны, қөзделегені тілегені көп болды. Бірақ қолы қысқа, білімі тайыз болғандықтан, көбіне жете алмады. Оның үстіне Абай өскен ортасынан, елінен де «көтбастыны» көп көрді. Жалғыз болды. Осының аяғы барып, Абайды кейде жылатты, мұн-зарға салды.

Абай – самородок, қарадан оқымай шыққан талант. Бірақ оның заманы, өскен ортасы, алған тәрбиесі, шыққан тегі – бәрі де Абай таланттың өсірерлік болмады, қайта өшіруге тырысты. Сондықтан Абай сынды ақын құлашын жая алмады. Көсіліп отырып, кеңінен талғап, терең, үлкен темалы кесек поэзия жасай алмай кетті. Абай арманда кетті.



## Қорытынды

Жоғарыда біз Абайды ұлтшылдар сөзде көтерсе де, іс жүзінде бүрмалады, өздерінше Абай сезін кесіп-пішті дедік. Кей мәселелерде Абайды кері тартты дедік.

Ал бүгінгі қазақтың жаңа жұртшылық қазақ еңбекшілері, коммунистері – біз қалай Абайды пайдаланамыз? Абайдың қазақ еңбекшілеріне берері не? Біз, әрине, ұлтшылдарша Абайды бұзып-жармаймыз, Абай - бізге мұра, ескінің асылы, ескірген байлығы. Абайды біз түгел аламыз. Сол түгел келген Абайдың біз жақсысын да, жаманын да қалың еңбекшілерге жасырмай түгел айтамыз. Абай сықылды өз заманында қазақты ілгері бастырған тарихи адамның, үлкен талантты ақынның жазғанын бір жағынан өткен өмірдің айнасы, тарихы деп қарасақ, екінші жақтан - Абайдың әлі күнгі ескірмеген шындығын, әдемілігін жоймаған образды асыл сөздерін бүгінгі жұртшылыққа да үлгі қыламыз. Қалың еңбекшілерге ұғындырамыз. Абайдың XIX ғасырдағы сасық, арам байды, аш биді, қу старшынды, сұм тілмаш-переводчиктері, өтірікші молда-ишанды сынаған сырлы, асыл сөздері бүгінгі заманда да ескіре қойған жоқ. Осылардың көбі қазақта әлі бар. Осылардың кейбіреулерінің «аты» өзгерсе де, «заты» қалғандары бар. Тіпті, кейде Совет тонын киіп алып, ескі болыс, тілмаштың, аш би, қу старшындардың ісін істеп журушілер бізде аз ба? Міне, осындай ескі заманның қалдықтары – әлі өліп бітпеген көзі тірі сұмырайларға айтқан Абайдың өткір тілді қатты сыны – жаңа жұртшылыққа да қолғабыс береді, көмек көрсетеді.

Жасыратыны жоқ, осы күнге дейін Абайды ойлағандай пайдалана алмай келдік. Бұдан былай бұл

кемшілікті жою керек. Құр Абайдың жазғандарын толық жинап бастырумен оны толық пайдаланғандық табылмайды. Абайды құнбе құнгі үтіт-насихат жұмыстарымызда да пайдалана білу керек. Клуб, кітапхана, мектептерде Абайдың үлгілі сөздерін неге жабыстырмаймыз? Абайдың өтірікші молда-ишандарға айтқандары – бүгінгі құндерде де пайдаланатын сөздер ғой! Абайдың бай туралы әсіресе қазақ байының арамдығын, мал үшін арын да, жанын да, ағайын, жұртын да түгел сататындығын айтқаны да шындығын жоймаған, ескірмеген сөздер ғой. Абайдың оқу-білім, өнер-өлең, ән, күй туралы айтқандары да жұртшылық мәнін жоймаған үлгілі сөздер емес пе?

Абайдың осындай шындығын жоймаған, тауып айттылған, үлгілі сөздерін құнбе-құнгі үтіт насихат жұмысымызда пайдалана білуіміз керек. Қазақ ұтшылдары Абайдың мұндай сөздерін айтпауға, көпке таратпауға тырысты. Абайдың бай табының жамандығын – сұмдығын ашқан сындарын ұлтшылдар ұнатпады. Жаба тоқыды. Ал бізге – коммунистерге, қазақ еңбекшілеріне Абайдың алдымен керегі осы жағы.

Абайдың заманына, өсken ортасына, өзі шыққан табына берген сындары, біздің бүгінгі ісімізді, бай табымен, ескілікпен күресімізді ақтайтын, күштейтетін сындар. Бұл сындарымен Абай байдан гөрі бізге «жақын». Абай сындарының көздеген тілегі біздікі болмаса, нәтижесі, құяр жер біздікі – бізге қолғабыс беретін сындар. Бұл жағынан қарағанда, орыстың Гоголы, француздың Балзагы сықылды жазушылардың басында болған оқиға Абай басында да болды. Абайдың байды, биді, молда-ишандарды сынағандағы ниеті – осыларды мұлдем жоям деу емес – жақсылық жолға салам, түзеймін деу еді. Бірақ Абайдың осы

сындары, өзі олай деп ойламаса да, объективно бүтін байға, болыс биге, молда-ишандарға қарсы болды. Абай жазғанында мынау жақсы молда, жақсы бай, жақсы болыс деген бір үлгілі адам таба алмайсың. Абай заманында байдың бәрі сасық-арам мал үшін ар-ұятын, халқын сататындар, болыс би, тілмаш переводчиктері – шетінен паракор, шен құмар, молда-ишандары шетінен өтірікші, іші толған сұмдық, өңкей арамдар. Шынында да осылай емес пе еді? Болыс, бидің, переводчиктердің адалы болып пе еді? Орыс патшасына қол артқан қазақ байының, молданың арам емесі, мал үшін арын, жұртын сатпайтыны бар ма еді? Абай осы көзі көргенін ашып айтты. Өзгелердей бүркемеді, жасырмады. Абайдың ойы осыларды түзеу еді, ол осы оймен ғана сынады. Бірақ Абайдың осы өз табына ойлаған жақсылығы іс жүзінде – оның өлеңінде бүтін байға, төреге, молдаға қарсы болып шықты. Сөйтіп Абай өзі де сезбей жоғарғы біз айтқан сындарымен байлыққа, патшалыққа, дінге қарсыларға көмектесті.

Абай өнер-білімге сусын қандыра алмай кетті. Абайдың өскен ортасы надан болды, білімнің қадірін білмеді. Абайдың өзі білімділікті арман қылды. Кейінгі жастарға – оқы, үйрен, өнер тап деді. Абайдың осы сөзі де әлі ескірмеген сөз. Төңкерістен бұрын қазақтан өнер-білімге ұмтылған бірен-саран адамдар ғана болса, осы күні мың-миллион. Осы күні оқимын, өнер табам деушілер көп. Алайда, әлі де өнерге, білімге үгіттеу, өнер білімнің керектігін түсіндіру, қалың бұқараны түгел білімге, өнерге жұмылдыру жұмысы толық орындалған жоқ. Әлі де болса қазақ халқында надандық күшті, әлі де болса білімге жетіле алмай жатырмыз. Міне бұл жөнде де Абайдың үгіті, Абайдың талабы, ынтасты бүгінгі жұртшылыққа да үлгі болғандай.

Абай өлеңге, әнге айрықша мән берген. Бұл жөнінде өз заманында Абай қазақ санасында үлкен өзгеріс жасады. Абайдан бұрын өлеңді, әнді Абайша бағалау, қадірлеу болған жоқ. Бірақ Абайдың осы өлең, ән жөніндегі көздеген тілегін де бай билеп тұрған заманда орындауға мүмкін емес еді. Абайдың тілеген өлең, әнін жалғыз социализм заманында ғана жасауға болады. Бұл заманды Абай сезбеді, білмеді. Бірақ Абайдың талантты – көркем сырлы өлеңді, жағымды әдемі әнді арман қылдырыды. Сол Абай сықылды үлкен ақынның арман қылған өлең әнін енді ғана жасауға мүмкіндік туып отыр. Байлар табы емес, еңбекшілер табы ғана орындаі алатын болып отыр.

Абайдың қазақ тілін байыту жөнінде де еңбегі көп. Абайдың шешен тілі, өлеңіндегі образды сөздері біздің бүгінгі Совет әдебиетінде де үлгі болғандай, Қазақтың жабайы-қара сөзі мен терең сырлы образдар жасау, қыиннан қыстырып сөз үйқастыруды Абайдан үйрену керек. Абайдың бұл жағынан да үлгілері аз емес.

Абай – қазақ еңбекшілеріне көсем емес. Абайдың тегі де, тілегі де, заманы да бүтіндей басқа. Абай ескі өмірдің, өткен тұрмыстың адамы. Қазақ еңбекшілерінің көсемі, алдағы маңдайы бүтін дүние еңбекшілерін бастап отырған коммунистер партиясы, солардың көсемдері – Маркс, Энгельс, Ленин, Сталиндер. Біздің қолға ұстайтын туымыз, бетке ұстайтын маңдайымыз – осылар! Осылар бастаған коммунизм жолы – біздің алдағы арманымыз, бүгінгі істеп отырған ісіміз, жасап жатқан жаңа тұрмысымыз. Бұл жол – бүтін саналы дүние еңбекшілерінің жолы, тарих жолы. Бүтін адам баласын құлдықтан, зорлық-зомбылыштан, жоқтықтан, надандықтан, тап тартысынан құтқаратын жол – осы жол ғана. Осы жолдан қазақ еңбекшілері енді таймайды, ешқайда бұрылмайды. Осы жолға түскен соң ғана қазақ

еңбекшілері өткенін де, бүгінгісін де, келешегін де айқын көріп отыр. Өткенге де, бүгінге де, келешекке де шын ие, толық правалы қожа болып отыр. Сондықтан сол өткен өмірдің үлкен тарихи адамы Абайға да шын ие қазақ коммунистері, қазақтың саналы еңбекшілері ғана болып отыр. Осы жағынан қарағанда Абайдың тастан кеткен байлығына - сезі, өлеңіне, өмірі біткен келешегі жоқ ұлтшылдар, байлар ие емес, өркені өсіп, жаңа өмір, жаңа заман орнатып жатқан қазақ еңбекшілері, қазақ коммунистері ғана ие. Абайды осылар ғана толық ұға алады, осылар ғана дұрыс, толық пайдалана алады. Қазақ еңбекшілері заманы өткен, тап тілегі басқа Абайдың жаман жағын, кер тартпа байшылдығын қандай көре білсе, сонымен бірге сол Абайдың жақсы жағын да – қазақты ілгері бастаған игі істерін де көре біледі.

Абай сықылды үлкен талантты ақынды қазақ еңбекшілері өткен өмірдің бізге тастан кеткен үлкен байлығы, асыл мұрасы деп бағалайды. Сол асыл мұраның, заманы кетсе де маңызы ескірмеген асыл сөздерін, әдемі өлеңдерін қазақ еңбекшілері әлі де болса сүйсініп оқиды. Төңкерістен бұрын Абай өлеңдері Семейден аспаса, не бір-ақ рет (онда да түгел емес) басылып қазақ даласына тараса, енді сол Абай өлеңдері Совет тұсында әлденеше рет басылатын болады. Абай бұрын екі-үш мындалап қана тараса – енді он жұз мындалап тарайтын болады. Абайды бұрын аз ғана қазақ оқығаны ғана оқып білсе, енді мындаған, миллиондаған қалың бұқарасы оқып білетін болады.

## Қосымша

Ескі әдебиет мұраларын пайдалану жайында

Қазақ халқының өз тұрмысына лайық тарихы, әдебиеті бар. Мұның бәрі өткен өмірдің байлығы – бізге тастап кеткен мұрасы. Жаңа тұрмыс, жаңа өмір жасап отырған қазақ еңбекшілері қазақ халқының осы өткен тарихына, ескі әдебиетіне ие. Қазақтың өткеніне иеміз дегенде, «ата жолы» бізге тек мұра – өткен өмір. Бүгінгі заты, тегі, тілегі басқа жаңа дәүірдің, жаңа өмірдің баласы – өркені өсіп, үстем болып отырған қазақ еңбекшілеріне, хан, төре, бай-болыс бастаған байшылдық заманының заңы «ата жолы» әрине ұлгі-өрнек бола алмайды. Байшылдық заманың өзі де, жолы да бүгін адыра қалды. Тозуы жетіп әлдекашан адыра қалған ескіні жаңартам деушілер, не жамап-жасқап бүгінгі жаңа тұрмысқа ұлгі-өрнек қылам деушілер кері кеткен ескішілдердің ісі. Заманы өтіп, өмірі солып, таусылыш бара жатқан қазақтың байы, не соның жоқшысы – ұлтшылдар ғана ескілікті әлі де әжетке жаратам, не бүгінгі тілегіне лайықтап жамап-жасқап – «жаңартам» деп әлектенеді. Бұл бұлардың тап тілегі. Бұларға басқа жол да жоқ. Қазақтың ескі жолы бұлардың ата жолы – бұлардың өткені де, бүгінгісі де сонымен (ескілікпен) байланысты, жаңа жол – басқа жол бұларға жоқ, өйткені қазақ байының, ұлтшылдардың келешегі, ертеңгі өмірі жоқ. Бұлар заманы кетіп заманымен бірге өзі де бітіп бара жатқан тап. Қазақ даласында, бұрын – ғасырлар бойы заман иесі бай болса, қазір заман иесі – қазақтың пролетарияты, колхозы, еңбекші шаруалары, коммунист-комсомолы. Бүгінгі заман мен өткен бай бастаған заманың заты да (шаруашылығы, өндіріс қатынасы), салт-санасы да екі басқа. Ескі замандағы

бай бастап үстем болған салт-сана бай табымен бірге жоғалып барады. Бұгінгі коммунист партиясы бастаған қазақ еңбекшілерінің жаңа заманы – социализм заманы жаңа салт-сана, пролетариат салт-санасын тудырып отыр.

Қазақ арасында бұгінгі үстем салт-сана осы пролетариат салт-санасы. Бұл салт-сана ескіден құрылған, не ескіден жаңарған салт-сана емес – пролетариат салт-санасы ескі, бай бастаған салт-санана қарсы еңбекшілердің тап тілегінен, бұгінгі қолына билік алып үстемдік құрып отырған жаңа өмір, жаңа тұрмысынан туған салт-сана. Пролетариат салт-санасының көлемі де, тап тілегі де бай салт-санасынан бүтіндей басқа.

Бірақ бұдан бұгінгі жаңа сананың ескі салт-санамен ешбір байланысы жоқ, ескі өмірдің салт-санасын мулдем мансоқ қыламыз деген сөз шыға ма? Жоқ, шықпайды. Бұлай десек біз бұгінгі жаңа тұрмыстың иесі болмас едік. Үстем боларлық жаңа салт-санада жасай алмас едік. Ескісіз жаңа жоқ. Біздің бұгінгі жаңамыздың өзі «ескінің жемісі», екінші сөзben айтқанда кешегі бай бастаған ескі, байшыл тұрмыс, байшыл салт-сана болмаса біздің бұгінгі пролетариат бастаған социализм тұрмысы, пролетариат салт-санасы да болмас еді.

Атақты пролетариат көсемдерінің бірі Ф.Энгельс «Анти · Дюринг» · (Анти-Дюрингіге карсы) деген кітабында құлдық заманы туралы былай дейді:

«Бұрынғы қоғам – ру заманы ыдырап-тоза бастағанда барлық қалдықтарда да құлдық тұа бастайды. Кейін осы құлдық халық шаруасында үлкен орын алады – үстем шаруашылық түрі болады. Ескі ру-община тұрмысын жоюға да осы құлдық үлкен себеп болды. Өнерлі кәсіп пен жер кәсібінің екі бөлініп, еңбектің бұрынғыдан кеңірек ашалануы – жіктенуі де осы құлдық заманы

туған соң ғана мүмкін болады. Ескі грек тұрмысының еркіндеп өсуі де осы құлдықтың арқасында ғана болады. Егерде, сол кезде құлдық заманы (құлдар ұстауға) болмаса, грек мемлекеті де болмас еді, гректің көркем өнері (искусство), ғылымы да болмас еді, құлдық болмаса Рим де болмас еді. Ал Греция, Рим жасап кеткен негізді істері болмаса, осы күнгі Еуропа да болмас еді. Біз ешбір уақытта естен шығармауымыз керек, біздің барлық шаруашылық, саясат, салт-сана өзгерістеріміз, ұлгілеріміз бәрі де өткен заманың тұрмыстың туындысы, сол өткен заманда өз тұсына құлдық заманың болуы да қажет еді. Міне, осы жағын еске алғанда, біз өткен заманда құлдық болмаса, осы күнгі социализм заманы да болмас еді дей аламыз. Құлдық заманы жайында сөз қылған соң біз пікірімізді ашығырақ айтайық. Өз заманында құлдықтың болуының өзі үлкен ілгері басқандық еді. Бәлки біздің бұл сөзіміз кей біреулерге тым-ақ теріс сөлекет көрінер, бірақ шыны осы».

...Адам баласының өте анайы кезінде адам еңбегі тіпті аз болған – аз өндірген, ең аяғы өмір сүрге керек тамақтың запасыда тіпті аз болатын. Өндіріс күшін молайтып, сауданы күшетуге, үкімет, заң-законды өркендетуге, көркем өнерге, ғылымға негіз жасауға алдымен адам баласының еңбегін екі бөлу керек болады, адам баласы екі жікке – тапқа бөлінеді, бір жағы – көпшілік, бұқара – қара жұмыс істейтін болады, екінші жағы – азшылық, үстем болып, қара жұмыс қылатындарды басқарады, сауда қылады, үкімет жұмысында болады, кейін көркем өнер, ғылыммен де шұғылданады. Тұрмыстың өзінен туған ең бірінші жарықшак, еңбектің жабайы бөлінісі – осы құлдықтан басталды. Ескі заманың, әсіресе, грек халқының тарихи өсу жолында, сол кезде алғаш тап жігі туып,

бір-біріне тілегі қарсы екі таптың болуы – сол құлдық түрде ғана болуы мүмкін еді. Сол кездегі құлдардың өзінде құлдық заманың болуы ілгері басқандық еді (прогресс). Өйткені, құлдар көбінесе соғыста қолға түскен адамдардан болатын, бұларды құлдық жоқ уақытында не мүлдем өлтіруші еді, не сойып-жеуші еді, ал құлдық орнаған соң, құл қылып тірі қалдыратын болды». (Ф.Энгельс. –Анти дюоринг. Издание СОЦЭКИЗД 1931г. Стр 167)

Энгельстің құлдық заманы туралы осы пікірі кейінгі замандарға да айтылатын пікір. Марксшіл, лениншілдер, өткен тарихи тап заманың қайсысына болса да осындай тарихи затшылдық көзben қарайды. Құлдық заманы болсын, феодал заманы – бек заманы болсын, капитал заманы болсын, олардың бәрі де қолдан жасай қоятын заман емес. Бәрі де адам баласының белгілі тарихи өсу жолында, тұрмыстың, өндіріс-шаруашылық түрлерінің тілеуімен туған заман. Әрқайсысы өз тұсында керекті заман, адам баласын ілгері бастыруға себепші болған заман. Ру-община заманына қарағанда адам баласын құлдық заманы ілгері бастайтын заман болған. Құлдық заманынан көрі феодализм ілгері, феодализмнен көрі капитализм ілгері бастаған. Адам баласының тап тарихының өсу – даму кезеңдері осылай болған.

Қазақ халқы тарихына да біз осылай қараймыз. Қазақ еңбекшілерінің бүгінгі жаңа тұрмысы да бір күнде көктен түсе қалған жоқ – өткен өмірдің ескі тұрмыстың туындысы. Қазақтың бір кезде хан тәре, би, болыс бастаған байшыл тұрмысы болмаса, бүгінгі социалшыл тұрмысы да болмас еді. Көркем әдебиеттің өсу жолы да осындай. Қазақтың байшыл әдебиеті болмаса, бүгінгі түрі ұлттық, мазмұны социалды – пролетариат әдебиеті де болмас еді. Ескі мен бүгінгі жаңаның үштасып жатқан жері осы арада.

Қазақ тарихы әлі тексерілген жоқ, жазылған жоқ, бірақ бұл қазақта жазарлық, тексеріп-зерттерлік тарих жоқтығынан емес, сол бар тарихты жазатын кісінің жоқ болып жатқанынан. Бұған алдымен, біз – қазақ коммунистері кінәліміз. Тұтас үлкен тарих жазубының түрсын, тарихқа керекті ескі тарихи материалдарды жинауга да соңғы уақытқа дейін селсоқ болып келдік. Өзгені қойып, осы әдебиет мұраларын алсақ та әлі істемеген жұмысымыз ұшақ теңіз. Көбіміз қазақтың ескі әдебиетін білмейміз. Қанша асыл әдебиет байлығы ұмытылып барады, қанша байлық жиналмай, жарыққа шықпай, басылмай жатыр.

Қазақ сықылды жазылған, сұрыпталған тарихы жоқ халыққа өткен өмірді білуге – ескі әдебиеттің маңызы тіпті үлкен. 400-500 жыл қазақ халқы баспа сөзсіз болды. Мұндай баспа сөзі болмаған елде, тарих жазуда ескі әдебиет негізді бір материал. Шынында да, қазақтың өткендегі ру заманын тексеремін, білемін деген кісінің – рушылдық заманынан қалған әңгіме, ертегі, мақалдары жинамасқа, зерттемеске лажы жоқ. Өткен рушылдық заманың бүтінгі бізге тастап кеткен мұрасы халықаузында қалған азды-көпті мақал, әңгімелер ғана. Қазақтың бергі хан, төре билеген феодализм тарихын білемін деген кісі – амалсыздан қазақтың ескі әдебиетіне «бас иеді» - өйткені қазақша басқа дерек жоқ. Қазақтың ескі әдебиетін тексермеген, білмеген кісі, қазақтың тарихын да толық біле алмайды.

Шынында қазақтың ауыз әдебиеті – қазақ халқының негізгі бір тарихи деректері. Фасырлар бойы бірден бірге қалып кейінгілерге жол-жора болып келген, топ жарғыш шешен билердің түрлі сөзі, сұрып салма ақындардың өрнекті өлендері, жалғанды жалпағынан басқан батырлардың жорық жырлары, елдің мұң зарынан шыққан жырау жоқтаулары, нақтылы тақпак сөздері,

мақал ертегілері – міне осылардың бәрі де тұрмыс айнасы, қазақ тарихының түйінді деректері. Осы ауыз әдебиетінде – қазақ халқының әр тап, әр дәуірдің тілегі, мұң-зары, идеалы жазылып, тізбектеліп жатыр. Бұл үлкен байлық. Халық әдебиетіне дүние еңбекшілерінің көсемдері – Маркс, Энгельс, Лениндер де ерекше баға берген. Маркс бірсыныра тарихи деректерді ескі грек, рим тұсындағы ауыз әдебиетінен тапқан. Маркстің ғылыми кітаптарында ескі әдебиеттен, әсіресе, грек, рим ауыз әдебиетінен келтірген деректерді көп кездестіруге болады. Энгельс, Ленин жазбаларында да ескі әдебиеттен көп мысалдар – тарихи деректер кездеседі.

Былтыр Мәскеуде шығатын «Литературная газета» ауыз әдебиеті жайында жазған бір мақаласында Лениннің ауыз әдебиетке көзқарасын жазды. Совет өкіметінің алғашқы құрылған жылдары болу керек, бір күні Ленин Бонч-Бруевич жолдастан ескі өлең, мақал, ертегілердің жинақтарын тауып беруді сұрайды. Бонч-Бруевич тауып береді. Ертеңіне Бонч-Бруевичті көрісімен-ақ Ленин әлгі ескі әдебиет жинақтарын оқығанын айтады. «Мен қарап шықтым. Мына материалдарды (ескі әдебиетті) сұрыптаپ, талдаушы, зерттеуші адамның қолы тимегендігі көрініп тұр. Егер де сондай адам болып, зерттеуге, топшылауға кірісіп мына материалдарға (ескі әдебиетке) сүйене отырып, қара халықтың тілектерін, мұң-зарын білерліктей қандай ірі-ірі ғылыми зерттемелер жазуға болар еді» - депті.

Бір-екі жылдың ішінде қазақтың ескі (жазба-ауыз) әдебиеті де жинала бастады. Кейбір нұсқалары басылып та шықты. Тегінде бұл өткен қатені түзеудің беті болар. Игі жұмыс!

Әзірge ескі әдебиет мұраларынан көзге түсkenдері – Сәкен жинаған, екі кітап болып басылған қазақтың батырлар жыры, айтыс өлеңдері, ертегі әңгімелерінің жинақтары, Сұлтанмахмұт Торайғырұлының өлең жинағы, онан соң Абайдың әңгіме, өлеңдерінің толық жинағы. Бұл төрт кітап қазақтың өткен өміріп білуде, қазақтың әдебиетпен танысусында үлкен байлық. Басылмай, жиналмай жатқан осылар сықылды әдебиет мұрасы бізде әлі көп. Ендігі міндет тарихи маңызы бар ескі әдебиет мұраларын түгел жинап, сұрыптаپ бастыру керек. Ертеде шала жазып жиналышп, басылған, осы күні ұмытылып қалған, қолға түсіре алмайтын әдебиет бар, не тек ел аузында қалып, әлі де жиналмай ұмытылып бара жатқан әдебиет бар, міне осылардың бәрінде тандап, тарихи маңызы барларын түгел басып шығару керек.

Ескі әдебиет мұрасын пайдалану керек, бастыру керек деген сөз бұрында талай рет сөз болған. 1922-1924 жылдарда Ташкент, Мәскеу баспаларында біраз ескі әдебиет нұсқалары да басылып та шыққан. Сол кезде қазақ коммунистері арасында бұл жұмыс сез де болған. Хан, батыр, би заманын жыр қылған ескі өлең-ертегі, мақалдарды бастырып керегі жоқ деушілер де болған. Осы сөзден кейін баспа орындарымыз ескі әдебиет нұсқаларын басуды доғаруға айналған.

1925 жылдардан 1931-1932 жылдарға дейін ескі әдебиеттен мардымды ештеңе басылған жоқ. Осы алтыжеті жылдың ішінде біз бірсызыра әдебиет мұраларынан айырылып қалдық: жоғалды, бытырады, ұмытылды. Ең аяғы Шәңгерей, Омар Қарашұлы сықылды бертінгі заманың ақындарын да толық жинай алмай отырған тәріздіміз.

Ескі әдебиеттегі жинап-бастыруға біз келешекте де екі түрлі қырсықты пікірге жолықпақпыз. Өйткені,

тұрмыстағы тап тартысы әдебиетте де бар. Тап жауы әдебиетті әлі де өз керегіне жаратуға тырыспак. Қазақ ұлтшылдары Совет үкіметінің алғашқы жылдарында әдебиетті өздерінің тап тілегіне пайдаланып бақты. Бір жағынан ұлтшылдық-байшылдықты көркем әдебиет арқылы өздері таратты, өздері жазды. Екінші жақтан – бұлар ескі әдебиетті де пайдаланды. Ескі батырлар жырын, ескі өлең, әңгіме, мақал, жоқтауларды бүтінгі күннің тап құралы қылуға тырысты. Халел Досмұхамедұлы, Әлихан Бекейханұлының ескі әдебиетпен шұғылданғаны әлдеқалай жұмыс емес еді, бұл да тап жаулығы бір түрі, бір әдісі еді. Ескі әдебиетті жинап-бастырган болып, бұлар ескі әдебиетті қазақ окушыларына өздерінше ұғындырыды. Астарлап байшылдық, ұлтшылдық пікірлерін өткізуге тырысты. 1922-1924 жылдарда ескі әдебиеттің жиналыш-басыла бастауы игілік жұмыс еді. Бірақ осы игілік жұмысты коммунистер өзіміз бастамай ұлтшылдардың қолына беріп сол тап жауының пайдалануына мүмкіндік бергеніміз – үлкен саяси қате еді.

Сол кездегі баспасөз басында отырған қазақ коммунистері, не өздері ұлтшылдықпен ауырды, ескі әдебиетті ұлтшылдарша ұғынды. Ескі әдебиетте сыншы бола алмай, «мұншы» болды, әдебиет жинақтарына «сөз басты» ұлтшылдар жазды. Ескі әдебиетті түсіндіруші, талқылаушы да осылар болды. Бәрін қолына емін-еркін берген соң ұлтшылдар аянсын ба? Жан салып пайдаланысты, ескі әдебиетті өздерінше ұғынуға тырысты. Міне қате осында еді. Әңгіме, ескі әдебиетті жинап бастыруда емес (бұл сол кезде де керекті жұмыс еді) әңгіме, ұлтшылдардың ескі әдебиетті тап құралы қылғанында еді. Біз осыған қарсы болуымыз керек еді. Ескі әдебиетті Совет адамдары, қазақ коммунистері өз қолдарына алып, өздері басқарулары керек еді. 1922-

1924 жылдарда қазақ коммунистері мұны істей алмады. Біркелкі жолдастар жоғарыда айтқандай, өздері ескінің «мұншысы» болды. Ескі әдебиетті ұлтшылдарша ұғынды. Енді біркелкі жолдастар-ұлтшылдарға қарсы болуды ескі әдебиетке қарсылыққа айналдырыды. Ескі әдебиеттің қазақ еңбекшілеріне зиянынан басқа ештеңесі жоқ деген пікірді жайды.

Ескі әдебиетті ұлтшылдарша ұғынып, ескі әдебиеттің «мұншысы» соқыр құлы болғандар, партия жолының өнін ондырған өңкей оңшылдар еді, ал ескі әдебиетті мұлдем мансұқ қылушылар, партия жолын солға бұрган содырлы солшылдар еді. Бұлардың екеуі де партия жолына қарсы уклоншылдар еді. Осы екі қыңыр пікірдің сарқыны әлі де жоқ емес. Ендігі жұмыс – бұдан былай мұндай қыңыр пікірлерге жол бермеу керек. Ескі әдебиет мұраларын қазақ коммунистері, Совет жазушылары сұрыштап әрқайсысының маңызына қарай тиісті түсініктер беріп, коммунист көзімен сынай отырып бастыру керек.

Ескі әдебиет мұраларын сынуда, зерттеп тексеруде қазақтың Совет жазушы-сыншылары алдында көп жұмыс бар. Жұмыс істеймін деген кісіге үлкен-үлкен ігі, ғылыми жұмыстар бар.

Қазақта жазба әдебиет тіпті бертін басталды. Баспада басылған әдебиет төңкерістен бұрын тіпті аз болды. Осыған қарап, қазақта әдебиет мұрасы жоқ деген пікір бар. Осы дұрыс па?

Қазақтың ауыз әдебиеті бай дейміз. Қазақтың ауыз әдебиеті бай екендігін зерттеген орыс мамандары да айтады. Бай дегенде қандай әдебиет түрлері бай, қандай себептер болған, ауыз әдебиеті деп жүргеніміздің ішінде жазба, саралы үлкен әдебиетке қосылатындары жоқ па, қазақтың ескі әдебиетінде қазақ түрмисынан туған қандай өзгеліктер бар, қазақ эпосының тарихи

шындығы қандай, әдеби маңызы қандай, айтыс, жырау, жоқтаулардың әдебиеттегі орны, қазақ тарихының ұлы кезендері ауыз әдебиетіне қандайәсер берді, із қалдырды, тағы, тағы осы сықылды іргелі ұлылы-кішілі тарихи, ғылыми, әдеби маңызы бар мәселелер толып жатыр. Осыларды неге көтермейміз? Осындай томаға түйік жатқан қараңғы мәселерді неге зерттемейміз, неге ашпаймыз? Ескі мұраны дұрыс пайдалана білудің түп тамыры осындай ғылыми зерттеу жұмыстарда жатқан жоқ емес пе?

Қазақ сықылды ауыз әдебиеті бай халық Совет одағында көп: қырғыз, кавказ, сібір халықтарының да ауыз әдебиеті бай. Егер де осындай елдердің бәрінде де Совет жазушы-сыншылары ескі әдебиетті Маркс, Ленин жүйесімен зерттеп, тексеріп білсе, таптық, тарихи сырларын ашса, әдебиеттегі, тарихтағы осы ауыз әдебиеттің түр-түрлерінің орнын анықтаса, бүтін дүние әдебиетіне ортақ, ұлгілі жұмыстар істелген болар еді. Қырғызда «Манас-Семетей» деген эпос бар. Осы эпос неше ғасырлар бойы қырғыз тарихымен бірге жасап келеді. Бірден бірге қалып халық аузында әлі де ұмтылмай айтылып келеді. «Манастың» көлемі 100 табақтан артық болса керек. Осы эпос әлі күнге дейін басылған жоқ, ешкім мұны зерттеген жоқ. Шынында, «Манастар» бүтін дүние әдебиетіне ұлғі болатын ескі әдебиет нұсқасы емес пе? Қырғыздың «Манасы» тәрізді ауыз әдебиетінің нұсқасы қазақта да бар.«Қозықөрпеш-Баян», «Қызжібек» сықылды үлкен поемалар, «Қобыланды», «Ертарғын», «Едіге» сықылды батырлар жыры-міне бұлар да ескі әдебиеттің маңызы бар нұсқалары. «К критике политэкономии» деген кітабында Маркс көркем өнер туралы мынадай пікірді жазған еді:

«Көркем өнердің кейбір өркендеу дәүірі халықтың (қоғам) жалпы өсу сатысына, сонымен бірге, сол халықтың тұрмыс кілті болған шаруашылық негізіне дәлме-дәл, сәйкес бола бермеуі мүмкін... Мысалға осы күнгі халықтар мен гректі, не Шекспирді салыстырсақ болады. Көркем өнердің кейбір тұрлери, мысалы эпостың сол өзінің тарихта белгілі, дәуір жасаған нағыз үлгілі турінде, қазіргі заманда, көркем өнер шын мәнісінде де толық өркендеген кезінде болмайтындығына осы күні жұрттың бәрі қол қояды. Тегінде, көркем өнердің кейбір маңызды үлкен тұрлери адам баласының мәдениесті өте төмен сатысында тұрған кезінде ғана болатын көрінеді. Көркем өнердің жеке кейбір тұрлери мынадай болғанда, жалпы көркем өнерді бөлектемей тұтас алғанда осылай болатындығына таңдануға болмайды. Бұл қайшылықты жалпылап топшылауда ғана қындау соғады. Бірақ әрқайсысын (әдебиет тұрлерін) жеке жеке алып тексергенде, түсіну оп онай. Мысалға қазіргі дәуір мен грек көркем өнерін жә Шекспирді салыстырып көрейік. Гректің көркем өнерінің тетігі, тұп тамыры, грек мифологиясымен байланысып жатыр. Осы күнгі темір жол, селпактор, локомотив, электр, телеграф заманында өткен заманда жаратылысқа, әлеумет тұрмысына грек фантазиясынан (қиялыштан) туған пікірлер болуға мүмкін бе? Мүмкін емес. Осы күнгі заманда Робертсет тұрғанда вулканға орын барма, громотовт тұрғанда юпитерге орын қалама? Гребит мобилер тұрғанда Геркулеске орын қалама? Әр қашан мифология жаратылыс күшін қиялмен, оймен ғана ұйыстырып бағындырады, жеңеді, ал бертін келген соң жаратылыс күшін білім мен, іс жүзінде жеңген кезде - адам баласы жаратылысқа тұрмыста өзі шын қожа болған кезде, мифология өзінен өзі жоқ болады».

Осы пікірін толықтыру үшін Маркс тағы былай дейді: «Қазіргі дәрілі, оқты мылтық шыққан кезде Ахиллестей адам бола ма? Қазіргі баспахана, басатын станок, мәшинелер тутан заманда «Илиада» сықылды эпосты болар ма? Баспа сөз мәшинелерімен бірге, бұрынғы эпосты тудыратын жағдай бәрі де жойылып, сонымен бірге өзінен өзі ескі ертегі, жыр-өлеңдер, әндер де ұмытылып, жойылмай ма?

Шынында грек өнерінің әсіресе, эпостың әлеумет сатысының белігілі бір түрлері мен байланысты екенін білу қыын емес. Қындықтың басталатын жері, сол ескі әдебиет түрінің әлі күнгі көркемдігін жоймай, бізді қозғап, қол жеткізбей үлті өрнек болуының мәнісі не, осының сырты қайда жатыр - міне осыны біле қою қыын.» (К. Маркс -К критике политэкономии (Введение) ИМЭЛ Госиздат 1936. Стр 80-82)

Маркстің осы сөздерінде көп мағына бар. Қазактың ескі әдебиетін, әсіресе, ауыз әдебиетін-батырлар жырын, халық эпостарын тексергенде Маркстың жоғарғы айтқандарын ескермеуге болмайды. Қазақ әдебиетінің осы күнге дейін қаранды, жұмбақ болып келген бір сыпра мәселелерін Маркстың жоғарғы грек әдебиеті, онан соң Шекспир жайында айтылған сөздері ашып береді.

Қазактың эпосын да бүгінгі ақындарымыз жаза алмайды. Өйткені ол эпосты тудырған жағдай бүгін жоқ. Қазактың эпостарында грек әдебиетіндегідей миф жасап, қиялға шарықтаған образдар аз емес. Қазактың ескі жырларындағы Қобыланды, Ерсайын, Тарғын, Шора, Едіге, Алпамыс сықылды батырлардың образы бүгінгі әдебиетте болмайды, болуы мүмкін де емес. Осылардың көбі тарихта болған адамдар. Бірақ, жырдағыдай болған адамдар емес. Жырда бұларға абайы адамға бітпейтін сипат береді, батырдың жеңбейтін

жауы болмайды, бармайтын жері болмайды. Батырдың өзі де, жолы да жүрттап үздік, ала-құла болып келеді. Ең аяғы бұлардың мінген аты да өзгеше «қасиеті» бар жануар болады.

Қобыландының Тайбурылы, Тарғынның Бозтарланы, Шораның Шұбары, Қамбардың Қасқасы - осылардың бәрі де тұрмыстағы бар жақсы аттар емес, бәрі де үздік жаратылған – тұрмыс та болмайтын ерекше қасиеттері бар аттар. Бұл сыйылды аттың образында бүгін жазуға болмайды.

Мұның бәрі әлде қалай бола қалған нәрсе емес. Жалғанды жалпағынан басқан, бір өзі мың қолды қыратын батырларда, арымайтын, талмайтын, қырық күншілік жерге бір күнде жеткізетін жүйрік аттар да – осылардың бәрі белгілі бір тұрмыстағана жасалатын образдар. Тапсыз ру тұрмысы ыдырап, құлданушы, құлдаушы, малды, малсыз, әлді-әлсіз туып құлдық заманы, онан бері келе феодал заманы туғанда соғыс - жауынгерлік күшейген кезде, жауды жену қара күшке, қуса жететін, қалша құтылатын жүйрік атқа тірелген кезде, пушка, пулемет, айроплан, темір жолдар жоқ кезде, адам баласы, жаратылыстың байлаулы-соғыс құлы болып жүргенде сез жоқ, мұндай батырлардың, тұлпарлардың образдарының болуы табиғи нәрсе. Грек әдебиетіндегі Ахилес, Геркулестері де осы сыйылды жағдайда, тұрмыста туған образдар.

Қазақтың ескі эпостары, батыр жыры, айтыс өлеңдері – осылардың бәрі де жоғарғы Маркс айтқан өз заманына қарай шыққан, белгілі бір тұрмысқағана лайық үлгілі әдебиет жүрнақтары. Басқа заманда болмайтын үлгілер. Бірақ осыларды біз әлі анықтағанымыз жоқ. Ғылым, жағынан зерттегеніміз жоқ. Патша заманында қазақтың ауыз әдебиетін жинаушылар болды: Радлов, Потанин, Диваев, Уалиханов, тағы басқа да осы сыйылды адамдар

қазақтың ауыз әдебиеті мен шүғылданды. Өздерінше түсіндірген болды, зерттеген болды. Бірақ бұлардың ескі әдебиетті жинап бастыру ретінде тарихи пайдалы еңбектері көп болсада, зерттеу, ескі әдебиетті ұғыну, ұғындыру жағынан бұлардың да істегені шамалы болды. Бұлардың бәрі де ескі әдебиетті жинағанына мәз болды, зерттеуге кіріссе, тек мақтауды ғана білді. Ескі әдебиет жұрнақтарына сүйеніп, қазақтың тарихын білу, қазақ арасындағы тап қайшылығын, әр таптың тілегін, тұрмыс салтын, әдет ғұрпын, әлеумет құрылышын айқындау деген мәселелер бұлардың ойына да кіріп шықлады. Сондықтан бұлардың зерттемелері де ғылымға сүйенген зерттемелер болмады. Ертегі жинаған ертегі әңгімелер ғана болып қалды.

Қазақ коммунистерінен соңғы жылдарда қазақтың ескі ауыз әдебиетімен шүғылданған Сейфоллаұлы Сәкен. Сәкен ескі әдебиеттіңекі үлкен жинағын бастырып шығарды. Бірінші кітабында қазақтың ескі әңгімелері, ертегі, тақпак, мақал, жырау, жұмбақтары-айтыс өлендері, билер сөзі, батырлар жырларының нұсқаларын келтіреді, өзінше тексереді-қай заманда, қай елде болғандарынан мағлұмат беруге тырысады. Екінші кітапта бір сызыра батырлардың жырын жинап бастырды. Сәкеннің бұл жинаған ескі әдебиет мұраларының маңызы үлкен. Екеуінде де көп материал бар. Қазақтың тарихын жазамын, ескі тұрмысын білемін, шаруашылығын, әдебиетін тап тартысы қатынастарын зерттеймін деген кісі Сәкен жинаған ескі әдебиет мұраларынан көп мағлұмат, көп дерек табады. Міне бұл жағынан қарағанда Сәкен бұл екі жинағы мен қазақ қультурасына үлкен еңбек сінірген.

Бірақ Сәкен ескі әдебиет мұраларын жинауда көп еңбек сінірсе де, сол жинаған әдебиетті Маркс ғылымына сүйеніп зерттеуде, ұға білуде, қалың қазақ

еңбекшілеріне тап сырын, тарихи маңызын, тарихи орынын түсіндіре білуде ойлаған жерден шыға алмаған. Сәкеннің бірінші кітабындағы ескі әдебиет нұсқаларын әсіресе батырлар жырын, мақал, тақпақ, жырау, жоктау өлеңдерін, билер сөзін тексергенін оқығанында ештеңе біле алмай шығасың. Марксшылдық сынды көре алмайсың. Кітап материалының жөндеп сұрыпталмауын, әр дәуірдің, әр түрмисстың салт-санасын көрсететін әдебиет мұраларының араласып бір біріне қосылып-сапырылысып жатқанын, Сәкеннің өз пікірін жазғандағы тілінің дәкірлігін, көп жерде бір сөзді, бір пікірді әлде неше рет қайталай беретіндігі, онан соң кітаптың баспа орындарынан болған толып жатқан кемшіліктерін - осылардың бәрін еске алмай, тек Сәкеннің тексеруін-сынын ғана алып қарағанда да кітапта кемшілік көп. Сәкен, ескі әдебиетті ерінбей жинаса да, жинаған соң зерттеуге, ғылыми жағынан тексеруге ерінген көрінеді. Асықпау керек еді. Маркс-Ленин ғылымына сүйене отырып, қазақ еңбекшілеріне ескі әдебиет нұсқаларының әр қайсысын саралап, терендей түсіндіру керек еді. Әдебиет деректерінің сол тұсындағы қандай өндіріс қатынастарын, тап қайшылықтарын, қандай өзгерісті сүйреттегенін, ескі әдебиеттегі түрлі образдардың таптық сипатарын, тарихтағы маңызын, бүтінгі жаңа түрмистағы орынын – міне осылардың бәріне де марксшіл сыншы жауап беру керек еді, окушыларға түсіндіру керек еді.

Сәкен сынныңда бұл мәселелер тіпті күнгірт қалады – ашылмайды. Сәкен ескі әдебиет мұраларын жалпы шолған жерінде болсын, жоқ жеке өлең жырды, мақал, ertegілерді сөз қылғанда болсын – солардың тап сырын аша-алағанда текбір екі ауыз сөз бен жалпылап өте шығады – «міне мұның бәрі рушылдық заманында, ру басындағы үstem тап ру басшылары, бертін келе байлар

батырлар, сұлтандар, хандар, таптарының үстемдік күрған салт-санасымен болған» (Сәкеннің қазақ тарихы, қазақ арасындағы тап қатынастары жайында даулы пікірлері толып жатыр. Бұл өз алдына сөз. Мұнда ол жайында сез қозғап отырғанымыз жоқ. F.) деп қоя салады. Және осы сықылды сөзді Сәкен бәріне де айтады. Ескі әдебиет нұсқаларын не жеке алыш, не жалпы шолып тереңдеп тексермейді. Бұл әрине үлкен кемшілік. Бұл кемшілік әлі де болса, ескі әдебиет мұрасын дұрыс пайдалана білмегенімізді көрсетеді.

Қысқасы ескі ауыз әдебиетін марксшылдық ғылым жолмен зерттеп білу, қалың еңбекшілерге Маркс-Ленин көзқарасына сүйеніп түсіндіру жайынан біз әлі кейін жатырмыз. Истелетін, істей алатын, жұмыстарымыздың әлі оннан бірінде істегеніміз жоқ. Сәкен құрастырған жинақтар тек үлкен жұмыстың басы ғана. Ескі әдебиет мұраларын жинап бастыру үлкен жұмыстың оңай жағы, қыны - сол ескі әдебиетті Маркс көзімен ұға білуде, сынап тексеріп өзгеге ұғындыра білуде. Біз осы жағынан, жасыратыны жоқ – «төрт аяқтан» түтел ақсап жатырмыз. Бұдан былай осыған көңіл бөлуіміз керек. Бұл жұмыс бірер адамның ғана жұмысы емес, бұған бүтін Совет жүртшылығы болып, әсіресе, қазақтың тарихимен, шаруашылығымен, әдебиетімен шүғылданып жүрген жолдастар түтел жұмылуы керек.

Ескі мұрағақазақтың 19-20ғасырларда туған қазақтың байшыл жазба әдебиеті де кіреді. Қазақтың байшыл жазба әдебиетін жасаған Абай, Ахмет, Шәнгерей, Омар Қарашұлы, Шәкәрім, Міржақып, Ақмолда, Сұлтан-Махмұт сықылды жазушылар да бізге ескіден қалған мұра. Бұларды да сынап тексеру алда түрған жұмыстың бірі. Ауыз әдебиетке қарағанда ескі жазба әдебиетті сынап тексеруде азды көпті ілгерілгендігіміз жоқ емес. Жақсы, жаман болсын бірсынша қазақ коммунистері

ескі жазба әдебиеті жайында мақалалар, кітаптар жазды. Жеке байшыл айқындарды тексерді. Олардың өлеңдеріне марксшылдық сын беруге тырысты. Олардың өлеңдерінде марксшылдық сын беруге тырысты. Алайда әлі де болса біздің осы сындарымыз жеткілікті емес, толық сындар емес. Әлі де болса бірсыпра сындарымыз толықтыруды, жаңалауды, терендегетуді керек қылады, бірсыпра сындарымыз қайтадан бастауды, түзетуді керек қылады. Қазақ коммунистерінің арасында ескі байшыл ақындар жайында даулы, талас мәселелер де аз емес. Откен жылдарда коммунистер сыннында жік қалдығының, оншылдық, солшылдық, ұлтшылдық пікірлердің ықпалдары да жоқ емес еді. Міне осының бәрі де марксшылдық сындарымыздың өркендеуіне әсер етті, бөгет болды.

Қазақстанда ескі байшылық тұсында болған асыра сылтау қазақ әдебиетін өркендету жұмысында да болды. Қазақ әдебиетінде болған, әсіресе, сол кезде, әдебиет жұмыстарын басқарушыларда болған асыра сілтеу қателіктері өз алдына бір үлкен әнгіме. Бұл арада оны сөз қылудың орны жоқ. Реті келгенде бұл жөнінде ерекше жазармыз. Менің бұл арада еске түсіре кетейін дегенім – ескі жазба әдебиет мұраларын пайдалануда болған асыра сілтеу еді.

Ескі басшылық тұсында бір келкі коммунистер арасында салт бола жаздауға айналған бір нәрсе - көз бояушылық еді. Ауылда болсын, ауданда болсын, өлкеде болсын көз бояушылықты құнбе құнгі жұмысында әдіс қылған, «жақсылық» деп түсінген қызметшілер көбейіп еді. Отірік цифр, отірік рапорт, отірік хабар - көз бояушылардың іс түрлері осылай болып келуші еді. Осы ауру жұқпалы ауру болды. Осы көз бояушылық ауруы біздің әдебиетшілерге де жүқті. Әдебиеттегі жалпы көз бояушылық, ескі әдебиет мұраларын

пайдалануда да болды. Мұндағы көз бояушылықтың түрі сырт көрінісі өзгелеу сықылды, бірақ заты, түбі-жайдағы «салт болуға айналған» көз бояушылықпен ағайындас бір еді.

Ескі әдебиет мұраларын сынаудағы көзге көріне қалатын көз бояушылықтың күрделі «ұлгілі» сипаттары - ескі мұраға қол сермей сөйлеу, ескі әдебиеттің үлкенін де, кішінің де, жақсысын да, жаманын да, бір ауыз сөз беру сынау-бәріне де тек байшыл, байшылдық деген үйреншікті бір сөз беру ғана баға беру. Қандай байшылдық, қандай ортаның, тұрмыстың әсері бар, қандай қайшылықтар бар, байшыл ақынның құбылысы өсуі, өзгерісі, ілгері басуы кейін жалтаруы, тарихтағы, әдебиеттегі орны, ұлгі өрнегі, қысқасы ақынның ақындығымен, өнерімен ұштасқан жанды, сырлы сезін, таптық мұң-зарын, қиялдын, өскен ортасымен тұтас алып, түгел тексеру, зерттеудің орнына, әр ақынның сезіндегі, тілегіндегі өзгешеліктерін ашудың орнына, бәріне де бір түрлі жел буаз, мағынасы аз, көпірмелі-жаттамалы сезізді жапсыра береді. Байқап отырсаң біздің көп сыншыларымыздың сынына қарағанда ескі әдебиеттегі ақындардың бірінен бірінің түк айырмасы жоқ, бір калыптас, ұштас, құбылысы, өзгерісі қайшылығы жоқ бір мінезді, бір сырлы» қатып қалған жандар. Шынында да осылай ма? Шынында бұлай емес. Ақын ойдын, сезімнің, қиялдың адамы. Тап тілегіне, өскен ортасына, қарай ақын аласұрады. Жан құбылысына, өзгерісіне түседі. Жасынды, тасынды, қуанады, қуарады. Қай таптың ақыны болсада бір қалыпта қалған, бір сырлы болған ақынды тарих білмейді. Бір қалыпты, бір сырлы ақын қазақта да жоқ. Тұрмыстағы, тап тартысындағы қайшылық ақынның өлеңінде де көп болады. Қайта жабайы тұрмыстағы тап қайшылығы ақын өлендеріне көбірек әсер береді, күшті ақындардың жан өзгерісі

шым шытырығы көп болып, жиіленіп жатады. Екінің бірі ақынның сөзіндегі бұл қайшылық сырларын көре бермейді.

Бұл сыншылардың, ақынды зерттеулердің міндеті. Көз бояушылардың мұндайлармен жұмысы болмайды. «Ауырдың үсті, жеңілдің асты» қылыш жалпылап соға береді.

Жуырда шыққан батырлар жырының (Сәкен қарастырған) екінші жинағына Қазақстан баспасы «сөз алдын» жазыпты. Соңда былай депті: «Бұл ескі әдебиеттің ауыз әдебиеттіңің онан барып жазу түріне түскендерінде, бұрын басылғандарында керек жерлерін материал үшін пайдалануды теріс көрмедік. Бұндайдың ішінде орынсыз асырынқырап мақтап батырларды күшті етіп, байды ханды артықша есті етіп, биді, абызды шешен етіп, батырларды көсем етіп дәріптейтін де талай жерлері бар: атты мақтаса да құстан озған жүйрік етіп, атты адам мен де сөйлестіретін жерлері бар, (мысал Қобыландының Тайбурылың мақтауы секілділер). Олардың бәрін рас деуге болмайды, шындыққа жана спайтын жерлері толып жатыр. Сонымен қатар дінді дәріптеп, түсті абыздан балгер, бақсының сөздерін шындыққа шығарып жырлайтындары көп ұшырауы мүмкін. Дегенмен біздің оқушылармыз олардың бәріне де марксшылдық сын көзі мен қарап, керекті жерлерінен ғана алыш материал үшін пайдаланулары керек. (Батырлар жырының жинағы. 1934ж. 1-2 бет)

Міне мұнын өзі біздің сындағы «стиль»! Әдебиет сынныңдағы көз бояушылықтың бір тер сипаты осылай болып келеді. Не айтып отырғанын сыншы өзі де білмейді, жұрт та білмейді.

Ескі әдебиет жайындағы өткен сындардың кемшіліктегін ашқанда алдымен сондағы осы көз бояушылықты жоюға кірісуіміз керек. Ауыз әдебиет

болсын, жоқ ескі жазда әдебиеті болсын - бәрі де Маркс ғылымымен тексеруді, зерттеуді, қалың бұқараға терендең түсіндіруді керек қылады. Ескі мұра болып қалған әдебиет нұсқаларының бәрінің де өзіне лайық тарихи маңызы бар, әдебиетте белгілі орны бар. Біз бүгін осы ескі әдебиет мұраларын құр жинап бастыруды ғана білсек, қалың еңбекшілерге пайда зиянын ашып көрсетпесек, терендең тарихи таптық сырларын тексермесек, сынамасақ, мұра деп бастырып отырған ескі әдебиетіміздің өзімізге қарсы тап құралы болып кетуі оп-онай. Мұны баспа орындарымыз осы бастан ескеруі керек. Әсіресе, қазір ескі әдебиет мұраларын көптеп жинап, түгел бастыруға кіріскеңде бұл міндетті естен шығаруға болмайды. Қандай ескі әдебиет мұрасын бассақта – бәріне де тиісті сыннымызды марксшылдық көз қарасынымызды қоса басуымыз керек. Оқушылар «керекті жерлерін өздері қарап пайдаланар деген» сөз тым арзан сөз, және зиянды сөз. Мұндай сөздер білгендейдіктен емес, білімге кедейлікten шығады. Мұндай «кедейлікті» енді жоюуымыз керек.

Ескі әдебиет мұраларын сынағанда, реттеп тексергенде марксшыл сыншылардың, тарихшы, әдебиетшілердің пікірлері бір жерден шыға бермес. Талас та болар, айтыс та туар жаңа пікір жаңа әңгімелер де қозғалар. Мұның бәрі табиғи нәрсе. Әсіресе қазақ сықылды әдебиеті, тарихы тексерілмеген түйік жатқан елде салған жерден төрт аяғы түгел толық марксшыл сынды жаза қою да оңай емес. Бірақ осының бәрін көре тұра, біле тұра, бұдан былай сыннымыздың, ескі әдебиет мұраларын зерттеудегі жұмысынымыздың сапасын қүшеттүге тырысуымыз керек. Қыншылықтан қашпай, қыншылықты жеңуге ұмтылуымыз керек. Көсеміміз Сталин айтқандай: «Большевиктер жұмылған жерде бітпейтін қыншылық жок».

## **Маэмұны**

Алғы сөз .....	3
Абайды әлі толық білгеніміз жоқ .....	7
Абайдың заманы.....	13
Абайдың өмірі, өскен ортасы, алған тәрбиесі .....	31
Абай өлеңдеріндегі қайшылықтар.....	41
Абайдың реализмі .....	58
Абай үлтшылдығы .....	69
Абайдың кедейге, бұқараға көзқарасы.....	83
Абай өлеңдеріндегі әйел мәселесі .....	89
Абайға орыс күльтурасының қандай әсері болды?.....	97
Абайдың ақындығы .....	121
Қорытынды .....	141
Қосымша .....	146

**Ғаббас Тоғжанұлы**

# **Абай**

**Монография**

Кітапты редакциялап алғы сөзін  
жазған және баспаға әзірлеген:  
ф.ғ.к., доцент Жолдасбек Мәмбетов

Латын әріпінен қазақша кирилл әріпіне  
түсірген және компьютерде тергендер:  
Гүлнұр Ерғалиева, Томирис Аралбай, Ұлбану Кемелхан

«Самба-пресс» баспаханасында басылды.